

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ,  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ  
ГҮЛСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**УЗАКОВ АКРАМ ХИКМАТОВИЧ  
УРАЗОВ БАГДАТ ТУЛЕПБЕРГЕНОВИЧ**

# **ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІ**

Жоғары оқу орындарының филология факультеті, 60111300  
Ана тілі және әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті); 60230100-  
Филология және тілдерді оқыту (Қазақ тілі) білім бағытының  
студенттеріне арналған оқулық

**“Ziyo nashr-matbaa” ХК  
Гүлстан - 2024**

КБК 83.3(543)  
УЎК 82.09(574/575)  
У 34

Узаков, А.Х. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы халықтары әдебиеті [Матн]: дарслик / А.Х.Узаков, Б.Т.Уразов.-Сирдаря: “Ziyo nashr-matbaa”, 2024.-216 б.

Бұл оқулық 60230100-Филология және тілдерді оқыту (Қазақ тілі); 60111500 – Ана тілі және әдебиеті “Қазақ тілі және әдебиеті” бакалаврият білім бағытында білім алып жатқан талапкерлерге арналған. Оқулық Гүлстан мемлекеттік университетінің (Хаттама № 1 ) 2023 жыл, 30 августтағы Кеңесінде талқыланып, бекітілген “Тәуелсіз мемлекеттер достастығы халықтары әдебиеті” пәнінің оқу бағдарламасы негізінде дайындалған болып оқулықта Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қалыптасуы мен қызметі, мүше мемлекеттердің тәуелсіздік алған кезеңнен бергі саяси экономикалық және әлеуметтік даму ерекшеліктері мәселелеріне басты назар аударылған. Әрбір тақырып соңында студенттердің өз бетінше орындау үшін сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Сондай-ақ пәнді оқытудың мақсат-міндеттері және студенттердің білімі мен біліктілігіне қойылатын талаптар да көрсетілген.

Оқулық жоғары оқу орындарының филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бағыты студенттері мен магистранттарына, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұалімдері мен әдебиет сүйер бүкіл қауымға арналған.

**Пікір жазғандар:** М. Маматқулов. Филология ғылымдарының докторы, (DSn) профессор. Гүлстан мемлекеттік университеті «Өзбек әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі.

Т. Төрткулбаева – филология ғылымдарының философия докторы.(PhD) Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика институты «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы доценті

Б. Қурбанов - филология ғылымдарының философия докторы, .(PhD) доцент. Гүлстан мемлекеттік педагогика институты «Өзбек тілі және тілдерді оқыту» кафедрасының меңгерушісі

ISBN 978-9910-792-81-6

© “Ziyo nashr-matbaa” ХК  
© А.Х.Узаков, Б.Т.Уразов

## Кіріспе



«ТМД халқтарының әдебиеті» пәні бойынша оқулық студенттерді КСРО орнына дүниеге келген ТМД-ның қызметі туралы жалпы танымдық мәліметтермен таныстыруға арналған. Оқу құралында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылу алғышарттары ретінде КСРО-ның қайта құру кезеңіндегі ішкі және сыртқы саясатының дамуы қарастырылады. Сонымен қатар, 1991 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі Достастықтың қызметі және мүше-мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық, ішкі және сыртқы саясатының даму ерекшеліктері жан-жақты талданады.

Қазіргі уақытта ТМД елдерінің әдебиеті мен тарихын зерттеу өзекті болып отыр. Тәуелсіз мемлекетіміздің бәсекелі елдердің қатарына енуіне, ең алдымен, ғылымның өркендеуі кепіл болады десек, бұл жерде отандық ғалымдардың да қосар үлесі мен алатын орны ерекше. Осы тұрғыда, ТМД-дағы мемлекеттердің әдебиетіне арналған ұсынылып отырған оқу құралы еліміздің отандық тарихнамасына елеулі үлесін қосатындығы күмән тудырмайды.

«ТМД халықтарының әдебиеті» оқу құралының басты мақсаты – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылу себептерін айқындау және Достастықтың пайда болуынан бастап, қазіргі уақытқа дейінгі қызметін және мүше-мемлекеттердің ішкі, сыртқы саяси даму заңдылықтары мен әдеби үрдісін ашып көрсету.

Оқу құралының мазмұны жоғарғы оқу орнында оқытылатын «ТМД халықтарының әдебиеті» пәнінің типтік бағдарламасына негізделген. Ол 1991 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейінгі әдеби достастықтың тарихын ашып көрсететін маңызды үш модульге бөлінген. Дербес барлық пәндер қатарында сөз өнеріне негізделген әдебиеттің шынайы табиғатын өзгертті. Біріншіден, әдебиет өз орнында шындық, жүйелілік принциптерін қолдану дағдысын қалыптастыра бастады. Екіншіден, әдебиет жалғыздықтың, зорлық-зомбылықтың, ұлттарды кемсітудің және бір ұлт идеологиясына қызмет етудің қаруы емес екенін дәлелдеді. Үшіншіден, ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік тегіне, шекара аймағына қарамастан, ойы нақтыланды. Нәтижеде жоғары және орта арнаулы оқу орындарының білім беру бағдарламалары,

мемлекеттік стандарттар толығымен жаңартылды. Онда ұлттық мұра, мәдениет, ұлттың өзіндік ерекшелігін көрсететін құндылықтар өздерінің объективті талдауларын тапты.

Сонымен, бұл пәнді жаңару нәтижелеріне қол жеткізіп, өмір сүріп жатқан Еркін Отанға үйрету қажеттілік бар ма? Бар. Біріншіден, біз ұлттар мен ұлыстардың бостандықтарына кепілдік беретін, қалаған ғылымдарды зерттеуге, саяси және экономикалық тұрғыдан рухани және білім беру арқылы нығайтуға мүмкіндік беретін ел құрып жатырмыз. Екіншіден, еліміздің барлық халықтарының өз дәстүрлері мен мұраларын жаңғыртуға, егжей-тегжейлі зерделеуге және насихаттауға мүмкіндігі бар. Үшіншіден, халықтармен тек экономикалық және саяси ғана емес, сонымен қатар ұзақ жылдар бойы келісімде сақталған білім беру майдандарында да берік байланыстар орнатылды. Әр түрлі іс-шаралар, конференциялар мен симпозиумдар біздің пікірімізді растайды. Төртіншіден, Достастықтың тәуелсіз елдері халықтарының бірегей және орынды осориатикасын, дәстүрлері мен мұрасын зерттеу біздің ойлауымызды байытады, әдеби коммуникацияның жаңа аспектілерін ашуға жол ашады. Шын мәнінде, әдеби байланыстар жүйесін сол кезде – Ғайбулла Салом, Натан Маллаев, Ажам Шерматов, Наджмиддин Комилов, Абдукадыр Хаитметов, Эркин Каримов, Лазиз Каюмов сынды Өзбекстанның ғалымдары қалыптастырды. Бірақ барлық айтылған ойлар мен идеялар қағазға оралып, баяндалды. Бесіншіден, уақыттың өзгеруімен жаңа нәрсе - жаңа идея, идеяны айту қажеттілігі туындады. Әрбір бауырлас халықтың әдебиеті бастапқы мәннен қол үзбей зерттелгенде, талданып және зерделгенде, бұл идеялар айқын көрінді.

Көп ұлтты мемлекетіміздегі мол әдебиеттік процестердің заңдылық бітім бағдарын танытпақ керек. Әдебиеттерді қатарынан тұтас зерттеу барысында ойдағыдай өрістеу үшін әрбір ұлттың мәдениеттік көлемде реализмнің өсіп дамып қалыптасуынан хабардар болу керек. Сонымен қатар, әрбір халықтардың өз әдебиеті өзіндік ерекшелігі болып саналатын ұлттық форманы сол халықтың тарихтық дамуы жолындағы ерекшеліктерімен тығыз байланыстыра зерттеу керек. Әдебиетіміздің ішінара байланыс қарым – қатынастарын олардың бір – біріне жақындаса арласумен қатар зерттеу дұрыс. Бұл жағдайды әдебиет тарихы ғылымының және бір зор мұраты деп санау керек. Осы ретте, ТМД елдерінің алдыңғы қатарлы әдебиеттерін

жақындықтарына орайлап, бірнеше топқа бөлуге болады. Сол топтар мысалы мыналар:

Бірінші Орта Азия және Қазақстан халықтарының әдебиеттері – өзбек, қазақ, қырғыз, түркпен, тәжік әдебиеттері. Екінші Кавказ халықтарының әдебиеттері – Грузия, Армения, Әзербайжан және сол түстік Кавказ халықтарының әдебиеттері. Сондай-ақ, үшінші орыс әдебиетіне жалғас, батыс славян халықтарының әдебиеті Украина, Белоруссия әдебиеті.

ТМД халықтарының әдебиеттерін салыстыра, толыстыра, зерттеген шақта әр халықтың ұлы – кішілігіне қарамай, өзінің ерекшеліктері, рухани байлығы бар екенін есте тұту шарт.

Бұған қосымша айтылатын негізгі бір жай – ұлттар әдебиетінің даму проблемасы бұрынғы төңкерісшіл-демакраттардың еңбектерінде де көрініс тапқан. Әрбір көркем өнерде ұлттық мазмұн болуы ерекше қасиет екенін ең әуелі Белинский атаған. Крылов, Пушкин, Гоголь ерекшеліктерін сипаттағанда Белинский оларды ең алдымен орыс халқының ұлттық жазушылары деп таныған. Осылайша кейде нақтылы салыстыра текеру жасап кейде ғылымдық зерттеу проблемаларын топтай атап отырып, осы оқулық көлемінде ТМД елдерінің әдебиеттерінің көркем ескерткіштерін қысқа, нақтылы түрде мағлұматтар береміз. Бұл деректерде біз осы ТМД халқтары әдебиетінің тарихтық жеке-жеке ескерткіштері мен жазушыларына, кейде нақтылы шығармаларына айрықша тоқтап өтеміз.

## I-Модуль.

### Орталық Азия және Қазақстан халықтары әдебиеті

Өзбек, тәжік, түрікмен, қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарының Орталық Азия мен Қазақстан жерінде ұзақ уақыт өмір сүрген әдебиеттерін қамтитын бұл топ экономикалық, әлеуметтік, саяси дамудағы ортақтықтан басқа географиялық тұтастыққа ие. Орталық Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің бірнеше ерекшеліктері бар. Біріншіден, бұл халықтар жазбаша әдебиеттің дамуына айтарлықтай оң әсер еткен халықтық ауызша шығармашылыққа бағытталған орасан зор мәдени дереккөзге ие. Екіншіден, бұрын да және қазір де әдебиетте проза емес поэзия жетекші орынға ие болған. Үшіншіден, бұл әдебиеттердің өзара ынтымақтастығы мен байланысы ұзақ тарихқа ие. Ұлы парсы-тәжік әдебиетінің қайраткерлері Әбілқасым Фердауси, Омар Хайям, Хафиз Шерозий, Саади Шерозийлер Орталық Азия халықтарының байлығы болып саналады. Немесе ұлы ұстаз Әлішер Науаидың шығармашылығы көптеген халықтар үшін керемет шығармашылық мектебіне айналды. Патша үкіметі өзінің қысымын көтерген кезде, бұл халықтар арасында бұрыннан қалыптасқан дәстүрлер мен құндылықтарға үлкен нұқсан келтірді. Реализм принципі және кейбір бағыттар осы халықтардың әдебиетіне күштеп енгізілді.

Кеңес үкіметі кезде достастық елдері бірінен соң бірі тәуелсіздік алды. Олар экономикалық және саяси жағынан ғана емес, рухани және білім беру жағынан да тәуелсіз болды. Өз бетінше, тіпті әдебиетте де жаңа бағыттар мен идеялар біртіндеп өрнек таба бастады.

## Өзбек әдебиеті

Фольклористика ғылымында ажыратылатын сан алуан түрдің қайсысы болсын өзбек ауыз әдебиетінен табылады: халықтың арманынан туған шытырман оқиғалы ертегілер, күлдіргі әңгімелер халық даналығы — мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары т.б.

Өзбек әдебиетінің ежелгі дәуірлерден басталатын ұзақ та қызықты тарихы бар. Әсіресе, халық ауыз әдебиеті мейлінше бай әрі түрлі жанрлы болып келеді. Ауыз әдебиетінде өзбек халқының тұрмыс-салтына байланысты жырлар – наурыз өлеңдері, бесік жыры, үйлену салтына, көктемде егін салу, күзде егін жинау мерекелеріне байланысты айтылатын өлеңдер, сондай-ақ мақал-мәтелдер, ертегілер, лиро-эпостық және батырлар жыры кең орын алған.

Орта Азия мен Қазақстанды мекен еткен басқа да түркі тектес халықтар әдебиетінде де кездесетін батырлық эпостардың ерлік бейнелері өзбек фольклорында жеке-жеке дастан түрінде жырланған. Олар: біздің эрамызға дейінгі VI ғасырда Орта Азия халықтарының шетел басқыншыларына қарсы күресін басқарған, әйелдер арасынан шыққан қолбасшы Томарис туралы «Томарис» дастаны, Дари I (521-485 ж.) патшаның әскерін барса келмес шөлде адастырып жіберіп, өз елін басқыншылардан қорғап қалған қойшы жігіт Шырақтың ғажайып ерлігін жырлаған «Шырақ» эпосы, ерлік пен махаббат тақырыбына арналған т.б.

Ауыз әдебиетінің бұл айтылған үлгілерімен қатар, халық басынан кешірген тарихи кезеңдердің елесі боларлық эпостар да өте көп. Өзбек ауыз әдебиеті, басқа елдерге қарағанда, эпикалық дастандарға бай. Олар бірнеше жүйеге бөлінеді: батырлық эпос: «Алпамыс», «Көрұғлы», «Жүсіп пен Ахмет», «Әлібек пен Бәлібек», тарихи поэмалар: «Шайбанихан», «Күнбатыр», романтикалық дастандар: «Рустамхан», «Күнтуғмиш», «Арзыгүл», «Ералы мен Шералы», кітаби дастандар «Уарақа мен Гүлшах», «Уамиқ пен Узро», «Тахир мен Зухра», «Малика Дилорам» т.б. деп жіктеп қарастырады.

Бұлардың қай-қайсысы болсын халықтың өткен тарихына, мәдениеті мен әдет-ғұрпынан, салт-санасынан мәлімет береді.

Ауыз әдебиетінің қай түрін алсаңыз да оның негізінде ел тілегі мен арманы жатады, одан оқушы қауым мағынасы терең ой-пікірлер табады.

Өзбек халқының жазба әдебиеті XV ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Гауаи, Атаи Саккаки, Дурбек, Хайдар Хорезми, Иусуф Амири, Ахмади ғазалдарынан бастау алады. Өз дәуірінің атақты шайырлары Ахмадидің «Музыка аспаптарының айтысы», Амиридің «Бәңгі мен Шарап айтысы», Лутфидің «Гүл мен Наурыз» дастаны өзбек әдебиетінің қалыптасуына да ерекше зор рөл атқарғанын кезінде Әлішер Науаи атап көрсеткен болатын.

Өзбек көркем сөз өнерінің әлемдік әдебиет аренасынан тиісті орнын алуға Лутфидің ұстаздан озған шәкірті Әлішер Науаи мол үлес қосқаны мәлім. Міне, осы ұлы Науаи бастаған игі дәстүрді XVI ғасырда жалғастырушы Захириддин Мұхаммед Бабыр болды.

Өзбек әдебиетінің алтын қорына XVII-XIX ғасырларда өмір сүрген Хорезми (1778-1829), Агаки (1809-1874), Надира (1791-1842), Увайси (1780-1850), Мұқими (1850-1903), Фурқат (1853-1909), Дилшад (1800-1905), т.б. ақындар қыруар үлес қосты. Солардың ішінде, әсіресе, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, өз ғазалдарын ағартушылық бағытта жазған Мұқими (Мұхаммад Алиходжа), Фурқат (Зәкіржан Халмухамедов) сияқты ақындар өзбек әдебиетіне жаңа леп ала келген еді.



## Әлішер Науаи (1441—1501)



Әлішер Науаидың өмірі Ақсақ Темір балаларының хандыққа таласып, жікке бөлініп жатқан кезіне тұстас келді. Бұл кезде Ғират, Самарқанд қалалары жеке-жеке орталық болып бөлінеді. Темір тұқымдары халыққа ауыр салық салып, бұл қалаларға салтанатты сарайлар, күмбездер тұрғызды. Жеңген елдерінен неше түрлі шеберлерді, қолөнершілер мен ұсталарды, оюшылар мен суретшілерді әкеледі. Еліне аты шыққан ғалымдар мен ақындарды да осы қалаларға алғызады. Сөйтіп, бұл қалалар білім мен мәдениеттің орталығына айналады. Түркі тілімен қабат араб, парсы тілдері де кеңінен пайданылады. Діни оқумен бірге философия, өнер, тарих, астрономия, география, есеп сияқты ғылым салалары молаяды. Темірдің немересі Ұлықбектің (Самарқанд әмірі) де ғылыми бағасын осы күнге дейін жоймаған «Астрономия таблицасын» жасаған тұс болатын. Білім мен өнердің ана тілінде жаңа арнада дами бастаған дәуірі де осы кез еді. Міне, осы тұста өзбек поэзиясына Әлішер Науаи да келіп қосылады.

Әлішер Науаи 1441 жылы 10 февральда Ғират қаласында туған. Ата-бабасы хан сарайында қызмет істеген ақсүйектер болады. Өз әкесі Ғиясиддин — жекелеген, қалалардың билеушісі де болған адам. Әлішердің балалық шағы сарай маңында бек балаларымен, оның ішінде кейін Ғираттың билеушісі болған Құсайын Байқарамен бірге өтеді.

Әлішер Ғират, Хорасан, Самарқанд қалаларында оқиды. Оның әр қалада оқуы сол тұстағы саяси жағдайға байланысты болады. Медреседе Әлішер Сағдиды оқып өседі. Сонымен қабат Фариддин Аттордың «Құстар әңгімесі» («Мантх-ут-таир») деген кітабы Әлішердің өте қастерлеп оқитын кітабына айналады. Кейін, ұлғайған шағында, өзі де «Құстар тілі» деген кітап жазады.

Өз заманының білімді адамы болған әкесі Ғиясиддин баласының оқуына, тәрбиесіне аса назар аударады. Көркемөнер, әдебиет пәндерін қызыға оқуға, араб, өзбек, иран әдебиеттерін терең түсініп, жете меңгеруге көмектеседі. Сол кездегі белгілі музыканттардан музыка үйренеді. Мұнымен қоса тарих, география, каллиграфия (хұснихат) пәндерін оқиды. Ерте оянған

талант Әлішерді жастайынан-ақ белгілі ғалымдардың, музыканттардың, әдебиетшілердің арасына әкеледі.

1456 жылы Әлішер Хорасан патшасы Әбілқасым Бабырға қызметке кіреді. Бұл тұста Әлішердің ақын деген аты Хорасан аймағына кеңінен тарайды. Өлеңдерін парсы және ескі өзбек тілдерінде жаза бастайды. 1457 жылы Бабыр хан өлгеннен кейін, Науаи ғылыми жұмыспен шұғылданады. Философия, есеп, дін кітабын оқып зерттей бастайды. Кейін таққа досы Құсайын Байқараның келуімен байланысты, ақын қайтадан сарайға келеді. Ол сарайда мөр сақтаушы, кейін уәзірлік қызмет атқарады. Бұл кезде Науаи ақындықпен қатар, саяси қоғамдық қызметпен де айналыса бастайды. Халқына пайдалы адам болмаққа талпынады. Ақын елін сауаттандыру, Ғиратты әрі мәдени орталыққа айналдыру жолын көздейді. Айналасына заманының ірі білімпаздарын жинайды. Ғират қаласына үлкен үйлер, медресе, кітапхана, моншалар салғызады. Мемлекет ісін басқаруға ханға да ақыл-кеңес беріп отырады. Бірақ күншіл уәзірлердің сөзіне еріп, хан оны сарай маңынан алыстатады. Науаи бірнеше жыл әкімшілік қызметіне араласпайды, жазумен шұғылданады.

Науаи өзінің досы, ұстазы, ақылшысы болған Жәмиге арнап парсы тілінде «Ойлар сыйлығы» («Тухфатул әкфар») (1476) атты шығармасын жазады. Мұнда ол дәуірге, билікке деген наразылығын ашық айтады. Ақын түркі тілінде кітап жазуды, көлемді шығарма тудыруды арман етеді. Парсы мен түркі ақсүйектерінің арасындағы тіл таласына да араласады. Түркі тілінің әдеби тіл болатындығының дәлелі ретінде өзінің «Бестік» («Хамса» 1483-1485) деген шығармасын өзбек тілінде жазады.

Бірінші дастан «Хайратал-абрар» («Сопылардың әбігерленуі») деп аталады, ол бірнеше бөлімнен тұрады. Онда Низами Ганжеви мен Хисрау<sup>1</sup> дастандары, Жәмидің ақындығы, сөз өнері және сөз өнерінің қоғамда атқаратын ролі туралы айтылады. Негізгі бөлімі - «Макаледе» («Насихат») тәрбие, қанағат, адалдық, бірлік, достық туралы сөз етеді. Ақын әр ойын жекелеген әңгіме, ертегілер арқылы толықтырып отырады. Мысалы, жеке адамға өмір сүру қиын, сондықтан бірлік керек дегенді уағыздай отырып, бір ағашты жақсаң, одан түгін ғана шығады, яғни тек бықсиды. Ал үйді бір ағашпен тұрғызсаң құлап қалады, жұмысты бір қолыңмен істесең, өнбейді,—

---

<sup>1</sup>Хисрау — Амир Хосрау Дехлеви — Үндінің парсы тілінде жазған ұлы ақыны.

дейді. Алайда ол дәуірде бірлікке жетудің қиындығын айтып, ақын налиды. Бұл — ақынның, әділетсіздік дүниесіне деген наразылығын да еді.

«Бестікке енген екінші дастан — «Ләйлі-Мәжнүн» (1483). Бұл дастан араб аңызының негізінде жазылған. Ол XII ғасырдағы Низамиден бастап Шығыстың классиктерінің шығармаларына тақырып болған. Науаи оған жаңа мазмұн беріп жазған. Поэма Қайстың әкесінің құдайдан бала сұрауынан басталады. Оған жалғас Ләйлі мен Қайстың танысуы баяндалады. Бұларды Низами жәй суреттей салса, Хосрау үстіртін айтып өтеді, ал Науаи үлкен лирикалық толғаныспен баяндайды. Ләйлі мектеп мұғалімінің қызы болады. Оның науқастан жазылуына байланысты әкесі той жасап, мектеп балаларын шақырады. Қайс Ләйліні алғашқы рет осында көреді. Мұнда ол бірден ойға шомып, бір бұрышқа барып жылап отырады. Екінші рет көргенде, талып қалады. Науаи адамның ішкі жан дүниесін, үстем тап адамдарының мінез-құлқын асқан білгірлікпен суреттей отырып, соған байланысты феодалдық қоғамдағы, Ләйлі мен Мәжнүн сияқты, мыңдаған қыздар мен жігіттердің басындағы әлеуметтік трагедияны көрсетеді. Сонымен қатар Науфаль және оның қызы жайлы эпизод арқылы арамзалыққа қарсы тұрар әділеттің де барлығын айтады. Жастар арасындағы махаббаттық бір жағы трагедиямен аяқталып жатса, екінші біреуі бақыт тауып жатады. Науаи екі жастың арасындағы махаббаттан қоғамдық мағына туғызып, дамыта түседі.

«Бестіктегі» үшінші дастан—«Фархад-Шырын» (1484). Онда Иранның сасанидтер қоғамының соңғы хандарының бірі — Хосрау Парвиз<sup>2</sup> бен оның сүйікті әйелі Шырын жайлы айтылады. Фирдоуси мен Низамидің шығармаларында кездеседі. Бұлардан кейін осы тақырыпқа «Хосрау-Шырын», «Фархад-Шырын» деген атпен дастан жазушылар көп болған. Соның бірі — Науаи.

Науаиға дейінгі ақындар негізгі кейіпкер етіп Хосрау патшаның кейде Шырынды алса, Науаидың Фархаты алады. Дастанның атын да «Фархад-Шырын» деп атайды. Фархадтың дүниеге келуінен бастап суреттей отырып, ақын оны талантты, әр нәрсеге қабілетті, үлкен парасатты адам дәрежесінде бейнелейді.

*Парасат, ақыл, білім бәрін жиды,  
Үстіне батырларша сауыт киді.*

---

<sup>2</sup>Хосрау Парвиз — Сасанидтер династиясының соңғы хандарының бірі. 590 жылы таққа отырып, 628 жылы ұлы Шируенің бұйрығымен өлтірілген.

*Балуандық, атысу мен шабысудың,  
Жауынгерлік, найза ұстау, алысудың,  
Қылыш сермеу, атта ойнау, аударылу —  
Міндет көрді өзіне бәрін білу.*

Фархад үлкен талапкер болумен қатар, бірбеткей, көргенін табанда ұғатын алғыр болады. Әкесі салтанатта төрт сарай салғызады. Оған шеберлер мен өнершілерді, білімпаздарды бүкіл елден жинайды. Фархад салынып жатқан сарайдың әдемілігін ғана емес, оны салушы шеберлердің өнерін тамашалайды, өзі де он саусағынан өнер тамған шебер болып шығады. Бұл тұста ақын еңбекті, өнерді дәріптей отырып, хан баласы Фархадты үлкен өнер иесі етіп көрсетеді. Оның білімдарлығы, еңбекқорлығы бүкіл дастан сюжетіне арқау болады. Фархадтың әкесімен, Хосрау ханмен, арасындағы диалогты ақын өте шебер баяндайды. Науаи еңбектің, өнердің адам өміріндегі ролін айқындай түседі.

Фархад өз өнерін халық игілігіне, ал батырлығын, білімін елін қорғауға, елін гүлдендіруге жұмсайды. Фархад бойындағы екінші бір қасиет — оның адамдығы. Мұнда ақын махаббатты достықпен, әділеттілікпен, тұрақтылықпен ұштастыра суреттейді.

Поэмада Фархад образына хан Хосрау образы қарама-қарсы алынады, Ол — жауыздықтың, әділетсіздіктің, озбырлықтың өкілі. Ал поэмадағы әйелдер бейнесі де өте тапқырлықпен берілген. Махин бану, Шырын — қолдарынан үлкен іс келетін ақыл иесі, ел басқара алатын парасатты адамдар ретінде суреттеледі.

Төртінші дастан — «Жеті қарақшы» (1484). Мұндағы оқиға Иран патшасы Бахрамның басынан кешкен бір жайды ғана баян етеді. Бахрам-гур туралы айтылатын аңыз бүкіл Шығысқа белгілі. Фирдоуси, Низами, Хосрау шығармаларының да бір тақырыбы осы патшаға арналады.

Науаи дастанының кіріспесінде өзінен бұрынғы Низами мен Хосрау ақындарды сынайды. «Бір маскүнем патшаны несіне соншама мақтаған. Өз заманының тұрғысы болған екі шайыр сол надан үшін хамсаларын былғар ма?»<sup>3</sup> - дейді де, Науаи өзінің бұл дастанының мазмұнын басқаша құрады. Адамгершілік, тәрбие мәселесін баса көрсетуге көңіл бөледі. Хандарды әділдікке шақырады.

---

<sup>3</sup>Әлішер Науаи. Таңдамалы шығармалары. 1948 жыл. Алғы сөзін жазған М.О.Әуезов. 12-бет.

Бесінші дастан — «Ескендірдің қорғаны» (1485). Бұл дастан Шығыстың көптеген классиктерінің шығармаларына тақырып болған оқиғадан алынады. Науаи мұнда да өзіндік жаңалығымен танылады. Дастанның негізгі кейіпкері етіп Ескендір патшаны алады басқа ақындардың ізімен кетпей, Ескендірді ақылды философ, ел билеуші, білгір қоғам қайраткері етіп көрсетуге баса назар аударады. Сонымен қатар дастанда ғалымдар мен ғылым жетістіктері жайлы да көп әңгімеленеді. Ақын Ескендір бейнесі арқылы өз сындағы ел билеушілерге үлгі боларлық хан бейнесін жасамақ болған. Ел билеуші адам жан-жақты білімді, ақылды, көреген қоғам қайраткері болса деген ойы байқалады.

Науаи «Бестігі» — тек қана өзбек әдебиеті емес, өз заманындағы бүкіл Шығыс әдебиетінің биік шоқысы. Ақын бұл дастандар арқылы өз ана тілінде де тамаша шығарма жазуға болатынын дәлелдеді.

Осындай творчествосы гүлденіп тұрған тұста хан ақынды Ғират қаласынан кетуге мәжбүр етеді де, Науаи Астрабад қаласына әкім болып барады. Осы кезде ол көп ғазалдар жазып, «Өлеңдер қазынасы» деген жинақ шығарады. Құсайын Байқара мемлекет ісінің әлсірей бастағанын сезіп, ақынды Ғиратқа қайта шақырып уәзір етіп қояды. Бұл кезде таққа таласушылардың өзара соғысы Хорасан мемлекетін әбден әлсіреткен болатын. Мемлекет басына осындай қауіп төніп тұрған жағдайда қызмет істеу Науаиға оңай соқпайды. Дегенмен ақын творчестволық жұмысынан қол үзбейді. «Иран патшаларының тарихы» (1488), «Тамашалардың жинағы» (1499) деп аталатын саяси-қоғамдық мәні зор шығармаларын, сонымен «Өлең өлшемі» (1492) (өлең құрылысының теориясы жөнінде) және «Тілдер таласы» (1499) атты аса бағалы ғылыми еңбектер жазады. Бұл еңбегінде парсы тілі сияқты өскелең, өнерлі тілден өз халқының тілінің де ешбір кемдігі жоқ екендігін дәлелдейді. 1499 жылы «Құстар тілі» атты философиялық поэма жазады. Өмірінің соңғы кезінде, 1500 жылы, «Сүйікті жүректер» кітабын аяқтайды. Мұнда өмірден алған тәжірибесі мен көрген-білген үлкен оқиғаларды, мемлекет ісі туралы өзінің қорытынды пікірлерін, философиялық ойларын нақтайды. Халық пен билеушілер арасындағы бітімсіз жаулықты, халық басындағы ауыр азап пен қорлықты айтып, ызасы келеді. Шығарманың тілі халық тіліне, шешендігіне, мақал, афоризміне өте жақын. Науаи 1501 жылы 3 январьда дүние салады.

Артында ұшан-теңіз мұра қалдырған Науаи тек өзбек әдебиеті ғана емес, бүкіл Орта Азия, Шығыстың көп елінің әдебиетіне игі әсерін тигізді. Науаи творчествосының зерттеліп, тиісті бағасын алған кезі — XX ғасыр. Данышпан жазушы, ұлы гуманист, белгілі қоғам қайраткері болған Әлішер Науаидың әдеби мұрасы мәдениеттің алтын қорына қосылды.

### **ҒАЗАЛДАР**

*Ғажап бар мен зар етсем,  
Пендесі үшін бұл жаһанның?  
Қайғысы көп қайсы артынан,  
Осы күнгі барша жанның.  
Деме нәзік, деме қатал, пенде солай,  
Онда сөз жоқ.  
Нәзік болса, ол да аз зой,  
Қатал болса, қаптаған көп.  
Бұл фәнидің пендесінен,  
Қайғы тартар көк күмбезі.  
Бейне жұлдыз басқандайын,  
Майысып тұр көктің төсі.  
Маңдайына ол ғаламның,  
Зорлық әрпі сызылмаған.  
Мүмкін, оның қиял қабы, қиянатпен бұзылмаған.  
Үшпу дүние болса осындай,  
Ол асыл зат жұпар шашқан,  
Бар сұлудан дүниедегі, жүз мәртебе дидары асқан.  
Көзі ажал, қасы қаһар, айтқан сөзі мық сиқырлы,  
Ғашық болдым жер-жаһанда,  
Көрмей сұлу сол сықылды.  
Таба алмассың ондай сұлу,  
Ондай рахат барша жаннан.  
Не сусынды мейханадан,  
Я ләззатын фәни жалған.*

\*\*\*

*Қызыл ернің лағыл тас па, әлде от па маздаған,  
Менің демім емес пе одан өрт шығара жаздаған?*

*Таң сипатты ажарыңмен алаулаттың галамды,  
Мұнша нұрды сонау күннің көзіне де жазбаған.  
Таңырқама ажарыңа қараған көз тайқыса, —  
Бір-ақ рет жер гүлдейді, сол бақыт та аз ба оған?!  
Қайғы-шердің тасын атып жан жүрегімді шошытпа, —  
Піл емес ол торға түскен, балапан зой азбаған.  
Бір сәтке де тыным бермес ыдыс толы нәсіпке,  
Ұшыққанда жан жарасы, қайғы-шерді қозғаған.  
Ей, зәнталақ, жүректі атып үйрендің-ау! Абайла:  
Науаи да атар саған дерттің шоғын қоздаған!*

### **Захиреддин Мұхаммед Бабыр (1483—1530)**



Захиреддин Мұхаммед Бабыр 1483 жылы 14 февральда Анди қаласында туған. Әкесі Ферғана уәлаятының билеушісі болады. Әкесі өліп, Бабыр он екі жасында таққа отырады. Ағайын арасында тақ үшін күрес басталып, ол бірнеше жылға созылады. Соғыстың соңы Бабыр үшін сәтсіз аяқталып, болашақ ақын елінен

кетуге мәжбүр болады.

Бабыр Ауғанстанды, кейін бүкіл Үндістанды өзіне бағындырып, 1526 жылы «Ұлы Моңғолдар» империясын құрады. Бірақ Бабыр жаңа мемлекетті ұзақ басқара алмайды, 1530 жылы 26 декабрьде Агра қаласында қайтыс болады. Бабыр — білімді әскербасы, ірі мемлекет қайраткері болумен қатар, өз дәуірінің үлгілі ақыны, жазушысы, тарихшысы ретінде де танылған. Ақынның қаламынан туған дүниелер сан қилы. Ол — музыка тарихы, әскери өнер, архитектура, этика жайлы жазған ғылыми еңбектерінен лирикалық өлеңдер мен аса құнды шығарма — «Бабыр-наманың» авторы да.

Бабыр өзінен бұрынғы классиктерден үлгі ала отырып, олардың ақындық дәстүрін ілгері дамытады. Ол жасаған образдардың сұлулығы мен табиғилығы тыңдаушысын таң қалдырады. Бабыр адамның ішкі жан

толғанысын, оның қуанышымен қайғысы, арманы мен мақсатын көрсетуге күш салады.

Ақын лирикаларында өмірде кездескен сәтсіздіктерге байланысты туған мұңаю, торығу сарыны да байқалады.

*Қайда барсам қайғы-мұңым — қара түн,*

*Жайды маған зілдей ауыр қанатын.*

*Мешіт те жоқ мені қарсы алатын,*

*Дәруішпін бос дарбаза қағатын.*

Дегенмен тәуекелшіл, төзімді, қайратты ақын басына түскен қиыншылыққа үнемі қайғыра бермейді. Оның лирикаларының тақырыбы алуан түрлі. Соның бірі — ақынның өмір жайлы философиясы. Бабыр өзі өмір сүрген дәуірдегі дін иелері уағыздайтын «ол дүниені» дәріптемейді, керісінше, жарық дүниеге келген екенсің, сол ғұмырыңды қайғы-қасіретке салмай, бақытты өткіз, өмірді сүй, қуаныш пен күлкі сенің күнделік өміріңнің көркі болсын дейді. Елін, туып өскен жерін сүй, жолдастарын сыйлау идеясы — ақын өлеңдерінің негізгі өзегі. Бабыр:

*Дәулетке еріп михнат елін ұмытпа,*

*Бұл бес күн үшін өзіңді-өзің зор тұтпа,* — деп, адамгершілікті уағыздайды, нысапты болуға үндейді. Оның хикаяларынан мәдениеттілігі, тәрбиелілігі байқалып отырады. Жыр — ақындығымен қатар соғыс ісінің де білгірі, қолына алып, ел қорғаған адам, сондықтан да оның лирикаларында батырлық, ерлік тақырыбы көрнекті орын алады.

Бабырдың ақындығымен жазушылығын елге әйгілі еткен көрнекті шығармасы — «Бабыр-нама». Бұл еңбектің анық қай жақта жазылғаны белгісіз. Кітап 1857 жылы шағатай тілінде Қазан баспасында басылады. Оны баспаға белгілі тюрколог Н.И.Ильминский дайындаған. Бұдан кейін «Бабыр-нама» бірнеше ұлттың тіліне аударылған.

«Бабыр-нама» — тарихи-мемуарлық көркем туынды. Кітапты шартты түрде, екі бөлімге бөліп қарастыруға болады. Бірінші бөлім 1494-1508 жылдар арасындағы оқиғаларды баян етеді. Бұл тұста әкесінің тағы үшін, ыдырап бара жатқан Темір империя үшін соғысады. Екінші бөлім Үнді жеріндегі жағдайды баяндауға арналған.

«Бабыр-наманың» бас кейіпкері — Бабырдың өзі. Бұл шығармасында ол өз төңірегіндегі адамдарды әскер басылар, хандар, уәзірлер, дін иелері, ақындар, әдебиетшілер, ғалымдар — басқа да толып жатқан мамандықтың



иелерінің өзіндік қасиетімен көрсетуге тырысады. Олардың ішіндегі Науаи, Жәми, Мұхаммед Салих, Ұлықбек сияқты адамдарды тарихи шындық шеңберінде таныта білген. Бұл шығарма жайлы пікір айтушылар «Бабыр-наманы» өз дәуіріндегі көркем прозаның ең бір құндысы деп бағалайды.

Сонымен, Бабыр — тек билеуші хан немесе ірі қолбасшы ғана емес, өзінің тамаша лирикаларымен де, құнды прозалық шығармаларымен де дүние жүзі әдебиетінің асыл қазынасына үлес қосқан.

## РУБАЙЛАР

*Үйкүшік боп өлгеніңше — қаңғыбастық гажап-ақ,  
Кір көңілді кең дүние кетеді-ау бір тазалап.  
Қаңғыбастық, кедейшілік айып емес пендеге  
Жиһанкездік бала кезден жүрді мені мазалап.*

\*\*\*

*Мал-мүлікке құл емен, қызықтырмас пұл мені,  
Қарабастың қызығын күйттеуді мен білмедім.  
Ойламаңдар Бабырды жетпеді деп мақсатқа,  
Ат шалдырып алдым да, кеттім жүріп ілгері.*

\*\*\*

*О, қызғалдақ, неге кенет көңілің қалды, шеттедің?  
Мен көңіліңді тапқанымша қаниша қайғы шекпедім.  
Сол сәулетті, бақытты шақ болмады әттең баянды,  
Беттен қақтың, жанға батты үмітімді тепкенің.*

\*\*\*

*Бұл азапқа түсірмесін досымды да қасымды,  
Саған деген сенім оты су сепкендей басылды.  
Әлдеқайда жан сауғалап кетер едім егерде,  
Аяғыңның астына әкеп тастамасам басымды.*

\*\*\*

*Жат өлкеде жабырқанқы жүреді екен, бұл адам,  
Көңілдегі күйзелісті біледі екен бұл адам.  
Туған елі еске түссе, ұйқы-күлкі ұмыт боп,  
Жанды жеген сағынышпен жүреді екен бұл адам.*

\*\*\*

*Күні туып кейбір шақта басқарады дұшпаның,  
Жеңісіне желігіп ап мастанады дұшпаның.  
Айға қолы жетсе де оның қапаланба, қамықпа!  
Баудай түсіп қара жерді жастанады дұшпаның.*

\*\*\*

*Сен — әдемі қызғалдақсың, мен — бейшара бұлбұлмын.  
Сен — жалынсың, ал мен болсам — желге ұшатын құр күлмін.  
Екі арамыз жер мен көктей алыс жатыр дей көрме,  
Халқым үшін патша болсам, өзің үшін бір құлмын.*

\*\*\*

*Қайтсек екен? О, қасірет махаббаттың жолында,  
Қауқар да жоқ, ерік те жоқ әулетті бұл қолымда.  
Әлем білген атақ қайда, даңқ қайда ел білген?  
Солып біттім саған деген махаббаттың торында.*

\*\*\*

*Бір сен деген үмітпенен гүлденеді көңілім,  
Бақ-дәулетті бір сенде деп білген еді көңілім.  
Медеу болар көңіліме күтерім сен болған соң,  
Алтын нұрға бөлеген боп жүрген еді көңілім.*

## ҒАЗАЛДАР

*Сая бақтай сарғайдым күйі кеткен күздегі,  
Сен сүйкімді қызғалдақ ешкім батып үзбеген.*

*Сен дегенде қайғыдан кеудем қалды қақырап,  
Аяғыңның астында қалған мен бір жапырақ.*

*Гүлдене бер, қызғалдақ, тұра бергін жасарып,  
Қайғы-мұңға берілме, құлтыра түс қасарып.*

*Жұртқа қарар бет те жоқ, солып бітті түр-өңім,  
Өзім де бұл халықтан аулақ қашып жүремін.*

*Тағдырдың не тәлкегі? Әлем кездім, ақтадым,  
Бақытым боп жаралған жұлдызымды таппадым.*

*Мақтауы мен даттауын қайтерсің сен халықтың,  
Өмір парқын білсең де, Бабыр, жалғыз жабықтың.*

**Абдулла Қадыри**  
**(1894 — 1940)**



Абдулла Қадыри (Жұлқынбай) 1894 жылы Ташкент қаласы ірі, бай саудагер семьясында туған. Әкесі Қадыр-баба көпті көрген, көп жасаған (102 жас) адам болған. Ол өмірден байқағанын көрген-білгенін үнемі баласы Абдуллаға айтып, онымен пікірлесіп отырған, яғни баласының тәрбиесіне мән берген. Әкесінен естіп, көргендерінің кейбіреулері кейін жазушының шығармаларына материал да болған.

Абдулла алғашқы білімді ауыл молдасынан алып, кейін Ташкенттегі орыс-тузем училищесіне түсіп оқиды. Оны бітірмей, сауда жұмысымен шұғылдануға мәжбүр болады. Алғашқы шығармасы 1913 жылдары жаза бастайды. Араб, парсы тілін жете меңгеру мақсатымен мұсылмандардың жаңа мектебінде оқиды.

Қадыридің алғашқы туындылары ағартушылық бағытын байқатады. Бұл тұста «Бақытсыз күйеу», «Біздің халіміз», «Ұлт» деген шығармалар жазады. «Бақытсыз күйеу» пьесасы сахнада қойыла бастайды. Абдулла пьесаларында өлеңдері мен мақалаларында өзі өмір сүрген ортаны сынап, қоғамдағы теңсіздіктің бетін аша көрсетеді. Бірақ бұл ағартушылық идеядан аса алмайды, барлығы надандық пен сауатсыздықтан деген қорытындыға келеді.

Ақынның 1916 жылдан кейін жазған шығармаларында бұл пікірінен өзгергендігі байқалады. Ескілікке тікелей қарсы шығады. Ел ішіндегі бақытсыздықты айта келіп, ендігі жерде ондай бассыздыққа көне беруге болмайтындығын ашық айтады. Қадыри, өзбек жазушыларымен біріге отырып, 1923 жылы алғашқы ұлттық сатиралық журнал «Мүштімнің» («Жұдырық») шығуына ат салысады. Журналға жазушының «Жұлқынбай»

деген атпен жазған фельетондары басылады. Жаңа жаза бастаған өзбек жазушыларына жол сілтеп, көмек көрсетеді. Олардың шығармаларына пікір айтып, үлкен талап қояды.

XX ғасырдың басындағы белгілі оқиғалардан соң халықтың өткен өміріне экскурсия жасау жазушыларының алдында тұрған келелі мәселелердің бірі болады. Міне, осы тұста Хамза мен Айниден кейін өзбек әдебиетінде бұл тақырыпта шығарма жазуға араласқан жазушының бірі Абдулла Қадыри еді. Оның 1926 жылы «Өткен күндер» («1922») романы жарық көрді. Бұл — өзбек әдебиетіндегі тарихи тақырыпта жазылған алғашқы реалистік романдардың бірі. Мұнда өзбек халқының алғашқы XIX ғасырдың екінші жартысындағы тағдыры баяндалады.

Романда феодалдық қоғамдағы әділетсіздікке деген халық наразылығы көрсетіледі. Жазушы сюжетті бір жанұяның маңайында құрғанымен, көп мәселенің бетін ашады.

Романның бас кейіпкері — көпес Атабек. Оқиға осы кейіпкердің ісіне байланысты өрбиді. Атабек — үстем тап өкілі бола тұрып, өз кезінің прогрестік пікірдегі адамы болады. Ол — Орта Азияның өркендеп, алға басуына кедергі болып отырған жайлардың шет-жағасын түсінеді. Халықтардың озық тәжірибесінен үйреніп, семья құру жайлы, оның әрбір мүшесінің өзіндік алатын орны туралы орынды пікірлер айтады. Атабектің ісі мен сөзі оның адал, батыл және адамгершілігі мол адам екендігін танытады.

Оның өмір сүрген дәуірі мен ортасы ойлағанын іске асыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан да ол үнемі байлармен, бектермен, әкімдермен тартыста көрінеді. Бірақ ол жай наразылықтан көп аса қоймайды. Атабектің де, оны жақтаушылардың да бар мақсаты — феодалдық қоғамды реформа арқылы жақсарту. Сонымен, Атабек романда халқына жақсылық тілеген ағартушы бейнесінде көрінеді. Ал Құдияр хан, Өзізбек, Мұсылманқұл арқылы автор XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан даласын әр түрлі жолмен қанап, халықтың адал еңбегін сорып отырған жыртықштардың бейнесін көрсетеді.

Қадыридың екінші романы — «Меһрабтан шаян» 1929 жылы жарық көреді. Роман оқиғасы Құдияр хан билеп тұрған кездегі өзбек жерін суреттеуге арналған. Автор халықты аяусыз азапқа салып отырған қара күш иелерінің бейнесін жасайды. Ауыр тұрмыс, аяусыз қысым халықты оятып,

бас көтеруге мәжбүр етеді. Жазушы осы тұстағы халық қарсылығын кең алып суреттейді. Қадыри біріне-бірі қарама-қарсы екі күшті суреттей отырып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы дәуір тынысын танытып, сол дәуірдің тарихи, этнографиялық сипаттамасын береді.

Романда Әнуардың тағдыры, өмірбаяны феодалдық қоғамның құлы болған, оның семьясының тіршілігі баяндалады. Әнуар өмір теңсіздігін ерте таниды. Салық Махдұмның үйінде жүрген кезінде ондағы адамдардың құбылмалы мінезі, екі жүзділігін көреді. Әнуар Құдияр хан семьясымен таныса келіп, қоғамның сан қилы бүкпелерін тереңірек аңғарады. Ол — кедейлер мен феодалдар арасындағы тартыстың ешбір келісімге келмейтіндігін түсінген кейіпкер дәрежесіне көтеріледі. Әнуар еңбекші халықтың табанды да батыл, ер жүрек өкілі ретінде көрінеді. Мұның іс-әрекеті өмірді түсінуі, алға қойған мақсаты бірінші романдағы Атабектен әлдеқайда озық.

Қадыридін үшінші көлемді шығармасы — «Абидтің кетпені» (1935) повесті. Мұнда өзбек диқандарының санасындағы жаңа өзгерістер суреттеледі. Абид арқылы диқаншылықпен кәсіп еткен орта шаруа өкілдерінің психологиясындағы өзгерісті автор шынайы көрсетеді. Жазушы бұрынғы ескі қыстақ пен жаңа қыстақ өмірін салыстыра отырып, олардың қарама-қарсы бейнесін суреттейді.

А.Қадыри — жаңа өзбек прозасының қалыптасуына, дамуына үлкен үлес қосқан жазушы.

### **Ғафур Ғұлам (1903-1966)**



Ғафур Ғұлам 1903 жылы 10 майда Ташкент қаласында шаруа жанұясында туған. Тоғыз жасынан жетім қалып, жоқшылықты, ауыр тұрмысты басынан кешіреді. Ауылдағы мектепте, кейін, орыс-тузем училищесінде оқиды. Төңкерістен кейін Ғафур Ғұлам мұғалімдер даярлайтын курсты бітіріп, балалар үйінде тәрбиеші, меңгеруші болып істейді.

Ғафур Ғұлам алғашқы өлеңдерін 1923 жылдан бастап жазады. Бұл тұста ақын іздену үстінде екенін байқатады. Оның «Сырнай», «Паранжы» атты өлеңдері осы кезде жазылған. Ақын газет,

журнал қызметіне ауысады. Бұл оның қаламының ұшқырлануына үлкен әсерін тигізеді: халық өмірімен және жете танысуға халықпен тығыз байланыс жасауға мүмкіндік туғызады. Алғашқы өлеңдер жинағы 1931 жылы жарық көреді. Бұл жинаққа Отан қорғау жайлы айтылатын көтеріңкі лепті одалары, ескіліктің қалдықтарын сынайтын сатиралық өлеңдері енеді. «Динамо», «Өзбекстан шамдары» т.б. жинақтары және «Түрксибтің жолында», «Екі акті», «Қоқан» деген өлеңдері мен поэмалары баспадан шығады. Мұнда ақын өндіріс, колхоз құрылысы мәселелерімен қатар халықаралық тақырыпқа — Азия мен Африка елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалысына үн қосады. «Қытай миниатюры» поэмасында (1931) отаршылдарға қарсы күреске шыққан қытай халқына тілектестік білдіреді.

«Қоқан» поэмасы Өзбекстандағы колхоздастыру кезеңін, колхоз құрылысын суреттеуге арналған алғашқы көлемді шығармалардың бірі. Қоқан образы арқылы жеке меншік сананы жеңген диқан бейнесі беріледі.

Ғафур Ғұлам өзбек өлең өрнегіне де өзіндік жаңалық ендіреді. Ол өзбек классигі Хамза Хаким-заде Ниязи мен орыс ақыны Маяковскийден нәр ала отырып, өзбек әдебиетінде азаматтық поэзияны ілгері дамытты, жаңашыл ақын ретінде танылды. Ақын өзбек өлеңіне жаңа леп, соны ырғақ әкелді. Ғафур поэзиясын үнемі тереңдете, жетілдіре түсті. Ол әділдікті, бақытты жаңа тұрмысты өз қолымен жасайтын, ескілікті, тап жауларын талқандайтын күрескердің берік сенімін баяндайды. Ақынның әрбір сөзінде жалынды күш, салмақты ой бар.

Екінші дүние жүзілік соғысы жылдарында жазылған лирикасында халықтың рухани өмірін, мызғымас күшін мадақтайды.

Ғафур Ғұлам өмір құбылыстарын, лирикалық кейіпкер әрекетін реалистікпен суреттейді. Бұл — Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармаларында айрықша сезіледі. Неміс басқыншылары тұтқиылдан шабуыл жасағанда, ақынның жалын шығармалары халықның жауға деген өшпенділігін ұштады. «Мен еврей», «Сен жетім емессің», «Алтын медаль», «Әйел» т. б. өлеңдерінде халықтың бірлігі мен патриоттығы, халық арасындағы достық сөз етіледі. 1943 жылы ақын «Шығыстан келемін» деген атпен бір топ өлең жазады. Бұл өлеңдері үшін Ғұламға Мемлекеттік сыйлық берілді.

Ақын ауыл шаруашылығын, халықтың мәдени тұрмысын, еңбектегі ерлігін шаттық сезіммен толғайды. Ғафур шығармаларының негізгі өзегі — халықтың бауырмалдық ынтымағы мен мызғымас достығы...

Ғафур Ғұлам — ғылыми жұмыспен де шұғылданған адам. Шығыстың классикалық әдебиеті жайында айтқан көптеген пікірлері мен Науаи, Мұқими, Фуркат творчествосы жөнінде, өзбек ауыз әдебиеті, әдебиет тарихы жайлы жазған еңбектері бар. «Нетай», «Қайта тірілген өлік», «Сотанақ бала» атты прозалық шығармалар да өз алдына бір сала.

Өмірінің соңғы жылдарында «Қорытынды» деп аталатын жинағы жарық көреді. Бұл ақын творчevesының қорытындысы іспетті, оның тамаша талантын айқындай түседі. Осы кітабы мен «Өлең» деген жинағы үшін ақынға, өлгеннен кейін, 1970 жылы мемлекеттік сыйлық берілді.

Ғафур Ғұлам Өзбек ғылым академиясының толық мүшесі болған. Ақынның қоғамдық қызметі де өз алдына бір сала. Ол 1966 жылы 10 июльде қайтыс болды.

### Тірек ұғымдар:

**Ғазал** (арабша сөз болып) - негізінен кемі үш, көбі 12 бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең. Парсы-тәжіктің классикалық поэзиясында Хафизден бас-тап кеңінен тараған. Негізгі мазмұны махаббат сезімін жырлау болып келеді.

Сәтті, сәтсіз махаббат күйі шертіледі. Түркі тілдес әдебиетте ғазалдың айтулы шебері Әлішер Науаи болған. Шығыс поэзиясының әсерімен лирикалық ғазал түріндегі өлеңдер батыс әдебиетінде де пайда болады. Шығыстың ақындарын аудару тұсында бұл үлгі ұшырасып қалады. В.Брюсовтың аяқталмаған «Адамдар түстері» кітабында ғазал түрінде құрылған өлеңдер кездеседі. Қазақ поэзиясында бұл өлең түріне Ақан сері, Әсет және кітаби ақындар назар аударған. Мысалға, Ақан серінің «Көңіл тілегі» атты өлеңін алуға болады:

*Бағаңа құн жетпестің бірі едіңіз,  
Бақшада жаңа шыққан гүл едіңіз.  
Сұқсырдай су ішінде мекен етіп,  
Лінбей қармағыма жүр едіңіз.  
Көрініп қолға түспей жүрсің, қалқа,  
Қай жерде мекен еткен түнегіңіз.*

*Түн қатып, түнегіңнен ұшқаныңша,  
Үзілмес, сірә, сізден күдеріміз.  
Үмітім көңілімдегі бітер еді*

**Хамса** (*бестік, бес дастан* деген мағына береді) — Шығыс әдебиетінде, соның ішінде түркі тілдес халықтар әдебиетінде ертеден орныққан дәстүр бойынша бір-бірімен жалғас, сабақтас жазылатын бес дастан. Бұл дәстүр Низамиден басталған. Оның “Хамса” деген атпен кейінірек біріктірілген бес дастаны мыналар: “Құпиялар қоймасы”, “Хұсрау — Шырын”, “Ләйлі — Мәжнүн”, “Жеті сұлу”, “Ескендірنامه”. Шығыстың бір алуан ақындары осы үлгі бойынша бес дастан жазуды машық қылған. Дастандарды, негізінен белгілі тақырыпқа құрып, дайын суретті өзінше өрнектеп, өзгеше шеберлік танытуға тырысқан. Кейінгі ақындардың өзінен бұрынғы ақындар қалдырған нұсқаны өзіне үлгі тұтып, олармен өнер өлшесіп, поэзиялық жарысқа түсуі әдеби дәстүр болып қалыптасып, оны нәзира деп атаған. Осындай Хамса жазған ақындар ішінде Үндістанда өмір сүрген әмір Хұсырау Дехлеуи және атақты ақын Әлішер Науаи бар. Науаидің “Хамса” атап топтастырған дастандары: “Фархад — Шырын”, “Ләйлі — Мәжнүн”, “Сопылардың әбігері”, “Жеті қарақшы”, “Ескендірдің қорғаны”, яғни негізгі тақырыптары Низами дәстүрімен тікелей жалғас келеді.

**Рубай**, рубаят, рубаи, төрттаған (араб. төрттік) — Шығыс поэзиясында кең таралған лирикалық өлең түрі. Араб, парсы және түркі халықтарының ауыз әдебиетінде мол ұшырасады. Рубай төрт тармақтан тұрады, ұйқасы — ааба немесе абаб, кейде ұйқасқан әр жолдан кейін бір сөз қайталанып отырады (редиор). Рубай мазмұнға құрылып, аяқталған бір ойды білдіреді. Рубайды парсы-тәжік әдебиетінде 9 — 10 ғасырларда Ханзале, Рудаки, т.б. ақындар қолданған. Омар Хайям Рубайдың тамаша үлгілерін жасаса, Руми, Хафиз, Жәми, Хакани, Бедил сияқты сөз шеберлері оны одан әрі дамытты. Түркі жазба ескерткіштерінде рубай Ж.Баласағұнның “Құтты білік” дастанында (11 ғ.) ұшырасады. Қазақ әдебиетінде С.Мұқанов рубай жанрында “Өмірбая-ным”, “Егделік”, “Табиғат тақырыбына”, “Көрікті көріністер” атты бірнеше туындылар жазды.



М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев шығармашылықтарында да рубайлар кездеседі.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Өзбек фольклорының жиналуы мен зерттелуі жайлы пікірлер.
2. Өзбек жазба әдебиетінің қалыптасу кезеңі туралы не білесіңдер?
3. Әлішер Науаи «Хамса»сының басқа «Хамса»лардан ерекшеліктері неде?
4. Әлішер Науаинның қандай тарихи шығармасын білесіңдер?
5. З.М.Бабыр лирикасының негізгі тақырыптары.
6. З. М. Бабыр шығармаларның көркемдік ерекшеліктері неде?
7. «А.Қадыри аудармашы» тақырыбында эссе жазыңдар.
8. А. Қадыридың жаңа өзбек прозасына қосқан үлесі
9. Ғ. Ғұлам творчествасында балалар тақырыбының орны?
10. Аты аталған ақындардың қайсысы алвафит түзген.
11. Өзбек әдебиетінің әлем әдебиетіндегі орны жайлы не білесіңдер?

## Қарақалпақ әдебиеті



Қарақалпақ халқының өзіндік бай ауызша шығармашылығы мен әдебиеті бар. Халықтың амбициясы фольклорлық шығармаларда бейнеленген. Халық ауызша шығармашылығының бізге жеткен үлгілерінің ішінен жоғары лирикалық мазмұндағы поэтикалық шығармаларды да, дана қаһармандық эпостарды да табуға болады.

Патриоттық идеялар мен демократиялық мотивтер қарақалпақ халқының «Қырық қыз», «Ашық Ғарип», «Шадьяр» т.б. батырлық және лиро-эпостық жырлары ертеден мәлім. Жазба әдебиеті XVIII ғасырдан басталады. Ол кезде әдебиет әлеміне Жиен жырау Тоғайұлы, Күнқожа Ибраимұлы, Әжінияз Қасыбайұлы, Бердақ Қорғабайұлы, Омар Өтеш, Омар Сүйірбабатұлы, Құлмұрат, Сыдық Шамр сияқты ақындар шығып, өздерінің тамаша өлеңдері мен жыр-дастандарын ел ішіне кең таратты. Жиен жыраудың «Босқан ел» толғауы мен Бердақтың «Ақымақ патша» атты дастаны-қарақалпақ әдебиетіне елеулі із қалдырған аса маңызды шығармалары. Әжінияздың «Боз отауы», Бердақтың «Ерназар би», «Айдос би» деген шығармалары XIX ғасырдағы тарихи шындыққа құрылған шығармалар. Қарақалпақ әдебиетінде кеңес үкіметінің алғашқы кезеңдерінен бастап, басқа да жанрлар дамыды. Жаңадан проза, драматургия жанрлары туып, әдеби сын, әдебиеттану ғылымы дамыды. А.Мусаев, С.Мәжитов, А.Өтепов, А.Дабылов, С.Нұрымбетов сияқты ақын-жыраулар сол кездегі жаңа заман кеңес өкіметін, оның көсемдерін мадақтаған өлеңдер жазды. А.Бегімов, Ж.Аймырзаев, М.Дәрібаев, Ә.Шамұратов, Б.Қайыпназаров т.б. елеулі еңбек етті. Бұлардан кейін келіп қосылған Х.Сейтов, Х.Тұрынбетов, Т.Жұмамұратов, И.Юсупов т.б. ақындар өздерімен бірге қарақалпақ поэзиясына сыршылдық лирика, сатира, юмор, мысал т.б. жанрларды ала келді.

Қарақалпақ әдебиетінде жиырмамыншы жылдардың екінші жартысынан көріне бастаған М.Дәрібаевтың «Мындардың бірі», Ә.Шамұратовтың «Ескі мектепте» атты көлемді прозалық шығармалары отызыншы жылдары жарық көрді. Ал елуінші жылдары жазылған А.Бегімовтың «Балықшының қызы» (1958), Ж.Аймырзаевтың «Амудария

жағасында» (1958), Т.Қайырбековтың «Қарақалпақ қызы» (1-2 кітап, 1953-65 ж.) романдары қарақалпақ прозасын биік белеске көтерді.

Қарақалпақ әдебиетінде драматургия жиырмамыншы жылдардың ортасында пайда болды. Қарақалпақ драматургтары С.Мажитовтың «Ерназар – Алакөз», «Бағдагүл», «Тазагүл», Қ.Әуезовтың «Мақсат жолында», А.Өтеповтың «Теңін тапқан қыз» пьесалары – сол кездегі үздік туындылар. Кейінгі жылдарда жазылған Ж.Аймырзаевтың «Айгүл - Абат», «Күресте біз жеңдік», «Бердақ», М.Дәрібаевтың «Көклен батыр», «Ғаріп-ғашық», «Жаңа адамдар», Н.Дәуқараевтың «Алпамыс» С.Хожаниязовтың «Сүймегенге сүйкенбе», «Жас жүректер» пьесалары республика театрларының репертуралрын байыта түсті. әдеби сын мен әдебиеттану ғылымы да дами түсті. Қарақалпақтың тұңғыш ғалымы Қ.Дәуқараев, Өзбекстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі профессор И.Сағитов, М.Нұмұхамедов, филология ғылымдарының докторлары Қ.Айымбетов, Н.Жапақов, С.Ахметов т.б. бұл салада жемісті еңбек етіп келеді.

Қарақалпақ, қазақ әдебиеті ежелден туыстас. Екі ел әдебиетінің озық туындылары қос халыққа ортақ. Қарақалпақ дастаны «Қырық қыз», қазіргі қарақалпақ ақындарының шығармаларынан құрастырылған «Қарақалпақ жырлары» (1962) қазақ тілінде жеке кітап болып шықты.

Қарақалпақ жазушылары ХХ ғасырға дейін араб жазуымен де жазған. Олардың ішінде XVIII-XIX ғасырлар арасында өмір сүрген Жиен жырау сияқты ақынның шығармашылығы ерекше назар аударуға тұрарлық. Жырау өзінің «Босқан ел» эпосында ол Қарақалпақ елінің Әбілқайыр ханмен күресі, сондай-ақ оның қайғылы тағдыры туралы баяндайды.

Көптеген қарақалпақ ақындары өз шығармаларында халықтың Хиуа хандарының қысымымен қайғылы жағдайларда өмір сүргенін ашық түстермен сипаттады.

Қарақалпақ жазба әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі-ақын Әжінияз. Ол Науаи, Низами, Махтумқұли және Фердауси сияқты асыл шығыс ақындарының шығармашылығымен жақсы таныс болды. Ақын Әжінияздың «Боз отау» атты эпосы қарақалпақ халқының басқа аймақтарға қоныс аударуға мәжбүр болғанын, онда туып-өскен туған жерімен қоштасудың өте қиын екендігін шебер сипаттайды.

Ұлы демократ-гуманист, ақын Бердімұрат Бердақ Қарақалпақ классикалық әдебиетінің дамуында үлкен орын алады. Бердақ өзінің

мазмұнды әрі мағыналы жұмысын феодалдық қоғамның басқарушы топтарының, соның ішінде діни қызметкерлердің зиянды әрекеттерін әшкерелеуге бағыттады. Әсіресе «Шежіре», «Ерназар би», «Айдос би» және «Ақымақ патша» эпостарымен Қарақалпақ классикалық поэзиясында эпикалық жазудың дамуына сүбелі үлес қосты.

Қарақалпақ пен өзбек халықтарының тарихы бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, осы екі туысқан ұлт әдебиетінің өзара әрекеттестігі мен ықпалы да бірнеше ғасырлық тарихқа ие. Өзбек халық эпосы мен ертегілері (мысалы, «Алпамыс») қарақалпақтар арасында бұрыннан танымал болғаны сияқты, «Қырық қыз» атты қарақалпақ дастаны да өткен заманнан бері өзбек оқырмандарының назарын аударып келеді.

XX ғасырға қарай Қарақалпақ әдебиеті өзбек әдебиетінің тікелей әсерінен өркендеді. Баспасөз құрылды. Жаңа әдеби түр мен жанрлар пайда болуымен дамыды. Поэзия әдебиетте XX ғасырдың елуінші жылдарына дейін жетекші болғанымен, прозада да бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді. Оның ішінде мысал ретінде А.Бегімовтің «Балықшының қызы», Ж. Аймурзаевтың «Камекбайдың қылмыстары», Х. Сейітовтың «Қиын бақыт», Т. Қайыпбергеновтің «Соңғы шабуыл» атты романдарын келтіруге болады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары өзбек-қарақалпақ әдеби байланыстары одан әрі нығайды. Өзбек және қарақалпақ ақын-жазушыларының шығармашылық ынтымақтастығы практикалық сипатқа ие болды. Бір тілден екінші тілге аудару жұмыстары барлығының назарын аударды.

Атап айтқанда, Айбек, Ұйғын, А. Каххор, Н.Сафаров сияқты танымал жазушылардың Қарақалпақстандағы және әдеби қозғалыстағы тікелей қатысуы Қарақалпақ әдебиетін пайдалы көркем әдебиетпен байытуға оң әсер етті.

Өзбек ақындары мен жазушыларынан Әлішер Науаи, Мукими, Х. Х. Ниязий, Айбек, Ғ. Ғұлам, А. Каххор, Ұйғын, А. Мұхтарлардың шығармалары қарақалпақ тіліне аударылып, баспадан шыққан болса, қарақалпақ халық эпосы «Қырық қыз» бірнеше рет, сонымен қатар Б. Бердақ, Ж. Аймурзаев, Х. Сейітов, А. Бегімов, М. Дәрібаев, А. Дабиллов, сияқты классикалық ақындардың өлеңдері мен эпостары Т. Қайыпбергеновтың «Соңғы шабуыл», «Қарақалпақнама», «Сүймегенге сүйкелме» атты комедиясы өзбек оқырмандарына күні бүгінге дейін де үлкен эстетикалық рахат сыйлайды.

## Жиен жырау

XVIII ғасырда өмір сүрген қарақалпақ жырауы Жиен жырау Тағайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы деректер өте тапшы. Жиен жырау жырлаған «Қырық қыз» дастанындағы «Қарақалпақ халқында, мүйтен деген рудан шыққан Жиен жыраудан нұсқа болып бұл дастан, ел жырлады тынбастан» деген жолдарға қарағанда жыраудың руы - мүйтен. Бұл ру XVIII ғасырдың орта шенінде Сырдарияның төменгі ағысы жағалауын қоныстанған. Қуандария мен Жаңадарияның суы тартылып, құрғақшылық туғанда Жиен жырау елімен бірге Әмудария жағына қоныс аударған. Жиен жыраудың «Босқан ел» көлемді дастаны, «Бер түйемді», «Ей, жігіттер», «Қош болындар, достарым» сияқты тағы да басқа шығармалары көпке белгілі. Жиен жыраудың есімі қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарына ортақ «Алпамыс батыр», әсіресе «Қырық қыз» дастанын жырлаушы ретінде жақсы таныс. Бұл дастан Жиен жыраудан соң оның шәкірттері - Қалмұрат, Шаңқай, Қазақбай, Жиенмұрат, т.б. арқылы бүгінгі заманға жетті. «Қырық қыз» дастанының Жиен жырау орындаған нұсқасы 1959 жылы қазақ тілінде басылып шыққан.

## Әжінияз Қосыбайұлы (1824-1878)



Әжінияз Қосыбайұлы (1824-78) - қарақалпақ ақыны. «Бозатау» тарихи-қаһармандық поэмасының, философиялық-дидактикалық және махаббат өлеңдерінің авторы. Қазақ, араб, парсы, шағатай (көне өзбек), түрікмен тілдерін жетік меңгерген. Шығыс поэзиясының дәстүрлерін өз поэзиясына енгізген білім мен мәдениет адамы Қарақалпақ өлеңін-қосықты философиялық синтезге қабілетті лирика деңгейіне көтеріп, оны оғаш, түрлі-түсті көркемдік формаға жеткізді. Оның шығармаларында жоғары көркемдік деңгейде және халықтың армандары мен ұмтылыстары, жарқын болашаққа деген сенімі, өмірге деген сүйіспеншілігі мен сезімі шебер жеткізіледі.

Әжінияз Қосыбай ұлы (әдеби бүркеншік аты Зийуар) 1824 жылы Арал теңізінің оңтүстік жағалауында - Мойнақ ауданының «Қамыш бұғат»

ауылында Әмудария өзенінің сағасында дүниеге келген, онда Қарақалпақ руларынан шыққан ашамайлы мен қият мекендеген. Әкесі Қосыбай, оның ағасы Балтабек, ортаншы ағасы Ақжігіт өз заманының батыр әрі батыл адамдары болған. Оның анасы Назира шешен, сүйкімді әйел болған. Жас кезінде Әжінияз дарынды және оқуға ынталы болды. Ол алдымен имам Ходжамурад медресесінде оқыды. Анасы қайтыс болғаннан кейін оның оқуы үзіліп, ағасы Елмурадпен бірге оқыды.

Көптеген медреселерде оқумен қатар, ол көптеген кітаптарды қайта жазумен айналысып, халық арасында асыл адам болды. 16 жасында ол Әлішер Науаидің жеке шығармаларын қайта жазды. Әрі қарай Әжінияз Хиуада оқуын жалғастырады. Хиуаға оқуға келген Әжінияз алдымен Шерғазы медресесінде оқиды, ол жерде бұрын түрікмен классигі ақын Махтумкули де оқыған. Содан кейін ол Кутлимурат инака медресесін бітіреді. Қазір Кутлимурат инака медресесінің кіреберісінде: «бұл медреседе 1840-1845 жылдары ақын Әжінияз Қосыбай ұлы оқыды» деген жазу бар.

Аталмыш медреседе Ислам ілімдерімен қатар Науаи, Хофиз, Саади, Физули сияқты шығыс классиктерінің мұралары да зерттелді. Әжінияз осы ұлы поэзия шеберлерінің шығармаларын мұқият зерттеді. Мәдени ағарту арқылы ақын өзінің езілген халқының өміріне пайдалы әсер етуді армандады.

Кутлимурат инака медресесін бітіргеннен кейін ол өз ауылына оралып, бірден Қазақстанға кетеді, онда бір жыл тұрады. Қазақстаннан оралғаннан кейін ол Ашамайлы руынан шыққан Хамра қызына үйленіп, олардың үш ұлы мен бір қызы болды. Ақынның ұрпақтары қазіргі уақытта Қоңырат, Қанлықөл, Шоманай аудандарында және Нөкіс қаласында тұрады.

Хорезм оазисін мекендеген халықтар тарихындағы ең үлкен оқиғалардың бірі болған 1858-1859 жылдардағы Қоңырат көтерілісі Әжінияздың өмірлік және поэтикалық тағдырында үлкен төңкеріс жасады. Білімді адам, көрнекті ақын, патриот Әжінияз бұл оқиғаға бей-жай қарай алмады.

Осы жылдары Әжіниязды Хиуа шенеуніктері тұтқындады, ол Қоңырат көтерілісінің жетекшілерінің бірі ретінде Түркіменстанға жер аударылды. Жер аударылған кезде ол Махтумкулидің көптеген өлеңдерін Қарақалпақ тіліне аударады.

Үш жылдан кейін ол туған ауылына оралады, бірақ қайтадан қудаланып, Қазақстанға кетеді. Әжінияздың Қазақстанға кетуі үшінші орында және 1864

жылмен тұспа-тұс келеді деп болжануда, онда ақын Әжинияз қазақ ақыны қыз-Менешпен «Айтыс» атты шешендікте поэтикалық сайыс ұйымдастырады. Бұл «Айтыс» дәстүрлі халықтық жарыстар арасында ерекше танымал бола бастады. Ол тіпті 1878 жылы Ташкентте «Түркістан уалаяти» газетінде жарық көрді.

Әжинияздың Қазақстанда болған жылдары оның поэтикалық шығармашылығының өркендеуімен тұспа-тұс келді. Осы кезде ол өзінің «Менің халқым бар», «Бар ма», «Ұқсас», «Қоштасу» және т. б. сол сияқты көптеген танымал өлеңдерін жазады.

Туған өлкесіне оралғаннан кейін ол «Бозатау», «Қамыс бөгет», «Жетім-ұзак» ауылдарында балаларға арналған мектептер ашады және балаларға сауаттылықты үйретеді, шығармашылықпен айналысады, өлең жазады.

Ақынның махаббат лирикасы қазіргі жастарымыздың ең сүйікті әндеріне айналуға. Әжинияздың өмірі мен шығармашылығы мектептер мен жоғары оқу орындарының бағдарламаларында зерттелуде, ал оның кітаптары қарақалпақ, өзбек және орыс тілдерінде жарық көрді. Ақынның есімімен мектептер, көшелер аталған. Қарақалпақстанның ең ірі және көне жоғары оқу орындарының бірі - Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты ұлы ақын Әжинияздың есімімен аталады. Оның өлеңдері біздің композиторлар мен әншілерді жаңа музыкалық шығармалар жасауға шабыттандырады. Тәуелсіздік жылдарында Өзбекстанның қаһарманы, ақын Ибрагим Юсуповтың либреттосы негізінде композитор Нәжмаддин Мұхаммеддинов өзінің музыкалық туындысын — Бердақ атындағы музыкалық драма театрында қойылған Әжинияз операсын жасады.

Әжинияз шығармашылығын зерттеу 1930 жылдан басталды. Әжинияз шығармашылығына алғашқы зерттеулерді Қ.Айиметов, О. Кожуров және Н. Даукараев жасады. Н.Даукараевтың «Қарақалпақ әдебиетінің тарихы бойынша очерктер» еңбегінің негізгі мазмұны Әжинияз шығармашылығына арналды. XX ғасырдың 50-жылдарында зерттеушілер Қ. Айымбетов, И. Сағитов, Қ. Бердімұратов, С. Ахметов, Б. Исмаилов және басқалар Әжинияз шығармашылығында жаңа беттер ашты.

Әжинияздың шығармалары 1949,1960,1965,1975 жылдары Қарақалпақ тілінде, 1962 жылы өзбек тілінде, 1975 жылы орыс тілінде жарық көрді. XX ғасырдың 60-жылдарында Әжинияз өлеңдерінің көптеген белгісіз қолжазбалары табылды және Әжинияз шығармашылығына жаңа зерттеулер

пайда болды. Бұл К. Байниязовтың «ақын Әжінияз туралы ойлар», Х. Хамидовтың «Әжінияз поэзиясының негіздері», А. Кәрімовтың «Әжінияз-көркем сөз шебері», К. Сұлтановтың «Жастардың сүйіктісі», А. Пирназаровтың «Әжінияздың шеберлігі туралы кейбір ойлар», А. Қосибайұлының «Әжінияздың әдеби әдістері мен стилистикалық ерекшеліктері» сияқты зерттеулер.

Әжінияз шығармашылығын халық тарихымен салыстыру академик С. Камаловтың «Әжінияз шығармашылығындағы халықтың тарихи-этнографиялық мәліметтері», Б. Исмаиловтың «Әжінияз шығармашылығындағы 1858-1859 жылдардағы Қоңырат көтерілісінің сипаттамасы» мақалаларында көрініс тапты. Әжінияз көтеріліс идеологтарының бірі ғана емес, қарақалпақтар тарихындағы терең жара ретінде тыртықталған «Бозатау трагедиясының» тікелей қатысушысы болды. Отандастарымызға ауыр сынақтар келіп, Әжінияздың әйгілі «Бозатау» өлеңін тудырды:

Терең лирикасы бар бұл керемет шығармада Отанның қайғысы, туған жерінен айырылған, туған жерінен қуылған халықтың жүрегі ауырады. Ақын халық пен жер, азамат және отан сияқты мәңгілік проблемаларды қояды.

Бұл өлеңде ақын шашыраңқы Қарақалпақ тайпалары мен руларын ұлттық бірлікке шақырады, олардың бостандығы үшін өз бақыты үшін бірлесіп әрекет етуін армандайды.

Әжінияз 1874 жылы қайтыс болды.

Еңбектері:

«Бозатау», «менің сүйіктім», «сұлулар», «Бозатаудан шыққан сұлулар», «Әли, Дариха», «менің сенен басқа сүйіктім жоқ», «Бір пери, « менің халқым бар»,» бар ма», «бар», «ұқсас», «Егер ол бөлінсе», «қоштасу».



**Бердақ**  
**(1827-1900)**

XIX ғасыр қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілі Бердақ (лақап аты, шын аты-жөні – Бердімұрат Қарғабайұлы) әдебиет тарихында өзіндік орны бар, қарақалпақ жазба әдебиетін жоғары басқышқа көтере



алған, әдеби жанрдың лирикалық һәм эпикалық тектерін өзінде топтастыра алған, өзін классик шайыр ретінде танытқан атақты сөз шеберлерінің бірі болды. Бердақ 1827 жылы 9-ноябрьде қазіргі Қарқалпақ жерінде, Қоңырат бектігіне қарасты Әмударияның Арал теңізіне құяр сағасындағы Құлықөл деген ауылда диқан отбасында дүниеге келген. 1900 жылы декабрь айында 73 жасында қайтыс болған.

Бердақ – қарақалпақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, ақын. Діни мектеп-медреселерде оқып сауатын ашқан, өз дәуірінің білімді әрі сауатты адамдарының бірі болған. Туысқан көрші халықтар әдебиетін (қазақ, өзбек, түркімен) жетік білген. Шығыс классиктерін өзіне үлгі тұтқан, олардан үйренген. Басты шығармалары: қазақ, қарақалпақ, өзбек халықтарының шығу тегін баяндайтын «Шежіре» өз халқының Қоқан хандығына қарсы ерлік күресін суреттеген «Амангелді», тарихи тақырыпқа жазылған «Ерназар би» гуманизмді, халықтар достығы мен бостандығын жырлаған «Айдос би», «Ақымақ патша» поэмалары болып табылады. Бердақ-шайыр шығармалары қарақалпақ поэзиясынан ерекше орын алған, және оның шығармаларын жинау, зерттеу кеңес дәуірінде ғана (1935-38) қолға алынып, қазақ, орыс, өзбек түркімен сияқты тағы да басқа ТМД елдерінің тілдерге аударылды.

Бердақтың шығармашылығы 18-19 жасында домбыра шертіп өлең айтудан басталды. 25 жасында ол талантты ақын ретінде танымал болды. Бердақтың өлеңдері еңбек халқының ауыр өмірін бейнелеуге, Хиуа хандары мен патша үкіметінің шенеуніктерінің қысымына халықтың наразылығын білдіруге арналды.

Бердақ халықтың өмірін, оның асыл ұмтылыстарын жақсы білетін ақын болды. Сондықтан оның өлеңдерінде отансүйгіштік, патриотизм рухы күшті. Мысалы, «Халық үшін» деген өлеңінде ақын көпшілік халықты азат ету үшін, оның рухани және материалдық мүдделері үшін жанқиярлыққа шақырады.

Бердақ поэзиясында әйел бейнелері де ерекше орын алады. Бердақ сонымен қатар «Шежіре», «Хорезм», «Амангелді», «Айдос би» және «Ақымақ патша» эпостарының авторы. Бұл эпостарда, атап айтқанда «Ақымақ патша» эпосында ол озбыр билеушілерді аяусыз сынға алды.

## Болған емес

Бұл дүние дүние болғалы,  
Патша әділ болған емес.  
Шайырлар қалам алғалы,  
Хатқа дұрыс салған емес.  
Инағыў-бектің балдары,  
Бәріне жетті қолдары,  
Қисық болса да жолдары,  
Еш уақыт шаршап-талған емес.  
Қарақалпақ қалпақ болғалы,  
Халық атауын алғалы,  
Хақ-тағала жол салғалы,  
Бір теңдікті алған емес.  
Қарақалпақтың халқы бүлініп,  
Қоңсы отырған елі күліп,  
Бірқаншасы жолда өліп,  
Жүз жыл қоныс басқан емес.  
Бүлінген ел қарақалпақ болды,  
Қырылса да ұрпақ болды,  
Бердімурат Бердақ болды,  
Оны ешкім білген емес.  
Біздің халықтың билері,  
Әлемде саз ғой үйлері,  
Таймастай еш уақ күйлері,  
Дұрыс жауап айтқан емес.  
Көңілге қайғы толтырып,  
Жетімнің гүлін солдырып,  
Өздері әбден болдырып,  
Еш уақыт жолда қалған емес.  
Болмады мақсат-ниетім,  
Қор қылып мынау үмбетін,  
Жылай-жылай барлық жетім,  
Күлер шағы болған емес.  
Қанат байлап көкке ұшты,

Оны Аллам білген емес.  
Біреулер әбден зор болды,  
Біреулер шын-ақ қор болды,  
Лашынға құрған тор болды,  
Торды ешкім үзген емес.  
Нәпсін урадай ашқаны,  
Абыройының қашқаны,  
Еш уақыт шошқа-шошқаны,  
Азуласып, тістесіп жарған емес.  
Кейбіреу аш, кейбіреу тоқ,  
Тоқ адамның қайғысы жоқ,  
Аш адамның ұйқысы жоқ,  
Оны тоқтар білген емес.  
Аспанды қара бұлт басып,  
Еш уақыт шалқып жүрген емес.  
Аға биде әділдік жоқ,  
Байда қайыр-шапағат жоқ,  
Бір ынсапқа кірген емес.  
Бұл заманның түрі бетер,  
Әркім бастың қамын жер,  
Қара думнан қашан кетер?  
Шырақ шалқып жанған емес.  
Бұл дүние қайғы-қасіретті,  
Адамдарды әуре етті,  
Қаншасының басына жетті,  
Ешбір әділ болған емес.  
Досқа достар зиян етпең,  
Опасызды жолдас етпең,  
Әркез жолдан шығып кетпең,  
Жолдан шыққан оңған емес.  
Өлген өлді, өлмегендер  
Бұл өмірге келмегендер,  
Ақырет азап көрмегендер,  
Еш уайым қылған емес.

Бердімұрат менің өзім,  
Қадірім, бірақ, болған емес.

\*\*\*

Гүл болдым, гүл жайнамадым,  
Ойшы болдым, ойламадым,  
Бұлбұл болдым, сайрамадым,  
Таудан ұшқан бүркіт болдым,  
Қонар төбем болған емес.

Дән жоқ жерде торғай болдым,  
Оны ешкім білген емес.

Сыбызғы болдым, саз болдым,  
Үнім шықпай сам-саз болдым,  
Тобынан қалған қаз болдым,  
Қонар көлім болған емес,

Қаршыға болдым, қорықтым,  
Томағам болды, торықтым,  
Тастай түнекке жолықтым,  
Ешкім қадірім білген емес.

Құрғақ күні жауын болдым,  
Желсіз ескен дауыл болдым,  
Түзде еккен қауын болдым,  
Шошқасыз күн болған емес.

Бір жазалмай пәлегімді,  
Сондай болса да жұмыр бас,  
Жарылмады бұл қара тас,  
Көзімнен ақса қанды жас,  
Оны ешкім сүрткен емес.

Босқа өткіздім өмірімді,  
Бастан өткен күндерімді  
Ешбір адам білген емес.

Басқанда ұлы қонысты,  
Еткенде барып жұмысты,  
һәм мақтап Қүлен болысты,  
Ағаң сарпай алған емес...

\*\*\*

Ата-бабам малды жинап,  
Шуылдасып күліп-ойнап,  
Аштықтан жалшыған емес.  
Бауырлас бауыр ханамда,  
Қамқорым менің панамда  
Қалың мал еш болған емес. (Бұрынғылар көрген екен, Көріп  
зейін ілген екен, Атам тұхым берген екен, Бұл айтқаным  
жалған емес).

Аға бектер сыртым бүтін,  
Ішім жанып болды түтін,  
Асырып залымдар ісін,  
Ешбір рахым қылған емес.  
Кеудем бүтін, көңілім қурақ,  
Өмір қысқа, жолым жырақ,  
Астымда қашырым пырақ,  
Салт аттыға жеткен емес.  
Бұл өмірге келген адам,  
Қасірет шегіп жүрген адам,  
Дәурен атын сүрген адам,  
Ол һәм тұлға болған емес.  
Арманда кетті олар һәм,  
Кеткен қайтып келген емес.  
Бердімурат менің өзім,  
Күнқожаны көрді көзім,  
Естідім Әжінияздың сөзін,  
Олар да шат болған емес.

## Төлепберген Қайыпберген



Төлепберген Қайыпберген 1929 жылы Қарақалпақстан Республикасының Кегейлі Ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 1947 жылы мектеп мұғалімі болып бастаған. Қарақалпақ Мемлекеттік Педагогикалық Институтын бітіргеннен кейін көп жылдық шығармашылық және ұйымдастырушылық қызметін Қарақалпақ Ұлттық Баспасөзін дамытуға арнады, «Қарақалпақстан жаслары» газетінің редакторы, «Қарақалпақстан» баспасының директоры, «Совет Қарақалпақстан» газетінің редакторы, «Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі жанындағы хабар тарату және телевидение комитетінің төрағасы, «Қарақалпақстан» мемлекеттік баспасөз комитеті төрағасының орынбасары, «Қарақалпақстан» газетінің редакторы, «Қарақалпақстан» полиграфия және кітап саудасы бойынша мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары сынды жауапкершілігі мол лауазымдарда қызмет атқарды. Ол 1980 жылдан бастап Қарақалпақстан республикасы Жазушылар Одағының төрағасы қызметін тиімді атқарды және Қарақалпақ әдебиеті мен өнерінің дамуына, жас ақындар мен жазушылардың тәрбиесіне елеулі үлес қосты. Т. Қайыпберген сонымен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, бірнеше рет Қарақалпақстанның Жоғарғы Кеңесі және Нөкіс қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланды. Төлепберген Қайыпберген өзінің жазушылық қорында жарты ғасырдан астам уақытқа созылған ұлы және көп қилы шығармашылық жолын жүріп өтті. Ол өз еңбектерінде Қарақалпақ халқының тарихын, олардың бүгінгі өмірін, ұлттық құндылықтары мен дәстүрлерін жоғары шеберлікпен дәріптеген. «Рахмет, ұстаз», «Суық бір тамшы», «Хатшы», «Қарақалпақ қызы», «Маманби туралы аңыз», «Бақытсыздар», сияқты повестер мен романдар, «Қарақалпақ дастаны» трилогиясы қарақалпақ әдебиетінің қазынасынан ерекше орын алды. Бұл шығармалардың көпшілігі әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, бірқатар беделді әдеби марапаттарға ие болды. Тәуелсіздігіміздің рухани негіздерін нығайту, Қарақалпақ жерінде іске асырылып жатқан орасан зор өзгерістер мен жаңарулар үдерісін көрсететін, толерантты халқымыздың шығармашылық еңбегін дәріптейтін,

Арал мәселесіне жұртшылықтың назарын аударатын тақырыптар соңғы жылдары жарияланған жанкүйер ақынның журналистік баяндамаларында ерекше орын алды. Көрнекті жазушының қарақалпақ әдебиетін дамытудағы сіңірген еңбегін мемлекетіміз лайықты түрде марапаттады. Ол «Қарақалпақстанның халық жазушысы», «Өзбекстанның халық жазушысы» деген құрметті атақтарымен, «Шухрат» медалімен, «Достық» және «Ел-жұрт құрметі» ордендерімен, сондай-ақ Отанымыздың ең жоғары марапаты - «Өзбекстан қаһарманы» атағымен марапатталған.

### **Ибрайым Юсупов (1929-2008)**



Ибрайым Юсуповтың шығармашылығы 20 ғасырдың екінші жартысы – 21 ғасырдың басындағы Қарақалпақ әдебиеті тарихының жарқын бетін құрайды.

Ибрайым Юсупов 1929 жылы Шымбай ауданының еркін ауылында дүниеге келген. 1949 жылы Қарақалпақ мемлекеттік педагогикалық институтын бітіргеннен кейін 1961 жылға дейін сол жоғарғы оқу орнында мұғалім болып жұмыс істеді. 1961-1962 жылдары «Амудария» журналының бас редакторы, келесі үш жыл ішінде Наджим дав-Караев атындағы Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері, 1965-1980 жылдары Қарақалпақстан Жазушылар одағының төрағасы, 1980-1988 жылдары «Еркін Қарақалпақстан» (бұрынғы «Совет Қарақалпақстан») газетінің бас редакторы, сонымен қатар «Еркін Қарақалпақстан» газетінің бас редакторы. Бейбітшілік комитетінің қарақалпақстан департаментінің төрағасы болды.

Оның өлеңдері 40-шы жылдары баспасөзде жариялана бастады. Бала кезінен Қарақалпақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен, Шығыс әдебиеті мен классикалық әдебиетінің көріністерімен, ал студенттік жылдары орыс және әлем әдебиетінің жауһарларымен жақын танысып, өз шығармаларындағы көркемдік қыр-сырын зерделі зерттеді. Ақын өзінің алғашқы шығармасы «Менің Отаным» (1946) поэмасын жарыққа шығарған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін «Бақыт лирикасы» (1955), «Күннің жолаушысына» (1959),

«Ойлар» (1960), «жеті наво» (1962), «дала армандары» (1966), «ошақтан су ішу» (1971), «Тумарис» (1974), «шабыт», «бай әлем 1987),» тұзды желдер «(1988),» ауадағы кең әлем «(1989),» арқанды сындырма...»(1995) және «әркімнің өз уақыты бар» (2004) сияқты өлеңдер жинағын шығарды. Оның екі томдық «таңдамалы шығармалар» жинақтары екі рет – 1978-79 және 1992 жылдары жарық көрді. Әр жылдары жарық көрген жинақтарда ақынның «ұстаз ағай», «Акация гүлдеген жерде», «актрисаның мойындауы», «кілемші әйел», «Ескі Фонтан туралы ертегі», «далалық қару-жарақ», «Тумарис», «Бұлбұлдың ұясы», «Періштенің Айы», «Посейдонның қаһары», «отан» және басқа да эпостар (өлеңдер)жарық көрді.

Сонымен қатар, Ибрайым Юсупов бірқатар песа және публицистикалық мақалалардың авторы. Ақын-көптеген бауырлас халықтар мен әлем әдебиетінің классикалық ақындарының шығармаларын Қарақалпаққа аударып, аралай білген аудармашы. Ол А.С. Пушкин, М. Ю.Лермонтов, Т.Шевченко, Дж. Г. Байрон, И. В. Гете, Г. Гейн, Ф. Шиллер өзінің «Шекспир сонеттері», «Әлішер Навои» және «Хафиз газалы», «Омар Хайям рубойи» өлеңдерін Қарақалпақ тіліне жоғары шеберлікпен аударып, ұлттық әдебиетімізді көркем-идеологиялық, формалы шығармалармен байытты.

Ақын «Қырық Қыз» пьесасын (Амет Шомуратовпен бірге), 1986 жылы «Александр патшаның Арманы» драмасын, 1973 жылы «Ажинияз « операсының либреттосын жасады..

Ибрайым Юсупов сонымен қатар қазіргі Қарақалпақ әдебиеттану ғылымына үлкен үлес қосты, әдеби талдау, поэзияның даулы мәселелері, көркем аударма мәселелері бойынша бірнеше мазмұнды мақалалар жазды. Оның «Соғыстан кейінгі Қарақалпақ поэзиясы» (1956), «Халық ақыны Аббас Далилов» (1958), «Қарақалпақстан – Махтумкулидің екінші поэтикалық отаны» (1958), «Махтумкули және Қарақалпақ әдебиеті» (1957), «Кейбір өлеңдер туралы» (1958) т.б.

Ақын Ибрайым Юсуповтың өзбек әдебиетімен мәңгілік достық тақырыбы шығармашылығындағы ең жарқын беттерді құрайды. Жазушы, аудармашы, баспасөз қызметкері, қоғам қайраткері ретінде ол өзбек әдебиеті мен мәдениетінің ірі өкілдерімен достасып, шығармашылық диалогтарда, саяхаттарда бірге жүрді. Оның Ғафур Гулам, Ойбек, Зульфия, Комил Яшин, Хамид Гулам, Азад Шарафиддинов, Еркін Вохидов, Абдулла Орипов, Омон



Матжон сияқты авторлармен шығармашылық қарым-қатынасы әрқашан жаңа мазмұнмен және тағылымды оқиғалармен байыды. Оның өлеңдері қазақ, украин, белорус, грузин, латыш, болгар және басқа халықтардың тілдеріне аударылған.

Қарақалпақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі құрметті атағына ие болды. Бердақ Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Көптеген жылдар бойы Өзбекстан мен Қарақалпақстан Республикасы Жоғарғы Ассамблеяларының депутаты болып сайланды. Ақын «Эл-юрт құрметі» орденімен, «Достық» орденімен, бірқатар мемлекеттік құрмет төс белгілерімен және Өзбекстан республикасының медальдарымен марапатталған. 2004 жылы Өзбекстан республикасы президентінің жарлығымен Отанымыздың ең жоғары марапаты - «Өзбекстан қаһарманы» атағымен марапатталған.»

### Тірек сөздер:

**Жыр:** Жыр-дастан-қазақ поэзиясының жанрлық түрі, түпкі, негізгі мағынасында өлеңмен баяндалатын, жырлап айтатын уақиғалы, көлемді поэзиялық шығарма (батырлық жыры, эпостық ғашықтық жыролар). Сонымен қатар, стильдік ерекшеліктері, өлең өрнегі жағынан оларға ұқсас толғау, терме секілді көлемі ықшамдау поэзиялық үлгілер де жыр деп аталған.

**Жырау:** Ордада ханның қасында әр уақытта ақылшы жыраулар болған. **Жыраулар** - халық поэзиясын жасаған ақылғөй даналар. Олар заманының өздері куә болған елеулі уақиғаларын, тарихи кезеңдерді жырға қосқан...Жыраулар поэзиясына дейінгі әдебиет халық жасаған ауыз әдебиеті деп аталды. Жыраулар поэзиясы Қазақ хандығы құрылғаннан бастап (XV ғасыр) өріс алды. XV ғасырда Асан Қайғы, Казтуған жыраулар өмір сүрді. Жырауларды халық, қадір тұтқан. Ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл, кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға күш-қуат беріп (дем беріп), істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған. Жыраулар поэзиясы XV-XVII ғасырлар аралығын қамтиды.

Жырау деген атау **жыр** сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған. Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан.

Олардың толғауларының негізгі тақырыптары - туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау.

**Жыршы:** – жыр айтушы, таратушы. Қазақ ауыз әдебиетінде өлең, жыр шығаратын, қисса, толғау, дастан айтатын адамдар “жырау”, “жыршы”, “ақын”, “өлеңші” “термеші” деп аталған. Олардың орындаушылық ерекшеліктерінде ұқсастықтармен қатар айырмашылықтар да бар. Ж-лар жырды домбыраның не қобыздың сүйемелдеуімен, мақаммен, әнмен айтады, сондай-ақ эпикалық шығармаларды да орындайды. Олар бұрыннан белгілі халық дастандарын, поэмаларды айтып таратады. Кейбір Ж-лар өз жанынан өлең-жыр да шығарады. Ж-ны халық ақынмен, әншімен, шешенмен қатар қойып қадірлеген. Қазақта Айсә Байтабынов, Мұрын Сенгірбаев, Нұрпейіс Байғанин – нағыз жүйрік, танымал жыршылар. Жыршылар кейде белгілі бір әдеби шығарманы дастанға айналдырып жырлайды. Бұл – кейінгі кезде пайда болған дәстүр. Мыс., А.С. Пушкиннің “Евгений Онегин” романын қазақ ақындары, жыршылары халық тіршілігіне бейімдеп жырлап, жаңа нұсқалар тудырған (Ә.Найманбаев, т.б.). Талантты жыршылар халық сүйіспеншілігіне бөленген. Эпикалық туындыларды көп білгендіктен олардың кейбірі “жырау” деп те аталған (Марабай, Мергенбай, Базар, т.б.). Қазақ эпосының сақталып, өркендеуі үшін жыршылар зор еңбек сіңірді. Ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері солардың арқасында заманамыздың игі мұрасына айналды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қарақалпақ ауыз әдебиетінің қазақ халқының ауыз әдебиетімен болған ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері жайлы түсінік бер.
2. Қарақалпақ фольклорының озық үлгілерін ата.
3. Қарақалпақ жазба әдебиетінің қалыптасу кезеңі.
4. Қарақалпақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясы.
5. Жиен жыру толғауларының көркемдік ерекшеліктері.
6. Жиен жырау жырлаған жырлардың тақырыбы мен идеясы.
7. Әжінияз Қосыбайұлының Қарақалпақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі
8. Әжінияз еңбектерінің тақырыбы мен идеясы.
9. Бердақ шығармашылығында тарих, заман, дәуір мәселесі.
10. Бердақ еңбектері және олардың қарақалпақ әдебиетіндегі орны.
11. Төлепберген Қайыпбергенов шығармаларының өзіндік

ерекшеліктері.

12. Т. Қайыпбергеновтың қарақалпақ әдебиетіндегі орны.
13. И. Юсуповтың өмірі мен шығармашылығы жайлы тың мағлұматтар.
14. Қарақалпақ әдебиетінің тарихы деген тақырыпта баяндама жаз және оның презентациясын жаса.
15. Қарақалпақ әдебиетінің ірі өкілдерінің шығармаларынан пайдаланып кроссворд жаса.

## Қырғыз әдебиеті

Қырғыз фольклоры да, басқа елдердің ауыз әдебиеті сияқты, халық творчествосының көп жылғы жемісі. Қырғыз фольклоры бай да көп жанрлы, онда басқа елдердің ауыз әдебиеттерінде кездесе бермейтін, өздеріне ғана тән түрлер де кездеседі. Ол — көбінесе малмен, бақташылықпен байланысты айтылатын өлеңдер. Оны «Бекбекей», «Сақсақай», «Шырылдан» деп атайды. Ол жаз маусымындағы еңбек үстінде айтылады.

Қырғыз халқының ауыз әдебиетінен дидактикалық негізде айтылатын мақал-мәтелдер де, насихат өлеңдер де көптеп кездеседі. Олар мыңдаған жылдардан бері келе жатқан бабалар насихатына жалғас әр ғасырда жаңарып, күрделеніп отырған. Оларда батырлық, ер жүректік дәріптеледі, еңбекке шақырады.

Қырғыз фольклоры эпикалық жанрға да бай. Олар ертегілер, мысалдар, күлдіргі әңгімелер, сатиралық шығармалар болып келеді. Оның ішінде әлділерді үнемі тапқырлықпен, ақылмен алдап, жеңіп отыратын, күлкіге айналдыратын Алдар Көсе атына байланысты айтылатын ертегілер өз алдына бір төбе.

Ауыз әдебиетінің күрделі түрінің бірі — батырлық дастандар. Олардың ішінде көпшілікке молынан тараған, халық сүйсіне тыңдайтын: «Қожажас», «Олжабай мен Кішімжан», «Кедей-қан» атты лиро эпикалық дастандар және «Құрманбек», «Ер Төстік», «Жадыл-мырза» атты батырлық дастандар да бар. Ал осылардың қайсысынан болсын өресі биік, халықтың мыңдаған жылғы өмірінен елес беретін батырлық дастан — «Манас».

Әрине, қырғыз фольклорының шырқау биігі — «Манас» эпосы. Бұл жыр дүниежүзілік әдебиет пен мәдениеттің алтын қорына қырғыз халқының қосқан үлесі деуге болады. Бұл жырда батыр Манас басқарған жеңімпаз, ақылды, ер жүрек қырғыз батырларының сыртқы жауға қарсы жорықтары баяндалады.

## Манас дастаны

Манас дастаны - қырғыз халқының дәстүрлі эпосы. Ауыз әдебиетінің тамаша үлгісі, бұл дастан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жырланып, халық есінде сақталуда. Дастанның жазбаша үлгілерінің бірі жарты миллионға

жуық жолдан тұрады да, көлемі

жағынан Гомердің Одиссеясы мен Илиадасын қосқандағы көлемнен жиырма есе, ал Махабхарата көлемінен екі есе асып түседі.

Жыр-дастан Манастың, оның ұрпақтарының және ісін жалғастырушыларының хикаяларын баяндайды. Эпос үлкен үш бөлімнен тұрады: Манас жыры, Манастың ұлы Сәметейдің жыры және Манастың немересі Сейтектің жыры. Дастанның өзекті тақырыбын қытай мен қалмақ дұшпандарына қарсы шайқастар сипаттайды. XV ғасырдан бастап дастанның аты деректерде атала бастағанмен, оның жазбаша нұсқасы 1885 жылға дейін жасалмаған болатын. Әр түрлі көзқарастар негізінде дастанның пайда болу уақытын: VII-X ғасырлар, XI-XII ғасырлар немесе XV-XVIII ғасырлар аралығы деп мөлшерлейді.

Манас эпосы қырғыз әдебиетінің классикалық туындысы ретінде түрлі жиын-шараларда дастанды зерттеуші, орындаушы мамандар, манасшылармен жырланады. Екіншісі бірі манасшы бола алмайды. Манасты жырлау өнері әдетте жыршыға түс көргенде несіп етіледі. Ол түсте Манастың өзі, немесе дастанның өзге кейіпкері жыршыға манасшы болуды бұйырады екен. Бұйрықты орындамаған жағдайда, түс көрген кісі ауыр дертке шалдығып немесе мүгедек болып қалуы мүмкін деген наным бар. Манасшылар дастанды арнайы әуенке салып, музыкалық аспаптардың көмегімен әндетіп жырлайды.

Қырғызстанда көптеген манасшылар бар. Дастанның үш бөлігін де жатқа білген манасшылар «Ұлы Манасшы» атағына ие бола алады. XX ғасырдың ұлы манасшыларына Сағымбай Оразбақов, Саяқбай Қаралаев, Шаабай Азизов (мақала суретінде бейнеленген), Қаба Атабеков, Сейден Молдоқова және Жүсіп Мамай кіреді. Рысбек Жұмабаев, мәртебелі манасшы жақында Ұлыбританияға барып келген. Бішкек Филармониясының манасшысы, Ұрқаш Мәмбеталиев те Еуропа елдеріне сапарлар жасап тұрады. Жасы кішілеу манасшы, Талантаалы Бакчиев манасшы кәсібін «Манас» дастанының ғылыми түрде зерттеумен толықтырады.

Дастанның әр түрлі бөлімдерінің 65-тен астам жазбаша нұсқалары белгілі. Ұлы ағартушы ғалымымыз Шоқан Уәлиханов дастан бөлімдерін қағазға түсіріп, «Көкөтай ханның асы» деген көлемді үзіндісін орысшаға аударған.

Манас батыр Алатау тауларының Талас ауданында Қырғыстанның солтүстігінде жерленген деген болжамдар бар. Талас қаласынан 40 км-дей жерде орналасқан кесенеде батырдың мәйіті жерленген деседі. Бұл кесене саяхатшылардың үнемі барып тұратын жері. 1995 жылдан бастап бұл жерде қырғыз халқының дәстүрлі атүсті ойындары өткізіледі. Алайда мазардың үстіндегі жазуда «Әйелдердің әйгілісі Кенізек-ханым, Абықа әмірінің қызы», - деген арнау бар. Дастан мазмұнында бұл жағдай былай түсіндіріледі: Кәнікей, Манастың жесірі бұл арнауды дұшпандарды алдап, кесенені бұзылудан сақтау мақсатында әдейі жазғызыпты. Сондай-ақ «Манастың күмбезі» деген атпен белгілі ғимарат шамамен 1334 жылы салынған болуы керек. Қирап қалған бұл құрылыстың орнында Манас батыр мен дастанға арналған мұражай орналасқан.

«Манас» дастанында қырғыз елінің әдет-ғұрып, қағида-салты, шаруасы, жаушылық тұрмысы кеңінен айтылған. «Манас» дастанын кейбір эпизодтары 16 ғасырда жазылған «Мажму ат-таварих» шығармасында айтылады.

«Манас» алғаш жаралғанда өте кішкене көлеміндегі, сюжеттік түзілісіндегі шығарма болған емес. Одан кейінгі мұндағы айтушылар, жыршылар, манасшылар толықтап, мазмұнын кеңейтіп, байытып, сюжетін дамытып, бүгінгі күндегі деңгейге жеткен

«Манас» жыры — қырғыз халқының дүние жүзілік мәдени асыл қазынаға қосылған белгілі мұрасы. Ол — ауыз әдебиеті шеберлерінің көптеген ұрпағы жасаған, көлемі де орасан зор туынды. «Манас» Манас басқарған жеңімпаз, ақылды, ер жүрек қырғыз батырларының сыртқы жауларға қарсы жорықтарын баян ететін бірнеше дастан циклінен тұрады.

«Манас» - қырғыз халқының ғасырлар бойғы өмірін және оның шетелдік басқыншылармен қаһармандық күресін кеңінен бейнелейтін таңғажайып поэтикалық шығарма. Эпос басынан аяғына дейін поэтикалық түрде жасалған және шамамен 500 000 бәйттен тұрады.

«Манас» эпосы үш үлкен бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде халық қаһарманы Манастың өмірі, шытырман оқиғалары мен қаһармадығы, екінші бөлімде Манастың ұлы Семетей, ал үшінші бөлімде Манастың немересі Сейтектің өмірі, шытырман оқиғалары мен бастан кешкендері баяндалады.

«Манас» жырының кейбір жекелеген бөлімдері болмаса, толығынан жиналып басылған кезі – төңкерістен кейінгі дәуір<sup>4</sup>. Оның толық нұсқасы алғаш рет белгілі жырау Сағымбай Оразбақовтың айтуы бойынша жазылып алынған. Одан кейін «Манас» трилогиясын («Манас», «Семетей», «Сейтек») толық жырлаған жырау – Саяқбай Қаралаев. Жыр көп халықтың тілінде аударылған. Ол қазақ тіліне аударылып, төрт кітап болып жарық көрді.

Қазақтың белгілі ғалымы Шоқан Уәлиханов ХІХ ғасырдың екінші жартысында «Манас» жырының жекеленген үзінділерін («Көкетай ханның өлімі және оған берілген ас») жазып алып, оны орыс тіліне аудару арқылы қырғыз елінің ғажайып әдеби мұрасын басқа елдерге, Еуропа ғалымдарына тұңғыш рет таныстырды.

«Манас» жырының Шоқан Уәлиханов жазып алған нұсқасы соңғы кезге дейін ғылымға белгісіз болып келген еді. Академик Ә.Марғұлан ұзақ жылдар бойы сарыла іздеп, архив қазыналарынан «Манас» жырының Шоқан жазып алған нұсқасын тауып, ол туралы ғылыми еңбек жазды.

«Манас» эпосы көптеген тілдерге аударылған. Ол қазақ тіліне де аударылып, төрт кітап болып жарық көрді.

Қырғыздардың танымал дастаны Гиннестің рекордтар кітабына әлемдегі ең ұзын дастан ретінде енген. Ал 2013 жылдың 4 желтоқсанында «Манас» ЮНЕСКО-ның адамзат мәдениетінің материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енгізілді. Осыған байланысты 2015 жылы Қырғызстанда 4 желтоқсан «Манас» күні болып жарияланды.

«Манас» дастаны халықтың ішінде ұрпақтан ұрпаққа беріледі, ал дастанды өлеңдетіп айтатын кісілерді «Манасшы» деп атайды

Қырғыз халқының әдебиет тарихында халық ақыны Тоқтағұл Сатылғановтың алатын орны ерекше зор деуге болады. Тоқтағұл өзі өмір сүрген дәуірдегі ( ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезі) қырғыз елінің қоғамдық, әлеуметтік, саяси өміріндегі көптеген мәселелерді өз жырларына өзек етті.

---

<sup>4</sup> ХІХ ғасырдың екінші жартысында «Манас» жырының жекелеген үзінділерін («Көкетай ханның өлімі және оған берілген ас») жазып алып, оны орыс тіліне аударып бастырған, сол арқылы қырғыз халқын, оның тамаша әдеби мұрасын тұңғыш рет басқа елдерге таныстырған кісі – Шоқан Уәлиханов. Советтік кезеңде «Манас» туралы көптеген құнды ғылыми еңбектер жазылды. Академик жазушы М.Әуезов «Манас» жырын зерттеушілердің ішінде көрнекті орын алады.

Төбесінен төнген ажалдан да тайсалмай, қашанда әділдікке жүгінетін Тоқтағұл ақынды кезінде Сібірге айдатып жібереді. Ерлік пен өрлікті, қайсарлық пен өжеттікті өз толғауларына өзек еткен қырғыз ақыны Тоқтағұл жырлары қазақтың жалынды ақыны Махамбет өлеңдерімен үндес, сарындас болып келеді. Тоқтағұл ақын қырғыз бен қазақ халықтарының сан ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан достығын нақтылы түрде, тарихи деректерге сүйеніп, мейлінше шеберлікпен жырлайды.

XX-шы ғасырдың жиырмамыншы және отызыншы жылдарындағы қырғыз әдебиетінің жалпы ілгерілеуінен артта қалған проза жанры елуінші жылдарға қарай біршама дами бастады да, жаңа әңгіме, эссе, повесть және романдармен байытылды. Соғыстан кейінгі кезеңдегі қырғыз әдебиетіндегі осы салмақты әдеби жанрының дамуындағы аға буын өкілі Т. Садықбековпен бірге жас прозашылардың Н. Байтеміров пен Ш. Айтматовтардың қызметі орасан зор.

Дарынды жазушы Шыңғыс Айтматов соңғы жылдары жарияланған әңгімелерімен қырғыз прозасының деңгейін әлем әдебиеті деңгейінде жоғары биіктерге көтерді. Шыңғыс. Айтматов қырғыз жазушылары мен орыс прозасының шеберлерінен идеологиялық өткір, ерекше, және айқын әңгімелер жасау шеберлігін үйренді.

Шыңғыс Айтматовтың басты кейіпкерлері-қарапайым адамдар. Жазушы осы қарапайым адамдардың адами қасиеттерін, өте бай және күрделі ішкі әлемді, өзіне тән мінез - құлық пен тұрмыс-тіршілігін әділ бейнелейді.

### **Тоқтағұл Сатылғанов**



Тоқтағұл Сатылғанов 1864 жылы 25 қазанда Сасық-Жиде ауылында кедей отбасында дүниеге келген. Анасы өз жерінде өнерлі, атақты жоқтаушы болған. Ол ұлының ән айтуға, композиторлыққа деген құштарлығын оятты.

Тоқтағұл ақындық өнердің барлық жанрларын жетік меңгерген. Оның алғашқы шығармалары лирикалық халық әндерінің рухында жазылған. Сатылғанов шығармашылығында бірте-бірте саяси-



элеуметтік-сыни мазмұндағы шығармалар алға шығарады. Ол халық әнінің кейбір жанрларына өз заманына сай мән-мағына беріп, интерпретациялаған.

1884 жылы Тоқтоғұл Сатылғанов үйленіп, шаруамен айналасты. Ұлдары дүниеге келген соң отбасы ана жағынан туыстарының қасына қоныс аударады.

1898 жылы Тоқтоғұл Әндіжан көтерілісіне қатысты, содан кейін ол тұтқындалып, дарға асу жазасына кесілді, кейінірек бұл жазаның орнына жеті жылдық Сібір аймағындағы ауыр жұмыс жасауға жіберілді. 1910 жылы қашқан Сатылғанов еліне оралды. Ақын Сібірде болған кезде оның ұлы қайтыс болады. Бүкіл қиындықтарға қарамастан Сатылғанов танымал ақын болып, қарапайым халықтың «үні» ретінде қызмет етеді.

1928 жылы Қырғыз автономиялық республикасының Халық ағарту комиссариаты Тоқтағұлды Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласының ең атақты ақыны ретінде шығармаларын жазып алу үшін шақырады. Сол уақытта Тоқтағұлдың репертуарында 18 туынды болған.

Тоқтағұл Сатылғанов 1933 жылы 17 ақпанда туған ауылында қайтыс болды.

Ақынның ауылында мұражай ашылды, сондай-ақ оның құрметіне Қырғызстанның Музтор қаласының атауы өзгертілді.

Әдебиетке, ақындыққа анасы Бурманның тигізген әсері мол болған. Ол музыка аспаптарында ойнайтын, ауыз әдебиетін жетік білген. 15 жасынан ақын, шешен, музыкант ретінде елге аты кең жайылады. Сартбай, Есенаман т.б. халық ақындарынан тәлім алып, айтыс өнеріне машықтанады. Халық дастандарын («Сарынжы-Бөкей», «Кедейхан» т.б.) жаттап, халық арасына таратты. С.Тоқтағұлдың даңқын шығарып, елге кең тараған жырларында («Алымхан» «Насылхан» «Айымжан», т.б.) махаббат, достық тақырыбы басым жырланды) Үстеп тап өкілдерін шенеп айтқан сатиралық өлеңдері көп («Бес қабан», «Өсімқор Шақырбай», «Еселбайдың үйленуі» т.б.) Сатылғанов Тоқтағұл 1898 ж. бай-манаптардың жалған жаласымен айыпталып, көп жыл Сібірде айдауда болды.(25 жыл) Осы кезде «Қош Елім», «Тұтқында жүргенде», «Азапқа түсті өмірім» т.б. жырларын шығарды. Ұлы Қазан революциясы С.Тоқтағұл жырларына жаңа мазмұн («Жаса, Кеңес өкіметі», «Бостандық заңы», «Туған жерім» т.б.) берді. Ол қырғыз әдебиетінде В.И.Ленин образын («Лениндей ұлды кім туды», «Ленин ашты жолыңды» т.б.) тұңғыш жырлады. С.Тоқтағұлдың шығармалары КСРО халықтарының

көптеген тілдеріне аударылды. Қазақ тілінде де жеке кітап болып шықты. Тоқтағұл поэзиясы - халық тағдырының айнасы.

### **Айтматов Шыңғыс Төрөкүлұлы (1928-2008)**



Айтматов Шыңғыс Төрөкүлұлы 12.12.1928 жылы Қырғыз Республикасы Талас өңірі, Шекер ауылы туған, - 10.06.2008 жылы, Нюрнберг қаласы, Германияда қайтыс болған. Шыңғыс Айтматов қырғыздың аса көрнекті жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, Қырғызстанның халық жазушысы (1968), Қырғызстан ғылым академиясының академигі (1974). Соц. Еңбек Ері (1978). Қазіргі әлем әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі. Ш.Айтматов проза жанрында және киносценарий, драматургия, әдебиет сыны, аударма саласында бірдей еңбек етеді. Қырғыз және орыс тілдерінде жазады. Айтматов 1953 жылы Қырғыз ауыл шаруашылығы институтын бітірген. 1953-56 жылдарда Жамбыл облысының Талас ауданында Қазақ зоотехник малдәрігерлік ғылыми-зерттеу институтының эксперименттік фермасында зоотехник болып қызмет атқарған. 1956-1958 жылдары Мәскеудегі Жоғары әдебиет курсында тыңдаушы, 1959-1960 жлдар арасында «Литературный Киргизтан» журналының бас редакторы, 1960-1965 жылдар аралығында «Правда» газетінің Қырғызстандағы меншікті тілшісі, 1965-1986 жылдары Қырғызстан Кинематографистер Одағының төрағасы, 1986 жылдан Қырғызстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, 1988 жылдан «Иностранная литература» журналының бас редакторы, 1990 жылы КСРО-ның Люксембургтегі елшісі болып сайланды. 1991 жылдан Қырғызстанның Бельгиядағы төтенше елшісі қызметін атқарған. «Әшім» атты тұңғыш әңгімесі 1952 жылы жарияланды. Одан кейін «Аспалы көпір» (1956), «Бетпелбет» (1957) т.б. әңгімелері жарық көрді. Жазушыны алғаш даңққа бөлеген таңдаулы туындысы әйгілі «Жәмила» әңгімесі (1958). Осы шығарма арқылы Айтматов дарынын жоғары бағалап, алғаш жүрек жарды пікір айтқандар М.Әуезов пен француз жазушысы Л.Арагон болды. Жәмила бейнесі соны сымбатымен әрі жаңашыл, сезімтал, жігерлі қасиеттерімен, өз бақыты үшін

күрескен батылдығымен, тал бойы мінсіз сұлу нәзіктігімен оқырман қауымды баурап алды. Осыдан кейін-ақ жүздеген ұлттан тұратын бұрынғы Кеңестер Одағы аталған үлкен елдің әдебиетінде Айтматов шығармашылығы ерекше құбылыс болып саналып, оның қаламынан туған әрбір туындысы мың-сан оқырман асыға күтіп, оқитын құрметке ие болды. Кейін «Құс жолы», «Алғашқы ұстаз» (екеуі де 1963), «Қош бол, Гүлсары» (1967, КСРО мемлекеттік сыйлық 1968 ) «Ертегіден соң» (1970), «Ерте қайтқан тырналар» (1975, КСРО мемлекеттік сыйлық 1977) повестері де «Боранды Бекет» (1980, КСРО мемлекеттік сыйлық 1983), «Жан пиди» (1986), «Кассандра таңбасы» (1995), «Мәңгі келіншек немесе Таулар құлағанда» (2007) романдары әлеуметтік мәселелерді, рухани байлықты, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік, адамның асыл мұраттарын, адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын, өмірдегі келеңсіз көріністерді суреттейді. Шығармалары алыс шетелдерге де кеңінен танылды. Айтматов қаламынан туған әрбір шығарма адам баласының көкейтесті мәселесін соншалықты, сыршылдықпен, шыншылдықпен, жаңашылдықпен қозғауымен ерекшеленеді. Айтматов «Тау мен дала хикаясы» аты шығармалар жинағы үшін 1963 жылы Лениндік сыйлық алды. «Қош бол, Гүлсары» (1967), «Ерте қайтқан тырналар» (1975) повестері, «Боранды Бекет» романы (1980) үшін үш мәрте (1968, 1977, 1983) КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері болды. «Шынарым менің, шырайлым менің» (1960), «Алғашқы ұстаз» (1962), «Ақ кеме» (1970) повестері де әлем халықтары сүйіп оқитын шығармалар қатарына жатады. Айтматов туындылары түгелдей дерлік қазақ тілінде жарық көрді. Сонымен бірге француз, неміс, жапон, араб, түрік, парсы т.б. дүние жүзінің көптеген тілдерінде аударылды. Бұл туындыларында Айтматов замандастарымыздың түрлі мінезі болмысын, жастардың шынайы махаббатын, адам бойындағы мейірім мен қатыгездік табиғатын толғана суреттейді. Айтматов «Ана-Жер ана» (1963) повесінде қырғыз халқының Отан соғысы жылдарындағы басынан кешкен қасіретін, қайғысын, сол ауыртпалықты төзіммен көтере білген биік рухын Толғанай бейнесі арқылы шыншыл да, асқан шеберлікпен көрсетеді. «Ана-Жер ана» спектаклі ең алғашқы рет Алматыда М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында табыспен қойылды. Адамзаттың Айтматовы аталып кеткен, заманымыздың заңғар жазушысының кейінгі жазған романдары «Жанпиди» (1986), «Кассандра таңбасы» (1995) философиялық тереңдігімен ерекшеленеді, «Мәңгі келіншек (Таулар

құлағанда)» (2007). Өмірдің сан қатпар сыры мен қырына үнілген, соның болмысын ашып көрсетуге бой ұрған зерделі зерттеу, пайымдауы мен тың, тосын көркемдік кестесімен қызықтырады. Оқырман назарын адамгершілік мінез құлықтың осы күнгі толғақты мәселелеріне аударады. Айтматов шығармалары бойынша көптеген көркем фильмдер түсірілді. Бірсыпыра шығармалары бойынша жасалған сахналық нұсқалары «Ана-Жер ана», «Шынарым менің, шырайлым менің», «Боранды Бекет» қазақ драматургі Қ.Мұхмеджанов пен бірігіп жазған «Көктебедегі кездесу» пьесасы Қазақстан Республикасының облыс театрлары сахнасын берік орын алған. Соңғы кезде қазақ ақыны М. Шахановпен бірігіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы (1997) жарық көрді. Осы екеуі бірігіп жазған «Сократты еске алу түні немесе миғұла терісі үстіндегі сот» пьесасы Ғ. Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театрында қойылды. (1998). Айтматов бірсыпыра Еуропа елдері Академиясының Құрметті академигі, бірнеше рет КСРО Жоғары Кеңесіне, Қырғызстан Жоғары кеңесіне депутат болып сайланды. Айтматов Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығының лауреаты.

Қорыта айтқанда Шыңғыс Айтматов қырғыз әдебиетінде ғана емес, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының әдебиетінде де форма мен мазмұнның жаңашылдығы ретінде танымал болды. Осы себепті оның идеологиялық және көркемдік жағынан жетілген әңгімелері әлемдік прогрессивті жазушылардың назарын аударды. «Жәмила» шығармасын француз тіліне аударған атақты француз жазушысы Луи Арагон бұл шығарманы «Әлемдегі махаббат туралы жасалған ең жақсы туынды» деп атады.

### **Тірек сөздер:**

**Дастан** – әдебиет жанры. Фольклордың саласына жатады. Таяу Шығыс, Орта Азия, қазақ халықтары арасында кең тараған. Тақырыбына қарай қазақ дастандары батырлар жыры («Алпамыс»), тарихи жырлар («Бекболат»), ғашықтық жырлар («Қыз Жібек»), қиссалар («Тотының тоқсан тарауы») болып бөлінеді. Кеңес заманында еңбек ерлеріне, Отан соғысы батырларына, партия қайраткерлеріне арналған авторы белгілі дастандар шықты. Мысалы, Жамбылдың «Замана ағымы», Н.Байғаниннің «Қанды жорық», Қ.Жапсарбаевтың «Капитан Гастелло» дастандары т. б. дастанның тілі шұрайлы, онда бейнелі сөздер көп кездеседі. М.Әуезов «Абай (Ибраһим)

Құнанбайұлы (1845-1904)» монографиясының «Абайдың поэмалары» тарауында дастанның негізгі оқиғасы шығыс аңыздарына құрылатындығын, оны Абайдың жаңғыртып, «анық қазақтың өз үлгісіндегі дастандар түрінде» жазғанын мысалға келтірген, «Абай шығыс әдебиетіндегі ұлы классиктер мол баяндаған күйге түгел тоқтап, бағынып қалмайды. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жақындатып, реалистік стильге бұрады».

**Бәйт** – өлең-жыр және екі жолды өлең деген ұғымдарды береді. Бұл - араб, парсы және түркі тілдес халықтар поэзиясындағы қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең түрі. Айтылар ой барынша тұжырымды болып келеді. Мұның өзі Шығыс поэзиясындағы шумақ жасаудың негізгі ұйтқысы. Осыдан ғазел, қасида, маснави, рубаят т. б. шығыстың өлең түрлері туындайды. Қазақ поэзиясында аударма шығармалар да кездеседі. Абай **»Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы...»** деген өлеңінде: Әуелі аят, хадис - сөздің басы, Қосарлы бәйітсымал келді арасы, - дейді. Бұл жерде ақын «бәйітсымалды» өлең-жыр деген мағынада қолданған

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қырғыз халқының ауыз әдебиетіндегі эпостық жырлардың көрінісі.
2. «Манас» - эпосының сюжеттік желісі мен композициялық құрылысы.
3. «Манас» - эпосының неше бөлімнен тұрады?
4. Т. Сатылғанов шығармаларының басты тақырыбы не?
5. Ш. Айтматов шығармаларының көркемдік ерекшелігі неде?
6. Айтматов шығармалары әлем әдебиетінде алар орны.
7. Әлем әдебиеті аренасында Қырғыз әдебиетінің орны.

## Түрікмен әдебиеті

Түрікмен халық ауыз әдебиетінің көне жанрының бірі — ертегілер. Онда халық даналығы әділетсіздікті, арам тамақ ала аяқтарды, кісі еңбегін пайдаланушылар мен жауыздықтың түрлі көріністерін өлтіре сынайды. Ертегілерде халық арманы, жақсылықтың жемісі, адамгершіліктің асыл үлгілері әңгіме болады.

Эпикалық ірі дастандар — түрікмен фольклорының аумақты саласы. Олардың ішінде Шығыс классиктерінің көбінің шығармаларына тақырып болған «Ләйлі — Мәжнүн», «Жүсіп пен Зылиха», «Ғариб пен Санам», «Тахир мен Зухра» т.б. туындылар да бар. Ал «Көрұғлы» атты батырлық дастан да түрікмен фольклорының төрінен орын алады. Бұл — бүкіл түркі тілдес халықтардың сүйікті шығармасына айналған эпос.

Түрікмен фольклоры қожа-молдаларды, жалқауларды сынайтын сықақ өлеңдерге де, даналық ойдан туған (бабалар сөзі) мақал-мәтелдерге де бай. Мұнда көбінесе түрікмен халқының өмірі, тарихи тіршілігі баяндалады. Сонымен қатар жолдасқа, досқа деген адалдық, әлсіздерге деген аяушылық, дұшпанға деген өшпенділік, бос-тандыққа, бақытты өмірге талпыну, адамдардың басында болатын қуаныш пен қайғы да өз көрінісін табады. Ауыз әдебиетінің мұраларын халық арасында кең таратуда, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде бахшилердің алатын орны, атқаратын міндеті ерекше.

Жазбаша әдебиет түрікмен халқының рухани әлемінде шамамен XI-XII ғасырларда бастапқыда Әли сияқты діни мотивтерді жырлаған ақындар шығармашылығының әсерінен түркі тілінде (Шығатай) пайда болды.

XIV ғасырда түрікмен жазба әдебиетінің ұлы өкілдері Бурхониддин Сивосий мен Саид Имониддин Насими өмір сүріп шығармашылықпен айналысты. Алғаш рет Хорезмде дүниеге келген және Кіші Азия қалаларында өмір сүрген Сивосий өз өлеңдерін түрікмен тілінде жазған. Ол өзінің шығармашылығымен түрікмен поэзиясына аруздың салмағын енгізе алды. Қолөнершінің отбасында туып-өскен және білімді адам ретінде тәрбиеленген Насими, керісінше, өз туындыларын негізінен Кіші Азияның қалалары мен ауылдарында өмір сүрген жылдары жазады. Діни қызметкерлері Насимиді сатиралық күлкілі шығармалары үшін аяусыз өлтірді.

Түрікмен классикалық әдебиетінің ірі өкілі Мақтымқұлы мемлекетте Иран патшасы Нодиршахтың кезінде өмір сүрген. Оның жастық шағы Гургон қаласының маңындағы Хожигавшан ауылында өтті. Мақтымқұлы Хивадағы Шерғозихан медресесінде білім алған. Иран әскерлерімен болған шайқастардың бірінде тұтқынға алынған ақын Иранда бірнеше жыл өмір сүрген. Мақтымқұлының шығармашылығы түрікмен классикалық әдебиетінің шыңы болып саналады. Өйткені, өмірдің ащылығынан дәм татып, көптеген саяхаттар жасай отырып, Мақтымқұлы Шығыс классикалық әдебиетін терең зерттеп, түрікмен классикалық поэзиясын формасы мен мазмұны бойынша тамаша ғазелдер мен рубойларымен байытты.

### Мақтымқұлы Пырағы



Түрікменнің XVIII ғасырдағы белгілі классик ақыны Мақтымқұлы 1733 жылы туған. Ол алғашқы білімді ауыл мектебінен алыпкейін Хиуадағы Ширгазы, Бұхарадағы Көкелташ медреселеріне барып білімін толықтырады. Болашақ ақын сөз өнерін қастерлеген ақын жанды адамдар арасында тәрбиеленеді. Ақынның атасы Мақтымқұлы (немересіне соның аты берілген) өлең шығарса, ал өз әкесі Дәулетмамед — ел арасында аты белгілі ақын болған адам. Оның өлеңдері, ғазалдары және «Вағзы-Азад» атты дидактикалық поэмасы бар. Бұл шығармасы Дәулетмамедтің парсының, өзбектің классикалық әдебиетімен жете таныс болғандығын танытады. Осындай ортада тәрбиелену Мақтымқұлыға қолына ерте қалам алуға жағдай жасайды, тоғыз жасына өлең жазады. Ол — күмістен зат жасайтын зергер де. Ақын бойындағы осындай сан қилы қасиеттері оның күн көрісін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Мақтымқұлы өлеңдеріне қарағанда, Хиуа мен Бұқарада, Азербайжанда, Иранда, Ауғанстанда болғаны байқалады. Ақын медресені бітргеннен кейін көп елді аралайды, оның негізгі себебі білімін толықтыру болуы ықтимал. Осындай аздаған мәліметтен басқа оның өмірі жайында дерек жоқтың қасы.

Ақынның жеке басының тағдыры да сәтті болмайды. Жас кезінде Менді деген сұлу қызды ұнатады. Бірақ Мендіні әкесі басқа елге ұзатып жібереді. Ақын бұл жағдайға қатты қайғырғанға ұқсайды. «Жар сенен» деген өлеңінде:

*Шарап ішіп, шартарапты шарласам,  
Ет жүрегім тілім-тілім зарласам,  
Көгершіндей таудан тауға самғасам,  
Бәлкім, хабар алар ма екем, жар сенен! —*

деп қасірет шегеді. Ақын кейін Аққыз деген қызға үйленеді. Одан екі ұл көріп, оның екеуі де жастай өледі. Мұндай ауыр қаза ақын қайғысына қайғы қосады.

*О, достарым, қайтейін,  
Басымды зар қатырды,  
Сүйген ұлдан айрылып,  
Көкірегім аһ ұрды, —*дейді.

Осындай өз басының қайғысы халық қайғысымен ұштаса келіп, ақын 1772 жылы қайтыс болады. Сүйегі Атрек пен Соңти-Дагтың аралығындағы мазарда жерленген әкесінің қасына қойылады. Мақтымқұлының өмірі елі екі қанауды басынан кешіріп тұрған кезге тап болады. Халқының қаналуы, тұрмысының нашарлауы, оған қарсы ұйымдастырылған күрестің сәтсіздікпен аяқтала беруі халық қамқоршысы болған ақынның творчествосына да әсерін тигізбей қоймайды. Оны ақын өлеңдерін қарастырғанда бірден байқауға болады.

Мақтымқұлының соңына қалдырған әдеби мұрасы мол. Ақын көбінесе Шығыстың классикалық поэзиясының негізінде жазады. Ақын мұрасының дәл көлемі қанша екендігі белгісіз, шамамен 16-18 мың жолдың мөлшері деп есептейді. Өлеңдерін көбіне өз атымен, ал кейде «Фраги» деген жасырын атпен жазған.

Ақын творчествосынан негізгі орын алатын тақырыптың бірі — ру арасындағы тартысты жойып, түрікмен халқының басын біріктіру, яғни халық ынтымағы. Мақтымқұлы — еліне, халқына сенген ақын. Барлық тірлік, өмір елмен, халықпен ғана деген ұғымды мықтап ұстаған. «Ер басына келсе, Ақылдасар елменен», — деп ерліктің, батырлықтың тірегі ел деп танытқан. Ақынның осындай сарпында шыққан «Еліменен», «Жасымыз», «Санар», «Керек-ті» деген өлеңдерін жинастыра қарасақ, оның патриоттық, отаншылдық арнаға келіп құятындығы аңғарылады. Ол бұл өлеңдерінде халқын бірлікке, достыққа, тұтастыққа шақырады. «Менімен» деген өлеңінде:



*Бапты сұңқар құс алар,  
Көптің күші тас бұзар,  
Ердің даңқы бір шығар*

*Ағайын-жұрт, елімен*, — деп, ынтымақтылықты дәріптейді, бір ауызды ел болуға үндейді. Ақын Иран және басқа да елдердің басқыншыларына қарсы халықтың жарқын болашағы үшін қарсы тұруды армандайды. Оның бірігіп бас көтеру идеясы «Бақыт құсы» атты өлеңінде айқындала түседі. Өзара қырқысып отырған феодалдық заманда ақынның бірігіп бас көтеруге үндеуі — үлкен прогрестік маңызы бар мәселе.

Мақтымқұлы өлеңдерінің тәрбиелік мәні де зор. Ол елін тәуелсіз ету үшін халқына қамқоршы болатын азаматтар керектігін армандайды, жастарды ерлікке, батырлыққа шақырады. Елі үшін жанын пида еткен ерлерді дәріптейді.

*Қабылан құсап кірсе жарып майданға,  
Түлкі болмай, қыранша ұшсын қай-қайда,  
Қайда жүрсе, құлақ түрсін айғайға,*

*Алар жерде аянбауы керек-ті*, — деп, өмірде шындалған ер жүрек ерлердің образын жасайды.

Ақын шығармаларында әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдағы әділетсіздікті де сынға алады. Өлеңдерін елді езуші хандарға, бектерге, қажы-молдаларға қарсы қару етіп жұмсайды. Әсіресе дін иелерінің жалған пікірлерін әшкере етеді. Халықты дін жолымен езушілерге ақын сол діннің өзін қару етіп жұмсаған, олардың дінді бұрмалап пайдаланатынын аша көрсеткен. Ақын өлеңдерінде әділетсіз заманға реніштен туған түңілу сарыны да танылып қалады. Бірақ ақын қандай жағдай болса да дәрменсіздікке салынбайды, белсенді іске шақырады. Тап арасындағы антагонистік қайшылықты түсіне білмегенмен, феодалдық қоғамдағы тұрмыс, күн көріс теңсіздігі түбінде тап қайшылығына әкелетіндігін де данышпан ақын бағдарлай бастайды. «Кедей» деп аталатын өлеңінде билеушілердің тұрақсыздығын, арамзалығын көрсете келіп, «бұл заман ақшалы мен қалталынікі» деген қорытындыға келеді. Мұндай теңсіздіктен құтылудың жолын ойлайды, ол жол бас көтеру екендігін түсінеді, оны айтады да.

Мақтымқұлы творчествосы түрікмен халқының XX ғасырға дейінгі әдебиетінің озық үлгісінен саналады. Ол түрікмен әдебиетіне өзіндік жаңалығымен келген ақын. Ақынның елі, Отаны жайлы жазған, халқының

жарқын болашағын армандаған тамаша өлеңдері ешқашан да маңызын бәсеңдетпейді.

Түрікменнің кейінгі ХІХ ғасырдағы аты белгілі ақындары Кемине, Молла Непес, патриоттық жырлардың авторы Зелили мен Сеидидің творчествосына да Мақтымқұлының тигізген әсер-ықпалы ерекше. Оларға ақын өз заманының шындығын бейнелеудің жарқын үлгісін көрсетті.

Мақтымқұлының творчествосының молынан зерттелген кең көклемде мәлім болған кезі — кеңес одағы дәуірі. Бұрын түрікмен халқының өз арасында да ауыздан-ауызға ғана тарап жүрген өлеңдері қазір бүкіл дүние жүзі елдерінің тілдеріне аударылып, данышпан ақынның аты әлемге әйгілі болды. Ақын жайында жазылған Б.Кербабаевтың «Мақтымқұлы» трагедиясы мен Петр Карягиннің «Мақтымқұлы» атты романы бар. 1966 жылы Түрікменстанда және басқа туысқан республикаларда ұлы ақынның туғанына 225 жыл толу мерекесі өткізілді.

Мақтымқұлы — халқының азаттығын аңсаған патриоты. Өз заманының озық ойлы, ұлы гуманист ақыны. Ол қазақтың Абайымен, Азербайжанның Ахундовымен үндес, пікірлес. Өзінің өлмес мұрасымен, демократтық идеясымен, ақындық өнерінің күшімен демократтық-ағартушылық әдебиеттің өкілдерінің тобынан орын алады.

## **КЕРЕК-ТІ**

*Батыр болса, бола білсін қайырлы,  
Кеудесі кең ақыл-ойға пайымды.  
Түзде жүрсе қарасын сақ қиырға,  
Өз жеріне өнер, ісі керек-ті.  
Қабылан құсап кірсе жарып майданға,  
Түлкі болмай, қыранша ұшсын қай-қайда.  
Қайда жүрсе, құлақ түрсін айғайға,  
Алар жерде аянбауы керек-ті.  
Зердесінде бары болса жігіттің,  
Қалмас жатып, сыртқа шығар ол екпін.  
Елге біткен батырлықты, жүректі  
Басқаруға батыл кісі керек-ті.  
Қашсаң шырқап, қусаң жетер ат керек,*

*Батса терең, қорқытуға көп керек.  
Қан майданда шайлықпауға от жүрек,  
Жиырма, отыз — толған шағың керек-ті.  
Ынжықтарша жандарынан түңілмей,  
Құртыша бұғып, қоянға ұқсап тығылмай,  
Тастүлекше қанат қағып түйілген  
Ер жігітке батыр жолдас керек-ті...  
Мақтымқұлы, ер жігіттер сабылса,  
Жердің беті қып-қызыл қан жамылса,  
Ат шалдығып, жау аяққа салынса,  
Ай ләйім ашылғаны керек-ті.*

### **Берді Кербабоев (1894—1974)**



Берді Кербабоев 1894 жылы Кауке-Зерен аулында, Тәжік ауданында туған. Әкесі жермен кәсіп еткен кедей болған. Берді бастауыш білімді ауыл мектебінен алып, кейін Бұхара қаласындағы медреседе оқиды. Ондағы оқу болашақ ақынның көңілінен шықпаса да, медреседе Таяу Шығыс елдері классиктерінің шығармаларымен танысуға, араб, парсы тілдерін үйренуге мүмкіндік болады.

Түрікменияда халық өкіметі орнағаннан кейін, Кербабоев ағарту ісіне, баспа орындарын өркендету, жолға қою жұмысына араласады. Білімін толықтыру мақсатымен Ленинградтағы Шығыстану институтына түседі. Берді Кербабоев ел ішінде болып жатқан жаңалықтың қайсысына болсын белсене араласады. 20-жылдарда жазушы көбінесе сатиралық шығармалар жазады. 1923 жылы «Ағылшындар жатып атады», «Тағы іш» деген фельетоны жарияланады. 1925 жылы «Тоқмақ» атты сатиралық журналдың редакторы болып тағайындалады.

Берді Кербабоев 1927 жылы «Қыз әлемі» поэмасын жазады. Бұл — түрікмен әдебиетіндегі әйелдер теңдігі тақырыбына жазылған алғашқы сюжетті шығарма. Осыған жалғас жарық көрген «Адаттың құрбаны» атты реалистік поэмасында революциядан бұрынғы түрікмен әйелдерінің өмірі,

олардың бас еркінің жоқтығы, қалың малға сатылатындығы суреттелінеді. Бұл поэма жаңа өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдарда, ескіліштің қалдығы түбегейлі жойылып үлгермеген, ескілік пен жаңалық арасындағы тартыс шиеленіскен кезде жазылады. Берді түрікмен әйелдерінің өткенін еске түсіре отырып, енді ғана қолдары жеткен теңдікті пайдалана білуге шақырады.

Кербабев – драма жанрына да қалам тартқан жазушы. Соның бірі — тарихи тақырыпқа жазылған «Мақтымқұлы» трагедиясы.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кербабаев халықтың қажырлы еңбегін паш ететін «Айлар», «Құрбан дүрді» повестерін жазады. «Айлар» — өлеңмен жазылған повесть. Повестің бас кейіпкері Айлар Ұлы Отан соғысы кезінде барлық жастарға тән патриоттық істерімен, қаһарлы еңбегімен көрінеді, тылда аянбай еңбек етіп, майданда да ерлікпен соғысады. Ол қандай қиындыққа душар болып, қиналса да, Отан құпиясын берік сақтайды.

Жазушы күрделі шығармасы «Шешуші кезең» романын жиырма жылға жуық уақыт жазады. Роман — тарихи кесек шығарма. Романның бас кейіпкері — жас диқан Артық Бабалы. Ол — типтік бейне, жазушы оның образын жалпы халық өмірінің фонында ашады. Романдағы негізгі конфликт бір-біріне жау екі тап өкілі Артық пен Халназар арасындағы тартысқа құрылады. Артық образы жұмысшылар, диқандар мен шаруалар бейнесі көрсетілсе, Халназар бай образы арқылы халықты қанап байыған бүкіл үстем тап өкілдерінің типтік бейнесі жасалған.

1949 жылы «Ақ алтынды аймақтың Айсұлтаны» атты повесі жарық көрді. Повестің бас кейіпкері — Айсұлтан Рахманова. Автор Айсұлтан арқылы жаңа өмірде тәрбиленген бүгінгі жастың бейнесін көрсетеді. Оның бейнесі үнемі еңбек үстінде ашылады. Мақтадан мол өнім алып, үлкен табысқа қолы жетеді, ірі рекорд жасайды. Еңбек Ері атағын алады. Жазушы кейіпкерінің психологиялық толғанысын беруге де баса назар аударады.

Соңғы жылдардағы көлемді шығармасының бірі — «Небид-Даг» романы. 30-жылдары түрікмен жерінен мұнай табылады. Түрікмендердің өз ішінен оқыған мамандар, жұмысшылар шыға бастайды. Дегенмен ертеден жермен, көбіне малмен, айналысып келген түрікмендердің бірден осы заманғы өндіріске бейімделе қоюы оңай болмайды. Одан кейін жиырма жылға тарта уақыт өтеді. Міне, енді мұнайшылар ауданы қандай болды? Роман оқиғасы осы жағдайды көрсетуге арналады. «Небид-Даг» — түрікмен

жұмысшылары туралы жазылған алғашқы шығарма. Осы романның негізінде 1968 жылы «Бұл қалай болды?» деген атпен драма жазады.

Берді Кербабаев — түрікмен әдебиетінде әңгіме жанрының шебері және балалар жазушысы ретінде де танылған жазушы. Жастарға арналған «Қарлы Шақанұлы» атты повесі бар. Мұнда халық артисі Алты Кариевтің өмір жолы, өсу жолы баяндалады.

Берді Кербабаев — Түрікменстанның халық жазушысы, Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ғылым академиясының толық мүшесі, белгілі қоғам қайраткері болған адам. Ол 1974 жылы дүние салды.

## ГҮЛДЕН, ҚАЗАҚСТАН

*Көк бұлт шөккен Алатаудың шыңына  
Шұғыласын күннің көзі төгіпті,  
Жасыл құрақ тәжім еткен суына,  
Нарттай қызыл алмалары көрікті.  
Күміс күмбез Алматының тауы бар,  
Тауынан да сұлуырақ қаласы.  
Мұхитына жүзген ғылым бағы бар,  
Сонша сұлу атқан таңдай аясы.*

*Алуан ғылым ордасымен опера  
Театры көзін жұрттың тартады.  
Жүрекке тұр жырдан толқын толтыра  
Ақын Абай, бұлбұл Жамбыл ұрпағы.*

*Құдіретті Қарағанды, Балқашы,  
Қазақстан ен байлықтың өлкесі.  
Аясынан алтын атқан әр тасы,  
Даласының малға сыймай тұр төсі.*

*Қытайменен құшақтасады бір жағың,  
Қарабұғаз құшағында бір жағың,  
Қазақ халқы сізбен менің бір жаным,  
Тұлпарларың желге ойнатып тұр жалын.*

*Домбыраңның сызылған сан күйлері  
Тербеткендей алып аспан тұр астын.  
Сайрағанда сыңғыраған бұлбұлдай  
Әні әлемге жеткен Жібек-Күләштің!*

*Қазақ халқы қанатын кең қомдаған  
Құрышты да балқытып тұр қызуың.  
Прагада таң қалып жұрт тыңдаған  
Әдемі әнін қазақтың ұл-қызының!*

*Сіз бен бізде жеңімпаздық бір табыс,  
Ортақ бізге өмірдегі жаңалық.  
Сізден де алды туысқандық қолқабыс  
Түрікменнің кең каналы жаңа алып.*

*Құм даланы шомылдырып өзенге,  
Ақ матаға жайқалып тұр даламыз.  
Өмірдегі ұлы тойда бізде енді  
Сізді, қазақ, гүлге бөлеп аламыз!*

*Сізбен бірге шаттанады жанымыз,  
Туысқан ел ортақ сенің мерекең,  
Аз сыйлықты көпке балап алыңыз,  
Ел досытығын әлі талай жыр етем!*

### **Тірек сөздер**

**Классикалық әдебиет** (латынша classicus-ең үлгілі) – бұрын-соңды жасалған идеялық мазмұндылығы және көркемдік дәрежесі тұрғысынан ең жоғары бағаланған әдебиет үлгісі. Халықтың кемеңгер ақыны, жазушысы жасаған қоғамдық мәні мен көркемдік сапасы жоғары саналған шығармалар классикалық әдебиет қорына жатады. Классикалық әдебиет барлық кезде де биік адамгершілік, ағартушылық және жалпы халықтық ізгі идеяларды ту етіп, көркем шығарманы дүние жүзілік мәні бар нағыз өнер туындысы дәрежесіне көтеріп келеді. Классикалық әдебиет әр халықтың тарихында

әрқалай, бір елде ерте, бір елде кеш дамыған. Мысалы, грек классикалық әдебиеті біздің заманымыздан бұрын 5-ғасырда пайда болса, ежелгі Римде 1 ғасырда, Қытайда 8 ғасырда, Орта Азия және Таяу Шығыста 9-12 ғасырда, Францияда 17 ғасырда, Россияда 19 ғасырда дамыды. Қазақ классикалық әдебиеті де 19-ғасыра пайда болды.

**Эпостық жанр** - Мұнда өмір шындығы негізінен уақиғаны баяндау арқылы көрсетіледі. Оқиғалар, кейіпкерлердің іс-әрекеттері өмірдегі болатын объективті болмыс қалпында алынып, бейнеленеді, жазушы тек баяндап жеткізуші ретінде көрінеді. Бұл жанрдың шығу тегі ауызша поэзиядағы халықтық жыр, эпостық поэмадан басталады. Эпикалық тектің немесе эпостың жанрлық түрлері сан алуан: аңыз, ертегі, мысал, очерк, әңгіме, новелла, батырлар жыры, дастандар, поэма, повесть, роман және роман-эпопея. Эпикалық туындылар көркем қара сөзбен де, өлеңмен де жазылады.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Түрікмен ауыз әдебиетінде ертегілердің орны туралы реферат жаз.
2. Мақтымқұли шығармаларына талдау жаса.
3. Берді Кербәбаев шығармаларының өзіндік ерекшелігін айт.
4. Түрікмен жазба әдебиетінің негізін қалаушы кім?
5. Әлем әдебиеті айдынында Түрікмен әдебиетінің рөлі қай деңгейде.
6. Мақтымқұли шығармаларының ең басты тақырыбы.
7. Мақтымқұлы өлеңдерінің тәрбиелік мәні.

## Тәжік әдебиеті

Тәжіктер — ежелгі Орта Азия халықтарының бірі. Олардың мыңдаған жылдардың куәсі боларлық бай ауыз әдебиеті бар. Оның негізгі түрлері — ертегілер, аңыздар, тұрмыс-салт жырлары және эпостар.

Халыққа көп тараған ауыз әдебиетінің бір түрі — эпостық жырлар. Олардың ішінде көптеген елдердің ауыз әдебиетіне ортақ «Көрұғлы» эпосы және сүйіспеншілік, бас бостандығы тақырыбындағы «Вомик пен Узро», «Вис пен Рамин», «Ләйлі мен Мәжнүн» сияқты лиро-эпикалық жырлар бар. Батырлық дастандардың негізгі тақырыбы — ел қорғау, өз елі, өз отаны үшін сыртқы жаулармен күресіп, кек алу болса, лиро-эпикалық жырлардың негізгі тақырыбы — бірін-бірі сүйген жастардың адал махаббаты.

Халықтың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан даналығын танытатын мақал-мәтелдер, реалистік новеллалар мен аңыз әңгімелер де көп. Бұлардың негізгі идеясы—жағымсыз, теріс қылықты сынау, келеке ету. Мұнда халықтың сүйікті кейіпкері ретінде бүкіл Шығыс еліне мәлім Қожа Насреддин мен Мүшфики алынады. Мүшфики - XVI ғасырда өмір сүрген белгілі ақын, сатирик. Өлеңдерін халықты езушілерге, олардың ниеттестеріне қарсы жұмсаған. Кейін ақынның аты, Қожа Насреддин сияқты, ауыз әдебиетіндегі күлдіргі, сатиралық әңгімелердің кейіпкері ретінде халық арасына молынан тарайды. Халық шешен, тапқыр ақынның бейнесін қанаушылар мен сараңдарға қарсы жұмсайды. Әрқашан да халық қалаулылары жеңіп отырады.

Ежелгі тәжік әдебиеті мен қазіргі тәжік әдебиетін Орталық Азияда тұратын халықтардың әдебиетімен, әсіресе өзбек әдебиетімен тығыз байланыстыратын керемет дәстүрлер бар. Хорезми, Камал Ходжандиден тартып Әлішер Науаи, Гүлхани, Махмур, Хамза Хақимзода Ниязи және Садриддин Айниға дейінгі бірқатар өзбек және тәжік жазушылары өз шығармаларын екі тілде – тәжік және өзбек тілдерінде жасады. Ұлы тәжік ақыны Әбдірахман Жәми мен данышпан өзбек ақыны Әлішер Науаи арасындағы достық пен ынтымақтастық, Садриддин Айни мен Хамза Хақимзода Ниязидің шығармашылығындағы идеялық-көркемдік үйлесімділік осы екі бауырлас халық пен олардың әдебиетінің жақындығын куә болады.



Тәжік халқының ежелгі мәдениетке ие екендігін көрсететін маңызды ақпаратты бізге жеткен халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен алуға болады.

Халықтың ауызша шығармашылығында Рустем, Сухроб, бағынбайтын темірші Кова, жеңілмейтін Гургули және оның ұлдары - Хасан, Аваз сияқты бейнелер еңбекқор жалықтың асыл қасиеттерін бейнелеген. Халықтың ауызша шығармашылығының негізінде тәжік жазба әдебиеті де біртіндеп қалыптасты. Алайда тәжік әдебиетінің классикалық кезеңі IX ғасырдан басталады. Тәжік әдебиеті әдетте төмендегідей кезеңдерде зерттеледі:

1. Ежелгі тәжік әдебиеті (күлдық қоғам дәуірі).

2. IX-XV ғасырлардағы тәжік әдебиеті (феодалдық қоғамның қалыптасу және нығаю кезеңі).

3. XVI-XIX ғасырлардағы тәжік әдебиеті (феодалдық қоғамның күлдырау кезеңі).

4. Жаңа тәжік әдебиеті.

Араб басқыншылары Орталық Азияға жаулап алғанға дейін тәжік халқының қалыптасу үрдісі елдің экономикалық және мәдени дамуы негізінде басталды. Арабтардың елді жаулап алуы бұған теріс әсер етті. Тек IX-X ғасырларда шетелдік басқыншыларға қарсы тәуелсіздік үшін күрес тәжік феодалдық мемлекеті – Сомония мемлекетінің құрылуымен аяқталды. Осы уақытқа дейін Мемлекеттік деп саналған араб тілі қазір тәжіктер сөйлейтін тілі «дари» (парсы) тілімен ауыстырылды және сол тілде жазбаша әдебиеттер шығарыла бастады.

Бұл әдебиеттің негізгі өкілдері Абутоқийи Аббос ибн Тархон Самарқандий, Абухафс Самарқандий, Ханзол Боғдисий, Масъуд Марвозий, Феруз Машриқий, Мухаммад ибн Восиф Сағзий, Абусолих Гургоний, Аббос Марвозий, Бассом Курд Хорижий, Мухаммад ибн Мухаллидтер болып, олардың шығармашылығындағы фольклордың әсері өте күшті болды. Абулхасан Рудаки - тәжік және парсы классикалық әдебиетінің атасы. Ол көптеген романтикалық ғазалдар мен философиялық-дидактикалық туындылар жазған тамаша ақын болған. Рудаки ортағасырлық классикалық поэзияны формасы жағынан да, мазмұны жағынан да байытып, оны шыңға шығарды.

X-XI ғасырларға қарай тәжік классикалық поэзиясында рубайи (Ибн Сина және Омар Хайям), ғазел (Унсурый, Фаррухий, Манучехри) және кадаси жанрларымен қатар эпос өркендеді. Әбілқасым Фердаусидің

«Шахнама»сы, Асадидің «Гуршаспнома» және Фахриддин Гргонийдің «Вис және Ромин» атты эпосы осы кезеңдегі парсы-тәжік әдебиетінде жасалған жаңалықтар болды.

X-XI ғасырлардағы парсы-тәжік поэзиясында Насыр Хисрау мен Омар Хайямның шығармашылығы айтарлықтай орын алады. Олар өздерінен бұрын өмір сүрген классикалық ақындардың шығармашылығындағы философиялық мотивтермен қоректенді және сол кездегі прогрессивті маңызы бар үшқр идеяларды алға тартты.

XIII және XIV ғасырлардағы парсы-тәжік поэзиясының философиялық-дидактикалық ерекшеліктері көбірек, онда Моңғол басқыншыларының, Шыңғыс хан көсемінің қорқынышты шайқастарының әсерінен пайда болған сопылық дүниетаным жетекші рөл атқарады. Джалалиддин Руми, Хусрав Дехлави және Саади Шерози осы поэзияның негізгі өкілдері болды.

Хусрав Дехлави парсы-тәжік әдебиетінде Әзірбайжанның ұлы ақыны Низами Ганжауидің «Хамса»шылық дәстүрін жалғастырған ақын болып саналады. Оның «Хамса»сының құрамына енген бес тәуелсіз эпоста Низами эпостарының дәстүрлі сюжеттері мен кейіпкерлері қолданылғанымен, олардың мазмұны мүлдем жаңа және ерекше.

Өзінің керемет романтикалық-лирикалық ғазелдерімен «Бостон» және «Гүлстан» деп аталатын шығармаларымен әлемдік әдебиетке үлес қосқан ақын, философ Саади Шерози халық ауыз әдебиетінің баға жетпес шығармашылығынан берекелі пайдаланып, ғазелді жоғары ұстынға көтерді және көркем прозаның дамуына айтарлықтай үлес қосты.

XV ғасырға қарай феодалдық қатынастардың нығаюы жағдайында әдеби өмір Самарқанд, Бұхара, Герат қалаларында қайта жанданды. Осы кезеңдегі тәжік және өзбек ақындарының шығармашылығында классикалық әдебиеттің үздік дәстүрлерін дамытуға деген ұмтылыс сезілді. Өзбек және тәжік ақындарының достығы, өзара шығармашылық ынтымақтастығы күшейіп, екі тілде шығарма жазу кескіндеме болып қала берді. Мұндай жағдайда ұлы тәжік ақыны Әбдірахман Жәми мен данышпан өзбек ақыны Әлішер Науаи өмір сүріп, жұмыс істеді.


XIX ғасырдағы тәжік демократиялық әдебиетінің ірі өкілі, жаңа тәжік әдебиетінің негізін қалаушы Ахмад Дониш болды. Ахмад Доништің шығармашылығын Әзербайжанның ұлы ағартушысы Мирзо Фатали Охундовтың, қазақ реалистік әдебиетінің негізін қалаушы Абай Абай

Құнанбаевтың, өзбек демократиялық ақындары Фурқат пен Завқилардың шығармашылығымен салыстыруға болады, өйткені прогрессивті классикалық әдебиеттің және халық ауызша шығармашылығының керемет дәстүрлері негізінде, атап айтқанда, орыс әдебиетінің ықпалымен өскен Ахмад Дониш өз дәуірінің зиялысы, алдыңғы қатарлы ақы болды. Ол елде билік құрған надандық пен артта қалған адамдардың қиын өмірінің себептерін көрді. Сондықтан дана Ахмад бастапқыда халықты ұйқысынан ояту, оны тәрбиелеу және сауатты ету қажет деп санады. Ахмад Дониш Бұхара медресесінде оқып, Санкт-Петербургке үш рет сапар шегеді де бұл сапарларында ақын Ресейдегі салыстырмалы түрде прогрессивті әлеуметтік жүйені Бұхара әмірлігіндегі артта қалған феодалдық жүйемен салыстыра отырып, оның Отаны да Ресей сияқты өркендеп, өз халқы Ресей халықтары сияқты өркениетті, білімді болады деп армандады.

Сондай ақ көрнекті ойшыл Ахмад Дониш феодалдық әлеуметтік-саяси жүйені, тәртіпті және әлеуметтік прогреске қол жеткізе алмайтын қатынастарды сынайды. Ортағасырлық философияда кең таралған тәуекел теориясын сынай отырып, ол былай деп жазады: «Егер адам тәуекелге сенуге тырыспаса, жұмыс істемесе және қиыншылықта, кедейлікте немесе молшылықта өмір сүруге болатынын айтса, онда мұндай адам қателеседі. Демек ол ақылды адам емес». Бұхара хандығын Еуропа елдерімен, атап айтқанда Ресеймен салыстыра отырып, данышпан өзінің Отанының экономикалық және мәдени жағынан артта қалғанын көрсетеді және бұл артта қалудан шығу үшін қоғамдық-саяси жүйені реформалау қажеттілігін көрсетеді. Доништің айтуынша, «мемлекет адамдар тобының қажеттіліктерін қанағаттандырмай, халықтың мүддесі үшін қызмет етіп, елді безендіруі керек. Біз әлемде өркендеу, кезбе теңіздерді зерттеу, жер асты ресурстарын табу, оның барлық континенттері мен тұрғындарын білу үшін дүниеге келдік», - деп жазды.

XX ғасырға клип тәжік әдебиеті дамудың жаңа кезеңіне жетті. Жаңа әдеби типтер мен жанрлар құрылды. Романтизм мен публицистика қалыптасып, дамыды. С.Айни, А.Лохути, М. Турсунзаде, А. Дехоти, М. Миршакар, Ж. Икроми, С. Улуғзода, Б. Рахимзаде сияқты ақын-жазушылар өз шығармаларымен тәжік әдебиетін одан әрі байыта түсті.

## Рудаки (858-941)



Парсы-тәжік классикалық әдебиетінің ұлы өкілі, көрнекті ақын және ойшыл Әбілхасан Рудаки қазіргі Тәжікстанның Пенджикент ауданының Панджрудак ауылында дүниеге келген. Жас кезінен бастап ол өлең айта бастады. Оның даңқы сол дәуірдің әйгілі билеушілері Саманилер патшалығына да жетеді де оны Бұхараға шақыртырып алады. Рудаки Бұхара дәуіріндегі көптеген танымал ақындармен, философтармен, тарихшылармен кездесті, өзі де әртүрлі пәндерді игеру мақсатында көптеген кітаптарды оқи бастады.

Рудаки сарай ақыны болғанына қарамастан, ол өзінің ғазел, рубайларында қарапайым махаббатты жырлап, халықтың өмірін шынайы бейнелеуге тырысты. Рудаки жазған поэтикалық шығармалардан бізге өте аз бөлігі жетіп келген. Бұл шығармалар ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы құнды ақпараттың тамаша көзі болып табылады. Рудакидың «Қарттыққа шағым», «Май анасы» атты бірқатар шығшығармалары адамды таң қалдырады. Осы шығармалардың көмегімен Рудакидың шығармашылығы бойынша ғылыми жұмыс жасаған әдебиеттанушылар оның «Калила мен Димнаның» назм-ге айналғанын атап өтеді.

Алып теңеулер, терең сезім, таудан түскендей салмақты сөздер. Кемеңгер жыршының дәйім көтере жырлап, мадақтайтыны адамгершілік- асқақ қасиет. Жан досы Муради ақынның өліміне арналған өленін ол төмендегідей жолдармен тамамдайды.

*Алтын қойма еді ол*

*Әркім көріп тавданған.*

*Оны ардақтар әрдайым,*

*Ол жалған да, бұл жалған.*

Ақынның бар аңсағаны ар тазалығы мен жан тазалығы. Гуманист Рудаки әділет пен әділетсіздікті бүкіл әлем көлемінде қарайды.

*Құзғын неге жүз жасайды, әділет қайда жалғанда!*

*Сүйкімді құс - дос қарлығыш, бір күн жасап шаршайды.*

Ақын бұл арада нақты табиғи көріністі алып отыр. Жауыздық символы күзғын көп, қайырымдылық символы қарлығаш неге аз жасауы- төзбестік жағдай. Бірақ бұл сөздер астарлы түрде жасалып отыр.

Жамандыққа таусыла кейіген акын жақсылық дегенде көңілі тасып сөйлейді.

*Дүниедегі данышпан - маржанның жібi секiлдi  
Бәрiн жинап бойына, өнер силар не түрлi.*

Кейде ақын үнінен кейістік, ылажсыздық әуені естілгенімен, философ, ойшы, өмір сынына машық оптимист. Ол шал өмірінің мәз емесін айтады:

*Жолды ұтар араб аты шалғайдағы,  
Қысаң да алптағы шал пайдалы.*

Рудакидің суреткерлігі де ғажап. Ол бірде:

*Қара бұлттан құйды гажап  
Көктен аққан жұлдызға ұқсап.*

*Десе, бірде:*

*Жағада шынар өрік көремін бірде  
Сықылды шұбатылған түйе керуен.*

«Өнеге де, ұстаз да- өмір», «Білім- өшпес жүректе жанған шырақ» - дегені неткен данышпандық не деген ғұмыры ұзақ сөз десеңізші.

1965 жылы ақын рубайларын Қ.Шаңғытбаев қазақ тіліне аударды.

## РУБАЙЛАР

*Даналар ой маржанын жіпке тізген  
Кеңесіп хұда жайын текке бізбен,  
Шеше алмай сыр түйінін, ақырында  
Кетті зой талай надан кеткен ізбен.*

\*\*\*

*Жас та өтер, бірте-бірте кәрі де өтер,  
Баянсыз бұл жалғанның бәрі бекер,  
Жаһанда мәңгі жасар жан жоқ, сірә,  
Кетеміз, кетті, келер, тағы кетер.*

\*\*\*

*Құдай-ау, балшығымды айдаған — сен,  
Өрмекке арқауымды байлаған — сен.  
Болсам да жақсы-жаман, жазығым не?*

*О баста сыбағамды сыйлаған — сен.*

\*\*\*

*Аяймын күнім батып, түн болғанын,  
Жігері талай жұрттың құм болғанын,  
Айтпады-ау ол дүниеден келіп біреу,  
Кешегі кеткендердің кім болғанын.*

\*\*\*

*Дүниенің саф асылы, сарасы — біз,  
Мақсаты, майса гүлі, санасы — біз.  
Бұл жаһан дөп-дөңгелек жүзік болса,  
Жауһардай жанған соның шарасы — біз.*

\*\*\*

*Құдайым мен сүйгенді сүйген емес,  
Сондықтан маған ерік тиген емес,  
Жөн болса егер бәрі ол айтқанның,  
Мен — кәпір, маған пейіш тимек емес.*

\* \* \*

*Сұлуды қанша сүйсем, көпсінбеймін,  
Шараптан өмір шалқып өтсін, деймін.  
«Күнәңды құдай кешер!» — дейді маған,—  
Кешпесін, керегі жоқ, кештірмеймін!*

\* \* \*

*Сұм тағдыр, көп талқыңды көрген атам,  
Бар ма екен пейілі тар сендей қатаң!  
Сен осы есексің бе, есуассың ба? —  
Дап-дайын езге шыпаң, ерге — жапаң.*

\* \* \*

*Болсам мен бұл жалғанға өзім тәңір,  
Жүргізсем жер мен көкке құдірет-әмір,  
Жалғанды жау тигендей талқан етіп,  
Жасар ем басқа дүние жаңадан бір.*

## Әбдірахман Жәми.



Әбдірахман Жәми IX-X ғасырдан бастап әлемге теңдесі жоқ алып суреткерлер берген парсы-тәжік классикалық әдебиетінің ең соңғы ұлы шайыры болып есептеледі.

Әбдірахман Жәмидің өмір сүрген дәуірі Орта Азия мен Хорасанда Ақсақ Темір әулетіне қарасты елдер мен жерлердің ыдырап бара жатқан тұсы еді.

Ақсақ Темір өлгеннен кейін оның әулеті тақ пен тәж үшін өзара таласқа түсіп, келісімге келе алмады. Әбдірахман Жәми және оның досы әрі шәкірті Әлішер Науаидің де өмір кешкен өлкесі - Хорасан. Ғират ол заманда ең мәдениетті шаһарлардың бірі болған. Онда көптеген шайырлар, суретшілер, тарихшылар, философтар шоғыры жиналған болатын.

Әбдірахман Жәми өз дәуірінің ілім жетістігін меңгерген адам екені шығармаларынан байқалады. Ол өзінің ұзақ өмір жетістігін әдебиетке бағыштаған өз заманындағы ақындар ұстазы еді. Оның Әлішер Науаимен өмір бойы дос, пікірлес болуы бүкіл Хорасандағы әдебиетшілер қауымына зор ықпал жасаған. Екі кемеңгер ақынның достығы - тәжік және өзбек халықтарының рухани туыстастығының айғағындай. Барынша шыншыл, еңбеккер, халық қамқоры, азға қанағат ететін кішіпейіл Жәми өмірдің шаттығы мен шарабын қуалап кетпей, асыл уақытын негізінен көркем шығармалар жазуға жұмсап, мәңгілік мәнін жоймас шығармалар жазған. Жәмидің шығармаларына келетін болсақ, оның ең алдымен ғазалдарына тоқталайық. Жәмидің жүздеген ғазалдары әр түрлі өмірлік тақырыптарды қамтыды. Ол махаббат іңкәрлігі мен айнымас достық, адамгершілік пен парыз, кішіпейілдік пен тәкәппарлық, баршылық пен жоқшылық, сақилық пен сарандық, жауыздық пен шапағат т.б. мәселелер жөнінде өлеңдер төгілген. Солардың ішіндегі бір тақырыпты алатын болсақ, ғашықтық құштарлығына арналған.

Шайырдың даңқын шығарған дастандары Жәми жеті дастан жазып, өшпес көркем сөз ескерткішін қалдырған. Олар:

- Жақсыларға тарту.
- \* Алтын тізбек.

- Саламан мен Абсаль.
- Жүсіп- Злиха.
- Ләйлі- Мәжнүн
- Тақуалардың тәсбиғы.
- Ескендірдің даналық кітабы.

«Жақсыларға тарту» поэмасында Жәми өмірдегі түрлі мәселелерді нақыл, ғибрат ретінде сөз етеді. Әсіресе оның ақындық өнер, көркем сөз туралы айтқандары ерекше құнды.

Жәмидің шығармаларында едәуір орын алатын сарын-сопылардың жалған діндарлығын айыптау. Мұны оның дастандарынан да байқауға болады. «Алтын тізбек» дастанында ол осы тақырыпқа оралады. Жәми жамағатты сопылардан аулақ жүруге шақырады. Махаббат тақырыбына Жәмидің екі дастаны «Саламан мен Абсаль», «Жүсіп- Злиха» арналған. «Жүсіп- Злиха» Жәмидің ең даңқты шығармасы. Дастанның басынан аяғына дейін тұтас тартылған оқиғалы желіге екі кейіпкердің - Жүсіп пен Злиханың арасындағы қарым- қатынас тарихы, Злиханың алғаш Жүсіпті түсінде көруі, жігіттің сұлулығына ғашық болып, сырттан құмартуынан бастап, ақырында екеуінің өлетін жеріне дейінгі аралықта талай- талай қызғылықты хикаялар бар.

Шығыс елдерінде танымал дастан - «Ләйлі мен Мәжнүн». Бұл тақырыпты Низами, Науаи, Физулилер де жырлағаны мәлім.

«Ләйлі- Мәжнүн» - Жәмидің жаһанға мәлім шығармаларының бірі. Басқа да үлкен ақындар секілді Жәми де бұл туындысында жырдың оқиғалық орамдары мен адам мінездеріне өз тарапынан өзгерістер енгізген. Негізгі «Ләйлі-Мәжнүннің» ғашықтық тарихы болғанымен мұнда қосалқы оқиғалар да жоқ емес.

Жәми дастандарының бірсыпырасы өнегелер жиыны, шәкірттерге үйреткен ұстаз сабақтары секілді. Бұған оның «Тақуалар тәсбиғы», «Ескендірдің даналық кітабы» деген шығармалары мысал бола алады.

Дастанның кейбір бөліктері ел билеушінің әділ, парасатты болуға тиістілігін насихаттайды.

Әбдірахман Жәми де өзінің «Ескендірдің даналық кітабы» деген дастанында қадим деген заманында жасаған қолбасшының көп сипаттарын көтермелеп жырлайды.



«Ескендірдің даналық кітабы» бір-біріне жалпы идеясымен ұласатын түрлі бөлімдерден тұрады. Мұнда тек Ескендірдің тікелей өз оқиғалары емес, басқа адамдар туралы да сөз болады. Алғашқы тарауда Ескендірдің дүниеге келуі, сегіз жасында басына тәж киюі, әкесінің Арасты баласына ұстаздық етіп шақыруы, жас баланың ілім-білім алып толысуы, кемеліне келуі әңгімеленеді.

Жәмидің бүкіл творчестволық сапарын қорытындылаған еңбегі- «Бахаристан- көктем гүлі». Бұл шығарма негізінен қара сөзбен жазылған, Қорытынды түйін пікірлерін шайыр өлеңмен берген.

«Бахаристан»- Жәмидің этикалық және эстетикалық принциптерін танытатын ғибраты мол мысал, әңгіме-новелла жинағы. Өмірінде тұңғыш рет жазған қара сөз жанрында автор үлкен шеберлігін, мәдениеттілігін танытқан. Әңгімелері композициялық жағынан ұтымды, негізгі идеяға қатысы жоқ қосалқы жайлар кездеспейді. Әрбір әңгімеде білдірмек нысанасы мейлінше анық, ықшам.

Тәжік халқының данышпан перзенті Әбдірахман Жәмидің басты-басты шығармаларын атап өттік. Бірақ оның бұлардан басқа туындылары болған. Әбдірахман Жәми қаламынан шыққан туындылардың идеялық-көркемдік сипаты біркелкі еместігін аңғаруға болады.

Алайда Жәмидің ғасырлардан аттап өтіп, барша көркімен, нақылымен, әсемдігімен жеткен өміршең шығармаларының өзі қаншама! Олардың болашақта жарайтынына, поэзия сүйетін талай қауымға көркемдік тәрбие бере алатынына күмән жоқ.

### Садриддин Айни (1878—1954)



Садриддин Сайдмұратұлы 1878 жылы 15 апрельде қазіргі Бұхара облысы, Гиждуван ауданында қолөнершінің жанұясында туған. Болашақ ақынның балалық шағы қыстақта қолөнершілер мен диқандардың арасында өтеді. Олардың ауыр еңбегін, қиын тұрмысын көзімен көріп, өзі де сол ауыртпалықтардың бірқатарын басынан кешіреді. Бірақ қыстақ тұрғындары ауыр еңбек пен

азапты тұрмыс кешіре жүріп, жұмыстан қолдары босасымен әнші, жыршы, ертегішілердің өнерін тыңдайды. Жерлестерінің осындай қажырлы қасиеттері жас Садриддинге де үлкен әсерін тигізеді. Ол да халық творчествосын тыңдауға әуес болады. Халық арманын паш ететін шығармалар болашақ ақынның санасынан өшпес орын алады.

Садриддиннің сауатын ашуға тікелей жәрдемші болған — өзінің әкесі Сайдмұрат. Әкесінің көмегімен Сағди, Хафиз, Жәми шығармаларын құмарта оқитын дәрежеге жетеді. Алғашқы білімді ауыл молдасынан алып 1890 жылы Бұхара қаласындағы медресеге барып оқуға түседі. Күн көріс үшін әр түрлі жұмыстар істейді, оның өзі өмірді жете тануына мүмкіндік жасайды.

Медреседе алған білім талапты жасты толық қанағаттандыра алмайды. Ол талғамы биік, таланты күшті жастардың ұйымына қатысады. Олар дін оқуына қоса әдебиет, тарих, география, математика сабақтарын өз беттерінше үйреніп, классиктердің шығармаларын жаттап, жасырын газет-журналдар оқиды. Орыс сөздерін үйренеді. Бұл ұйымға қатысушылар, негізінен, Ахмед Доништің идеясын алға апарушылар еді. Осы кезде Садриддин алғашқы өлеңдерін жаза бастайды. Шындықты жырлап, қолынан келгенше, халқына көмек көрсетіп, оның ауыр азабына араша болғысы келеді. Садриддинге ақын досы Хайрат үлкен әсер етеді. Ол жас досының поэзияға деген құштарлығына мән бере қарайды. 1896 жылдан бастап өлеңдерін Айни деген бүркеншік атпен жазып жүреді. Садриддиннің ақын деген аты, тек жолдастары арасында ғана емес, халық арасына да белгілі болады.

Айни творчествосының жаңа бағытта көріне бастаған кезі - 1905 жылғы оқиғалардан кейінгі жылдар. Бұл тұста ақын қаламынан терең мәнді саяси лирикалар да туа бастайды. Оның творчествосына Ахундов, Тоқай сияқты ағартушы-демократтардың шығармалары да тікелей әсер етеді. С.Айни мектеп оқушыларына лайықтап «Балалар тәрбиесі» деген оқулық жазады. Онда жарық көрген шығармаларының кейбірі қазіргі мектеп оқулықтарынан да орын алады.

1917 жылы да ақын халық арасында болады. Бұхара әмірінің бұйрығымен зындандада отырып шығады. Айнидің өзбек және парсы тілінде жазылған патриот-идеядағы өлеңдері 1917-1920-жылдары жиі жариялана бастайды.

С.Айни ұлттық әдебиетті өркендету, әдеби тілді дамыту жолында аянбай еңбек етеді. Осы тұста ақынның «Революция ұшқыны» деген алғашқы

өлеңдер жинағы мен «Манғыт династиясындағы әмірлер тарихы» деп аталатын очерктер жинағы жеке кітап болып басылып шығады. Екі тілде жазылған сатиралық өлеңдері мен фельетондары да халық арасына кең тарайды. 1920 жылы тәжік кеңестік әдебиетіндегі тұңғыш прозалық шығарма - «Бұхара бас кесерлері» повесі жарық көреді. Повесть алдымен өзбек тілінде, кейін, 1934 жылы, тәжік тілінде басылып шықты.

1924 жылы 25 августа «Тәжік даусы» деген газет ұйымдасъырлады. Осы газетте Айнидің «Тәжік кедейінің басынан кешкендері» деген шығармасы жарияланады. Кейін осының негізінде «Одина» (1927) романы жарық көреді. Бұл — болашақ трилогияның бірінші кітабы. Повесть оқиғасы ХІХ ғасырдағы Бұхара халқының басынан кешірген ауыр азабын көрсетіп, өткен өмірімен таныстырады. Тау халқының ауыр тұрмысы суреттеледі.

Шығарма сюжеті жекелеген новеллалар жинағынан құралады, ара-тұра өлең араласып отырады. Кейіпкерлері іске тікелей өздері араласудан гөрі, оларға тап бола кететін кездейсоқ оқиғалар жағы басым айтылады. Повестің бас кейіпкері Одина көбінесе басына түскен қиыншылыққа төзумен ғана жүреді. Оған қарсы тұра алмайды. Онда Иван сияқты орыс жұмысшыларымен де танысады, Бұхарада большевик Мырза Ұсмановты да кездестіреді, бірақ олардың әсері Одина характеріне үлкен өзгеріс жасай алмайды. Автор Одинаның жан дүниесін психологиялық толғаныстарын беруге тереңдеп бара бермейді. Ол өмірге наразы, зұлымдыққа келіспейді, алған бетінен қайтпайды, сол жолда жүріп қайтыс болады. Мұнда күрескерлерден гөрі, ауыр тұрмыстың құрбаны болғандар жағы басым. Солай бола тұрса да «Одина» тәжік прозасындағы тұңғыш кесек туынды болып саналады. Повестің соңы трагедиямен аяқталса да, автор Одинаның тірі қалған достары Шахмырза Шәріп арқылы жаңа өмір үшін күресушілердің көп екендігін байқатады.

1927-1928 жылдары С.Айни трилогиясының екінші бөлімі «Дахунда» романын жазып бітіріп, ол 1930 жылы Қазан баспасынан жарық көреді. «Дахунда» романның оқиғасы Бұхара халқының өткен өмірін суреттеуден бастап, революция жеңіп, кедейлер үкіметі орнауымен аяқталады. Айнидің екі романын салыстырып қарастырса, жазушының творчестволық өсу жолы бірден аңғарылады. Екі романның біріне-бірі ұқсас жерлері де бар. «Дахундадағы» басты кейіпкер Едгар да, Одина сияқты, жастайынан жетім қалады. Екеуі де әкелері өлгеннен кейін, бай қолында жалшылықта жүреді,

кейін, ауыр азапқа наразылық білдіріп, байдан қашып кетеді. Сүйген қызы Гүлнарды да, Гүлбүбі сияқты, бай тартып әкетеді. Жазушының екі шығармасында кездесетін мұндай параллелизм кездейсоқ емес. Осындай ұқсастықтар арқылы ертедегі тәжік жастарының жалпы тұрмысының, тартқан азабының бірдей екендігін көрсетеді. Шығарма оқиғалары бір сарында болғанмен, олардың кейіпкерлерінің іс-әрекеттері бір-біріне ұқсамайды. Одина төңкерісті жақтаушы ретінде ғана бейнеленсе, Едгар түрмеден шығысымен, тікелей төңкеріске араласушы ретінде көрінеді.

«Одина» романында Айни өткен дәуірдегі диқан өмірінің аянышты көрінісін баса суреттеп, оған оқырманның жаны ашитындай етіп баяндаса, «Дахунда» романында Едгар — тек азап шегуші ғана емес, оған қарсы күресуші. Бұл роман — Бұхараның тарихи басып өткен жолын танытатын тарихи шығарма.

1934 жылғы жазушылардың бірінші съезінің қарсаңында Садриддин Айни трилогиясының үшінші бөлімін — «Құлдар» романын - жазып бітіреді.

Бұл — жазушының социалистік реализм әдісін толық меңгергенін танытатын алғашқы шығармасы. Роман оқиғасы тәжік халқының бір ғасырлық өмірін қамтиды. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы құлдық дәуірден бастап, халық өмірін үнемі өзгеруі, жаңалық үстінде көрсетеді. Аш-жалаңаштар мен құлдардың басына түскен ауыр азаптан туған наразылығының өрістеуі, көпшіліктің езушілерге қарсы бас көтеруі, оның саналы қарсылыққа айналуы, ескі қоғамды құлату, халық төңкерісінің жеңісі, қыстақтағы өзгеріс, ғасырлар бойы тұмшалап келген надандықтан біржолата құтылуға арналған роман. Жазушы әр кезеңге байланысты сол тұстың тынысын танытатын ең басты мәселелерді аша көрсетуге баса назар аударады. Әр кезең өзінің тарихи заңдылығымен танылады.

Тәжік халқының XX ғасырға дейінгі өмірін кеңінен сөз ететін шығарманың бірі — төрт бөлімнен тұратын өмірбаяндық роман «Естелік» (1954). Мұнда XIX ғасырдың 80-ншы жылдарындағы Бұхара хандығының қол астындағы халықтың ауыр тұрмысы бейнеленеді. Халық санасын оятуға себепші болған жағдайлар көрсетіледі. Адам төзбес ауыр тұрмыс кедейлердің сана-сезімнің оянуына әкеп соқса, ел арасында етек алған бассыздық Шүкірбек тәрізді өш алушылардың пайда болуына мүмкіндік жасайды. Осындай наразылықтардың бір шеті келіп 1905-1907 жылғы төңкеріспен ұштасады. Сонымен қатар романда бұл аймақта Россияның кіріп

келуі өріс ала бастағаны айтылады. Жазушы оқиғаға өзі араласа, барлық ауыртпашылықты халықпен бірге басынан кешіре жүріп, бақытты өмір орнату жолындағы ұлы іске туған халқының қосқан үлесін көрсетеді.

«Естелік» романында автор Қайдарқұл, Зәкірбай, Қарабектер арқылы баю үшін ештеңеден де бас тартпайтын сұмдардың сатиралық бейнесін жасаса, «Әсімқордың өлімі» повесінде бұл образдарды тереңдетеді. Мұндағы Кори Ишкабә бейнесі классикалық әдебиеттегі сараңдар бейнесін толықтыра түседі.

С.Айни — тек ақын-жазушы ғана емес, үлкен ғалым да. Ол — ақындар творчествосы жайлы жазған ғылыми мақалалар, зерттеулерімен қатар, «Тәжік әдебиетінің үлгісі» деген антологияның да авторы.

С.Айнидің басталған педагогикалық қызметі өмірінің соңғы кезіне дейін творчествосының бір саласы болып жалғасып отырады. Алғашқы кезде оқулықтар жазса, соңғы кезде оқулықтардың авторларына кеңес беріп, жол көрсетеді.

С.Айни — жаңа тәжік және өзбек әдебиетінің негізін салушы ақын, жазушы, ғалым, белгілі қоғам қайраткері еді. Ол — филология ғылымының докторы, Тәжік Ғылым академиясына толық мүшесі, бірінші президент және Өзбек Ғылым академиясының құрметті мүшесі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болған адам.

### **Тірек сөздер**

**Ертегі** - фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанрының барлығына тән ерекшелік: бұлар бұрынғы өткенді қиялмен ұштастыра болжайды, сюжетті көркем әңгіме түрінде келіп, қара сөзбен беріледі.

**Мәснәуи** - (араб сөзі – қосарланған деген мағынада) – араб, парсы, түркі тілді әдебиеттердегі қос тармақты шұмақтың түрі.

**Фольклор** - халық өмірінің айнасы, синкреттік өнер. Оның бойында халықтың тұрмыс салты, театр, сөз, би, және ән-күй өнері бір-бірінен дараланбай тұтас күйінде көрінеді.

**Әңгіме** - термин ретінде әдебиеттануда әдеби түр мен әдеби жанр ретінде екі мағынада қолданылады. Әңгімені осы екі мағынада қарастырып көрелік.

Біріншіден, әңгіме - біртұтас көркем оқиғаны баяндай бейнелеуге арналған, мәтін көлемі шағын әдеби түр.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Тәжік әдебиеті нені үйретеді?
2. Тәжік әдебиеті туралы не білесің?
3. Тәжік шайырлары жайлы қандай мәліметке ие болдың?
4. Шығыстық дәстүр дегеніміз не?
5. Кітаби ақындар кімдер?
6. Тәжік әдебиетін кімдер зерттеген?
7. Халық романдары қандай романдар?
8. Тәжік ауыз екі әдебиеті негізгі жанрлары.
9. Омар Һәйямның стилін сақтап рубайи жазыңдар.
10. Садриддин Айни творчествасының негізгі тақырыптары.
11. Фирдауси шығармашылығы туралы баяндама жасаңдар.
12. «Шахнама» дастанының композициясы.
13. Әбдірахман Жәми еңбектерінің тақырыптары.

## Қазақ әдебиеті

Қазақ халқының жазба әдебиеті кейінірек қалыптасты. ХІХ ғасырға дейін қазақтар арасында әдебиет негізінен халықтың ауызша шығармашылығы түрінде дамыды. Ежелгі заманнан бері ауыздан ауызға өткен халық мақал-мәтелдері, жырлар мен әндер, ертегілер мен эпостар қазақ еңбеккерлерінің ауыр жағдайын, олардың бостандық үшін күресін бейнелейді.

Қазақ халық әндері, ертегілер мен эпостар түрлі тақырыптарды қамтыды. Онда қазақ әйелдерінің сұлулығы, сондай-ақ халық бүлікшілерінің батырлығы мен батылдығы, сондай-ақ кәсіпкер дана Алдар көсенің қызықты оқиғалары мен Қобыланды батыр, Ертарғын және Қамбар батыр сияқты батырлардың ерліктері туралы айтылады. Қазақ халық ауызша шығарылған шығармаларында әртүрлі әлеуметтік топтардың өмірін бейнелейтін жеке тұлғаларды бейнелеумен қатар мифтік және бейнелі образдар да кездеседі. Жұмбақтар мен ертегілердегі қасқыр, айдаһар, дию, семұрғ құс эпостардағы ұшқыр аттар да жақсылық пен жамандықтың символы ретінде бейнеленген.

Батырлық эпостар қазақ халық ауыз әдебиетінде маңызды орын алады. Эпостарда Қобыланды батыр, Ертарғын және Қамбар батыр батырлық, достық және патриоттық идеялар романтикалық түстерде көрінеді. Сондай-ақ, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш және Баян сұлу» және «Сұлу шаш» сияқты лиро-эпостар да өте көп. Бұл эпостарда адамның таза махаббаты атап өтіледі және феодалдық қоғамның зиянды жақтары ашылады, ескі дәстүрлер міндетті түрде әшкереленеді. Мысалы, «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» жырында сипатталғандай, қос ғашықтың шынайы махаббатына тосқындықтар мен кедергі жасайды. Бұған себеп Баянның бай, дәулетті отбасынан, ал Қозы Көрпештің кедей отбасынан шыққандығында. Бұл қайшылық қос ғашықтың мезгілсіз қаза болуына, қайғылы өліміне әкеледі.

Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі прогрессивті ағым ХІХ ғасырдың басында қалыптасқан қазақтың жазбаша әдебиетінің негізі болды.

Қазақ классикалық әдебиетінің негізін қалаушылар, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаев сияқты ақын-жазушылар өздерінің жемісті туындыларымен қазақ халқының рухани және ағартушылық өмірінде жеке парақ ашты. Шоқан Уәлиханов өз заманының ең білімді, зиялысы болды. Ол тек парсы-араб сияқты шығыс халықтарын ғана

емес, сонымен бірге орыс ғылымы мен мәдениетінің жетістіктерін де терең игерді. Ғалым және педагог Шоқан Уәлиханов көп саяхаттап, ғылыми экспедицияларға барды. Ол қазақ даласының Ыстықкөл, Қашқар маңындағы аймақта сонымен Тянь-Шянь тауының бөктерінде тұратын ұлыстардың тарихы мен фольклоры бойынша бірнеше ғылыми жұмыстар жасады. Шоқан Уәлихановтың фольклорлық және публицистикалық мансабы да үлкен маңызға ие.

Шоқан Уәлихановтың замандасы Ыбырай Алтынсарин балаларды оқыту жұмысына байланысты өзінің поэтикалық және ағартушылық қызметін жүргізді. Өмір бойы педагогикалық мамандықпен айналысқан Ыбырай Алтынсарин балаларды жаңа жолмен тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлді. Ол орыс тілінен аудармалар жасады, оқушыларды орыс әдебиетінің үлгілерімен таныстыру үшін әдебиеттер кешенін құрды. Ол өзі өлең жазып, балаларды оқуға және білім алуға шақырды.


Қазақ классикалық әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаев өзінің әдеби шығармашылығымен және де ағартушылық қызметімен өз дәуірінің демократиялық бағыттағы қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосты. Ол қазақ халық ауызша әдебиетін, салт-дәстүрлерін жете меңгерген, халықтың мүдделерін дәріптейтін шығармалар жасаған көрнекті ақын және ағартушы деңгейіне көтеріле алды.

Абай поэзияны, әдебиетті халық өміріне жақындатып, өз мәтіндерінде прогрессивті идеяларды жырлап, өз заманының зиялысы ретінде адамдар өмірінің әртүрлі маңызды әлеуметтік мәселелерін шешті.

XX ғасырдың басында қазақ әдебиеті дамудың түбегейлі жаңа сатысына көтерілді. Драмалық жанр, баяндау және роман жанрлары құрылды. Спандияр Көбеев, Мұқтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Олжас Сүлейменов сияқты ақындар мен жазушылар өздерінің көркем шығармаларымен қазақтардың мәдени және білім беру өміріне жаңа бағасын берді.



## Шоқан Уәлиханов



Шоқан 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекетінде қазіргі Қостанай облысы Сарыкөл ауданындағы Күнтимес ордасында (қыстауында) атақты, аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Шоқан балалық шағын Құсмұрында өткізді, кейін әжесі Айғанымның тәрбиесінде (қазіргі Солтүстік облысы) де болған. Шоқан ерте есейіп қалып, рухани ілімді барынша меңгерген.

1847 жылы 12 жасар Шоқан Омбы кадет корпусына оқуға түсті. Шоқанның терең білімдері мен ұзақ сақталатын ес, еңбекқорлығы, жоғары моральдік мінез-құлығы оқытушылардың назарынан тыс қалмады. Шоқан тарих, жағрапия мен шығыс философия пәндерін тез оқыпкеткен. Шоқанның дамуына әдебиетшісі мен шығыс зерттеушісі Н. Ф. Костылецкий мен тарих мұғалімі В.Гонсевский ықпал еткен. Кадеттік корпуста оқығанда, Шоқан Уәлиханов белгілі ғалымы Г. Н. Потанинмен кездесіп, олар өмір бойы достар болып кеткен.

1855 жылы Шоқан генералы Гасфорттың сапарына қатысып, Орталық Қазақстан, Жетісу және Тарбағатайға үлкен саяхат жасайды. Оның бағыты Омбыдан Семейге, одан Аягөз, Қапал және бұлт кезде Верный бекінісін салу ісі жүргізіліп жатқан іле Алатауы арқылы өтті. Бұл сапар Шоқан Уәлихановтың қазақ халқының тарихы мен тұрмысын терең зерттеуге бастама болды. Шоқан қазақтардың заң-дәстүрлері мен ертедегі діні жөнінде мәліметтер жинады.

Жас зерттеушінің қырғыз халқының атақты эпикалық жыры «Манасқа» алғаш рет көңіл бөліп, оның бірінші ғылыми жазбасын жасап, орыс тіліне аударуының ерекше маңызы болды. Ол жырға тұңғыш рет тарихи және әдеби тұрғыдан сараптама жасап, аты, аңызға айналған бас кейіпкері — Манас бейнесіне және қырғыз фольклорының басқа кейіпкерлеріне талдау жасайды. 1856 жылы тамыз айының бас кезінде Шоқан Уәлиханов Құлжа қаласына аттанды. Шоқан Уәлиханов Құлжа өлкесінде үш айдай болып, содан кейін күздің соңғы айларында Омбы қаласына қайтып оралды. Шоқан Уәлихановтың ғылыми және, ағартушылық қызметы, әсіресе, ХІХ ғ. 50-шы жылдардың аяғы мен 60-шы жылдардың бас кезінде жандана түсті.

1858–1859 жылдары ол өзін батыл саяхатшы ретінде даңққа бөлеген белгілі Қашғарға саяхатын жасады. Еуропаға беймәлім дерлік бұл елдің жағрапиясымен, тарихымен және саяси жағдайымен, мәдениет ерекшелігімен танысып, Ш. Уәлиханов Шығыс Түркістанды зерттеуге үлкен үлес қосты. Ертеден қалыптасқан Қашғариядағы тәртіп бойынша бұл ел еуропалықтар үшін жабық еді. Тағдыры бүкіл ғылыми қауымды толқытқан ғалымның қайғылы қазасы жайлы анық хабарды алған Шоқан алып келеді.

Шоқан өзінің саяхатын он ай он төрт күнде табыспен аяқтап, 1859 жылдың 12 сәуірінде «Қашғар туралы қызықты да бай мағлұматтары» бар Шоқан Верный бекінісіне (Алматы қ.) жетті. Бұл жерде бір жарым ай шамасында демалып, Семейге оралып, Ф. М. Достоевскиймен кездесіп, Омбыға қайтты да, жинаған материалдарын өңдеуге кірісті.

Шоқан Уәлиханов сапарының ең басты нәтижесі «Алтышардың немесе қытайдың Нан-Лу (Кіші Бұхар) ауданының Шығыстағы алты қаласының жайы туралы» атты үлкен еңбегі болды. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен жағрапиясы, әлеуметтік құрылысына арналған, Ш.Уәлиханов заманындағы ғылым жетістіктеріне орайластыра жазылған алғашқы ғылыми еңбек еді. Жаңа материалдарды қамту және оларды терең талдау жағынан оның еңбегі отандық ғылымға қосылған үлкен үлес болды. Ол күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

1959 жылдың аяғынан 1961жылдың көктеміне дейін Шоқан Петербор қаласында болған. Петерборда Шоқан ылғи да көптеген көрнекті орыс ғалымдарымен және әдебиетшілермен араласа жүріп, олармен достық қарым-қатынас орнықтырды. Ол жағрапиялық қоғамның вице-президенті П. П. Семенов-Тян-Шанскиймен әрдайым достық қатынаста болып, қызмет бабымен араласып тұрды. Көп реттегі онымен болған әңгімелері Шоқанның ғылыми көкжиегін кеңейтуге ықпал етті және оның жұмысын айтарлықтай Қазақстан мен Орта Азияны зерттеу саласына бағыттады.


Сонымен қатар, Ш.Уәлиханов өзінің еңбектерін жағрапиялық қоғамның басылымдарында жарялау үшін дайындайды. Оған мұнда да П. П. Семенов-Тян-Шанский үлкен жәрдем көрсетті. 1861 жылдың көктемінде ауыр науқас Шоқан Уәлихановты Петербордан кетуге мәжбүр етеді. Дәрігерлердің кеңесі бойынша ол нашарлаған денсаулығын түзету үмітімен туған даласына оралды. Ол 1862 ж. Өз кандидатурасын Атбасардың аға сұлтаны болуға сайлауда ұсынды. Ағайын-туыстарымен келісе алмаған соң Шоқан Омбыға

кетіп қалды. Мұнда ол облыстық басқарманың заң комиссиясының жұмысына араласып, қазақтың сот реформасы мәселелерімен айналысты.

1864 жылдың көктемінде Ш.Уәлиханов Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосу міндеті қойылған генерал М. Г. Черняевтің әскери экспедициясына шақырылды. Ш. Уәлиханов Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның Ресейге қосылуы қан төгіссіз, бейбіт жолмен болу керек деп санады. 1864 жылдың шілде айында ол М. Г. Черняевтің әрекеттеріне наразы бір топ офицерлермен бірге Верный қаласына қайтты.

Шоқан Уәлиханов өзінің науқасынан айыға алмады. 1865 жылдың сәуір айында Тезек төренің ауылында, Алтын-Емел жотасына жақын Көшен-Тоған деген жерде қайтыс болады. Қазақтың аса көрнекті ғалымы әрі, ағартушысы Ш. Уәлиханов өзінен кейін мол әдеби мұра қалдырды. Өзінің қысқа өмірінде ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихына, жағрапиясы мен этнографиясына арналған бірсыпыра еңбектер, сондай-ақ едәуір көлемде қоғамдық-саяси тақырыптарға арналған еңбектер жазып үлгерді. Ол терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманындағы ғылымда бірқатар мәселелерді жаңаша көтере білген кемелді ірі ғалым еді.

### **Ыбырай Алтынсарин**



Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы. Туып-өскен жері — Қостанай облысының Қостанай ауданы, Арқарағай ауылы. Осы өңірде, Тобыл өзенінің жағасынан топырақ бұйырған. 1850 ж. Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне оқуға түседі.

Мектепті бітірген соң, Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина болып қызмет атқаратын үлкен әкесі Балғожа Жаңбыршыұлының хатшысы болады (1857—1859). Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. 1860 жылы Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылады, әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгілінеді.

Ыбырайдың бүкіл өмірін арнаған ағартушылық-педагогтық қызметі осылай басталады. Тікелей өзінің араласуымен халықтан жинаған қаржыға мектеп үйін және интернат салып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің жаңа ғимаратын салтанатты түрде ашады. Ұстаздық-ағартушылық қызметке қоса Ыбырайға басқа да жұмыстарды атқару жүктеледі. Орынбор генерал-губернаторының тікелей тапсыруы бойынша Торғайда төрт рет уездік судья болып (1868—1874), торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі (1876-1879) қызметін атқарады.

Ыбырай инспекторлық қызметке кіріскен соң оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашады, оларды қажетті кітаптармен жасақтайды. Әсіресе, елді көшпелі өмір салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа үлгілі білім беру тәсілін ұсыныс етеді. Нәтижесінде, 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жатарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылады. Ыбырай мұнан әрі қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қол өнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. Тіптен, Қостанайдан ашылатын ауыл-шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырады.

Ыбырайдың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп-интернат аштыруының тарихи мән-маңызы зор болды. Ыбырай орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді. Мектеп оқуында, әсіресе, ана тіліне үйретуде К.Д.Ушинскийдің ойларына жүгінді. Қазақ балаларының таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазды. Ол орыс-қазақ училищесінде Ушинскийдің «Балалар дүниесін», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу құралын», Д.И.Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсы» оқу құралы ретінде ұсынды. Ыбырайдың пікірінше, мектептерге арналып жазылатын оқу кітаптары өзінің идеялық мазмұны және нақты материалдары жағынан ана тілінің және халық даналығының бай қазынасына негізделуге тиіс болды.

1879 ж. оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және дидактик. оқу мәселесі жөнінде «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» жарық көрді. Бұл екі кітап та қазақ балаларын кириллица негізінде оқытуға арналған

тұңғыш оқу құралдары болды. Ыбырай – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосқан. Ол қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер-білім, тех-ны игеруге шақырады («Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан, іздемей-ақ табылар»). Автор оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады («Оқымаған жүреді, Қараңғыны қармалап. Надандықтың белгісі – Еш ақылға жарымас»). Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді («Ата-енең қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу»). Жастарды өнер-білім, тех-ны игеруге үндеу ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан. Ол өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері не секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер-білімді батыл игеруге шақырады («Адамды құстай ұшырды, Мал істейтін жұмысты, От пен суға түсірді. Отынсыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын ішірді»). Ыбырай сондай-ақ Ушинский, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды. Қазақстан Үкімет 1989 ж. 22 желтоқсандағы қаулысымен Ыбырай дің туғанына 150 жыл толуына орай мерейтойы өткізіліп, ұстаздың мұраларына арналған ғылыми, тарихи, педогогикалық еңбектер жарық көрді. Арқалық қаласында Ыбырай мұражайы ашылды. Тобыл бойындағы Ыбырай қыстауы жанында, мүрдесі қойылған жерде, Ыбырай ға күмбезді мазар орнатылды. Қазақстанда Ыбырай атында аудан, ауылдар, жоғары оқу орындары, шың, т.б. бар.

Ыбырай оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән береді. «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық, «қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы оқушыны отан сүйгіштікке, еңбекке, кісілікке — тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән-мағынасын жоймақ емес. Тек қана оқу-ағарту жұмыстары емес, Ыбырай сонымен бірге сол кездегі қоғамдық — саяси өмірге сергек араласып, ғылым-білімге, еңбек

пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты мақалалар жазды. Оның, әсіресе, көркем еңбектері қазақ әдебиетінің қалыптасуына айрықша ықпал етті. Ыбырай есімі берілген аудан, ауылдар, оқу орындары, көшелер, жер атаулары Қазақстанның түкпір-түкпірінде кездеседі.

### **Абай Құнанбаев (1845-1904)**



Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев 1845 жылы қазіргі Семей облысына қарасты Шыңғыс тауының бөктерінде дүниеге келді. Ақынның әкесі Құнанбай ірі бай, әйгілі ру басы болған. Абайдың балалық шағы Құнанбайдың төрт әйел алуына байланысты туған үй ішіндегі қырық ру керістің қиын жағдайларында өтті. Бірақ, Абайдың бағына оның туған шешесі Ұлжан асқан ақылды адам болған. Оның табиғатына біткен адамгершілігі, парасаттылығы, баласына деген шексіз аналық мейірбандығы Абайға мұндай семьяның ортасында өте үлкен сүйеніш болды. Ұлжан барлық балаларының ішінде Абайды айрықша жақсы көріп, барлық бала бір төбе, жалғыз Абай бір төбе деп қарады. Ол Абайдың әкесі қойған атын өзгертіп, «Абайым» деп еркелетті. Сөйтіп, оның аты бүкіл қмір бойына Абай атанып кетті.

Ауылдағы жалдамалы молдадан хат танытқаннан кейін, Құнанбай сегіз жасар Абайды Семей қаласына жіберіп, Ахмет-Риза имамның медресесінен оқытады.

Сегіз жасар Абай өзінің зеректік қабілетімен әке көзіне ілігіп, үміт күтер, ата жолын ақтар бала болар ма деген ой салады. Міне, осы себептен әкесі Құнанбай Абайды Семей қаласына апарып, әуелі Ғабдулжаппар молдаға оқуға береді. Бұл молданың қарамағанда екі жылдай оқып, мұсылманша бастауыш білім алады. Бұдан кейін он жасар Абай, бір басқыш ілгері дәрежедегі, жабық оқу орны, мешіт жанындағы діни медресеге түседі. Осы медресе имамы Ахметризаның қарауында оқиды. Абай бұл медресе оқуында меңгеріп, үздік көзге түсті. Абай молададан тәлім ала жүріп, өз бетімен көп ізденеді. Сол кезде көп тарап жүрген Орта Азия және

тәжік, парсы халықтарының ұлы ақындары – Науаи, Низами, Фердаусилар шығармаларымен танысады. Бұлардың еңбектеріндегі адамгершілік идеясы, реалистік мотивтер Абайға үлкен ой салады.

Семейде болған аз жыл ішінде Абай тек медресе маңын, діни қауымды тани қойған жоқ. Абайдың сезімтал, жас, ынталы жүрегі оған қаланы тегіс танытты. Ол қала халықтарын, оның мәдениеті, тұрмыстарын күнкөріс тіршіліктерін, даладан өзгешеліктерін, тағы басқа жақтарын түгел танып, зердесін өсіреді.

Абайдың медреседен кейінгі оқу жолы осындай өз бетімен іздену үйрену дәжесінде болды. Алыстан араласқан Абай өзіне жаңа орта- тың жол тапты. 17-18 жастан 28-29 жасқа дейінгі Абайдың өмірі осындай өз бетімен іздену, ел өмірін зерттеу, халық даналығымен батыс әдебиетін меңгеру

Құнанбай бастапқыда, ауыл молдаларынан ескіше хат тани бастаған Абайды он жасында Семейге алып келіп, медресеге береді. Медреседегі дін сабақтары араб, парсы, татар тілдерінде жүретін. Мұның өзі жастайынан өлең-жырға әуес жас Абайға шығыс халықтарының атақты ақындары Фердауси, Саади, Низами, Фзули, Науаидың шығармаларын оқуға мүмкіндік береді. Медреседе оқып жүрген кезінің өзінде-ақ Абай осы ақындарға еліктеп, бірен-саран өлеңдер жазады.

Абай қаршадайынан ел ісіне араласа жүріп, әкесі сияқты азулы би-болыстардың билікке таласқанын да, қалың көпшілікке жасаған озбрлық сұрқия әрекеттерін де, ел арасының ескіден қалған ру тартысы, бырмта таласы тәрізді дауы мол, шым-шытырық, Талас-жанжалдарды да, қазақ кедейлердің қараңғы қапастағы ауыр азапты тұрмысын да көзімен көреді. Осының бәрі Абайдың әділетсіздіктен жиренуіне, , өзі шыққан ортадан түңілуіне себепші болады. Бұл кез Абайдыөмір тануына көп жәрдемін тигізгенімен, оның жастайынан талап қылған ақындық өнерімен айналысуына мол мүмкіндік бермейді. Дегенмен ел ішінің дау-жанжалына, Талас-тартысына қатысу, кейде билік сөзге араласу оның шешендік қабілетін, сөзге ұсталығын ұштай түседі. Оның үстіне өз тұсындағы халықтың дарынды ақын-жырауларының, әнші-композиторларының, басқа дарын иелерінің өнерін тыңдау, көру, бай ауыз әдебиетінің әр алуан өрнегімен танысу Абайдың ақындық жанына игі әсер етеді. Бұған қоса ол өздігінен орыс әдебиеті шығармаларын оқуға талптанады. Осы жағынан

алғанда, Абайдың отыз бестерге дейінгі өмірі оның кейінгі үлкен ақындық жолының дайындығынадай болады.

Абай осы кезден бастап, елдің ішкі ісінен бүтіндей қол үзіп, өлең жазу ісімен тікелей айналысады. Ол өз өлеңдерімен мәдениеттен кенже қалған қазақ халқ басындағы надандық пен қараңғылықтың қара шымылдығы сыпырып тастауға ұмтылады.

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре-тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен Кеш сермедім, -*

деп, өзінің босқа кеткен уақытына үлкен өкініш білдіре, жастарды оқуға, білімге, орыс халқының озық мәдениетінен үйренуге, үлгі алуға шақырады. Бұл тақырыпта «Әсемпаз болма әрнеге», «-ылым таппай мақтанба», «Интерната оқып жүр» өлеңдерін жазады. Бұл өлеңдерінің қай-қайсысында да ұлы ақын жас шәкірттерді өнер-білім алып, өмірдің іргелі қабырғасының пайдалы кірпіші болуға үндейді.

Абай өз заманының батыл сыншысы, жауыздық атаулының бәріне де қарсы күресуші, әділеттіктің қажымас дабылшысы болды. Ескіліктің шырмауында талан-тараж болған елді бірлікке, адал кәсіп, еңбекке уағыздады. Қысы-жазы бай малының соңында аянышты өмір кешкен кедей-жалшыны мүсіркеп, оны аяусыз қанап отырған бай, би, болыс, атқамінер әкімдерді өзінің уытты мысқылының нысанасы етті. Абай «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың» деген өлеңдерінде патша өкіметінің шееншекпеніне мәз болып, «арқаға ұлық қаққанға» ар-ұятын сатып, адамшылықтан безген үстем тап өкілдерін өлтіре сынады. «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңдерінде ақын қазақ аулындағы таптық қайшылықтың бетін ашып береді.

Абай надандыққа, ол туғызып отырған жағымсыз қылықтардың бәріне атымен қас болды. «Бойы бұлғаң», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Сегіз аяқ» өлеңдерінде ақын жаман әдет, ұнамсыз қылық, мәдениетсіздікті сын найзасына түйрейді. Абай өзінің ақындық өнерін халыққа қызмет етуге, оның санасын оятып, көкірек-көзін ашуға арнады. Мұны оның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңінің атынан-ақ айқын көреміз.

Ұлы ақын өлеңді түр, мазмұн жағынан байытуға да өлшеусіз еңбек сініреді. Мысалы: қазақ ақындарында Абайдан бұрын табиғаттың сұлу



көркін суреттеу дәстүрі кең етек алмаған болатын. Абайдың «Қыс», «Жазғытұрым», «Жазды күн шілде болғанда» өлеңдері бұл саладағы тың бастама еді. Абайдан бұрынғы өлеңдердің көбі қара өлең ұйқасымен не жыр түрінде жазылса, Абай өлең ұйқасына, оның буын өлшеміне көптеген жаңалықтар енгізді.

Абай қазақ халқын орыс мәдениетімен жақындастыру бағытында көп еңбек етті. Абай орыстың атақты ақын-жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ жұртшылығына таныстырды. Крыловтың: «Қарға мен түлкі», «Шегіртке мен құмырсқа», «Өгіз Бен бақа», «Есек пен бұлбұл» мысалдарынан, Пушкиннің «Евгений Онегин» романының үзінділерін, Лермонтовтың бірсыпыра өлеңдерін аударды.

Абай – зор ақындық дарынның иесі болумен қатар, үлкен әнші, композитор да болды «Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Өзгеге көңілім тоярсың» сияқты сөзін өзі жазып, әнін өзі шығарған өлеңдері өткен ғасырдың өзінде-ақ қазақ даласына тарады.

Абай 1904 жылы алпыс жасқа қараған шағында қайтыс болды. Оның денесі Шыңғыс тауының Жидебай алқабындағы өз қыстауының қасына, өзінің туып өскен жеріне қойылды.

Абай жас жанның Сара көңілі әрқашан әділдікті жақтайтын боп өссін деген талаптар қояды және тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып айтады. Балаларға керектісі де сол. Өйткені олар айқындықты, дәлдікті, ақиқатты, сәби көңілін оятып, өзін болашаққа қызықтырып, итермелеп отыратын тұжырымды ойды қажет етеді.

Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаған әдеби тілді қалыптастыруда орасан зор еңбек сіңірген ұлы Абай тұңғыш рет реалистік әдісті өзінің шығармаларында бар сыр-сипатымен мән-мақсатымен жүзеге асырды. Адамның жан жүрегін тербейтін ұланғайыр әдемілік пен сұлулыққа бөлейтін Абай поэзиясы-ерлік таба алмаған жарым көңілдің ызыңы емес, өз заманының кем-кетігін жетік білген, оны түзейтін деп әлек болған ұлы ойшылдың күрес құралы, данышпан Абай ақындық сөздің әлеуметтік мағынасына және ақын-жазушының қоғам алдындағы міндеті мен парызына айрықша мән берді.

Абай-қазақ әдебиетінде сыншыл-реализм әдісінің негізін салған дарын. Оның шығармалары жеке адамның қара басындағы кемшілікті әжуалаудан гөрі қоғамдық құбылыстың кем-кетігін сынау-мінеу дәрежесіне көтерілген,

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы  
Қиынан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы,

дегенде Абай қазақтың жаңа жазба әдебиетінің ендігі шығар биігі осы өңірден өріс алуына, түр мен мазмұнның тұтасуына назар аударады да, «іші алтын сырты күміс сөз жақсысын» жасай алмағандарды «ол ақынның білімсіз бейшарасы» деп табады.

Сөйтіп Абайдың көркем сөзге қояр талап-талғамы қазақ әдебиетін өркендету жолындағы жаңа норма болып қалыптасты. Абай өзіне дейінгіні де қатарласында сынап қоймай халықтың ғасырлық тәжірибесінен қорытылып бұзылмас ереже-қағидаға айналғандарын да терден өткізу керек деп білді. Халық даналығының асыл қазынасы мақал-мәтелдерді түсіну, тыңдаушыны тәрбиелей, өнерді қадірлеу мәселелері төңірегінде Абайдың сыншылық ой-пікірі айрықша қамақты болғандығы да осыдан.

Ендігі бір мәселе Абайдың оқушы, тыңдаушы қауым іздеуі, оны тәрбиеледі. Ақын-жазушы мен оқушы-тыңдаушының ара қатнасы жәй мәселе емес. «Жазушы жазады, оқушы оқиды» деген өкінішті тезисті «Шәкіртсіз-ұстаз тұл» деген қазақ мақалы ұшықтыра түседі. Сондықтан бұл мәселе үнемі эстетикалық талап-тілекпен қабысып жатады. Абайға дейін бұл мәселе назар аударып айрықша мән берушілер болған емес. Абай шығармаларында оқушы мен тыңдаушына жөн сөзге құлақ қоюға шақыру, түсінуге талаптандыру, пайдалыны зияндыдан айыра білу, жетесіздікші сөгу, надандықты ашына сынау жиі кездеседі. Сондықтан да:

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түссін,  
Ойланшы, сыртын қойып сөздің ішін.  
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,  
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін,-

деп назалауында үлкен мән, мақсат бар.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұра халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазына.

Туған халқымыздың елдік тәуелсіздігімен рухани бостандығы жолында алаш туын көтеріп шыққан қайраткерлердің топ бастары Әліхан Бөкейхановтың Абай қайтыс болғаннан кейін өз қолымен орыс тілінде кеңейтілген қазанама текстің жазып оны «Семеипалатинский листок»

газетінде бастыруы. Ә. Бөкейханов ұлы ақынның ең алғашқы шежіресі және зерделі зерттеушісі. Абай өлеңдерін Абайдың өз баласы Тұрағұл мен немере інісі Кәкітай 1909 жылы бастырып шығарды.

### Қара сөздер

Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі идеялар бір-біріне қабысып отырады. Әйтсе де оның кейбір қара сөздерінде өлеңдерінде жоқ тақырып тіпті кейбір қайшылықтар да кездеседі. Бұл еңбектерінің көпшілігінде бұрын қозғалмаған тың, соңғы пікірлерді қозғайды. Өз кезіндегі ақындардың еш қайсысының басына келмеген әлеуметтік зор мәні бар мәселелерді сөз қылады.

Абайдың қара сөздерінің жалпы саны 45, бірақ өте қысқа кейбір қара сөздері бір бет жарты беттен құралады. Солай бола тұрса да, әр қайсысы өз кезіндегі әлеумет өмірінің ең керек еткен күрделі мәселеріне арналған. Көп әңгімелерінің өзінше болып саналады. Бірақ бұл айтылғандардан оның қара сөздерінің ішінде мазмұны жақтарынан өз ара жақындық жоқ деген ұғым тумауы керек. Оның кейбір әңгімелері кейді тақырыбын, кейді мазмұны жағынан бірін-бірі толықтыра түседі.

Абай қара сөздерінің жалпы санының ұғымы үшін оның бірнеше сөздеріне тоқталамыз. Мысалы, «жетінші», «отыз бірінші», «он тоғызыншы» сөздері ілім-білімді, оны қалай игеру жөніндегі ақынның ой-пікірлерін аңғартады.

Өзі де «жетінші» сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезден туады: біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады, бұлар-тәннің құмары, бұлар бомаса тын жанға қонақ үй бола алмайды һәм өзі өспейді қуат таппайды. Біреуі-білсем екен демектік, не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, даусына ұмтылып, онан ер жетіңкіргенде ит үрсе, мал шуласа да, біреу келседе, біреу жыласа да туар жүгіріп, «ол немене», «бұл немене» деп, «ол неге үйтеді», «бұл неге бүйтеді» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі-жан құмары. Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.»

Дүиенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса ден деп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген оң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады,-дейді.

«Жетінші» сөзінде адам баласының сол «білсем» деген табиғи тілегін Абай бақылай келіп өзінің өмір тәжірибесінен түйгендерін ғылыми-философиялық тұрғыдан қорыта оған көлденең тұратын бөгеттерді сынайды, ал адам қайткенде білімді болатындығының жолын көрсетуге «он тоғызыншы» сөзін арнаған.

«Адам,-дейді ұлы ақынымыз Абай, ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе, дүниедегі жақсы жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені болған адам біліді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегендерден сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады».

Бірақ данышпан Абай тек осы айтқандарымен ғана қанағаттанып қоймайды. Осы естіген, білген нәрселерді адам қайткенде есіне сақтап, қалай ұмытпай, оларды өзінің өмір серігі етудің әдістерін де көрсетеді. Бұл мәселеге оның «отыз бірінші сөзі» арналған. Өңгіме қысқа, тұжырымды және оқушы жастар үшін маңызды керекті.

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа түрлі-түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек. көңілденіп, тұшынып ынтамен ұғыну керек. Үшінші сол нәрсені, ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе-күллі ақыл мен ғылыми тоздыратын нәрселер.»

Өзінің өлеңдеріндегі тәрізді қара сөздерінде ұрлық парақорлық, пәлеқорлық, партигерлік, мансапқорлық, тағы басқалар елдің ел болуына зор бөгет екендігін айта келіп. «қырық бірінші сөзінде» Абай екі нәрсе ұсынады: біріншісі – «Бек зор үкімет», екіншісі - қаржы. Үкіметтің күшімен қазақтың ұл, қыздарын еріксіз түрде мектепке беріп, оларды ғылымның әр саласына мамандандырып, ой санасын жаңаша тәрбиелеп бұрынғылардан мүлде өзге психология, өзгеше наным-сенімдегі адамдар етіп шығарса, сонда ғавна елдің түзелетінін айтқан.

Абайдың «он жетінші сөзі» қайрат, ақыл, жүрек, ғылымға арналады. Алдыңғы үшеу: адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әрқайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да, ғылымға төрелікке

жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. Жеке үшеуінде де кемшілік бар. «... Осы үшеудің басынды қос оның ішін де жүрекке билет,»-дейді оларға ғылым.

Бұл мәселелер Абайдың осы әңгімесінде ғана емес, көптеген өлеңдерінде де сөз болады. «Әуеде бір суық мұз, ақыл, зерек» деген өлеңінде Абай:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда халық боласың елден бөлек.  
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
Жолда жоқ жарым есті «жақсы» демек.  
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ.  
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.  
Біреуінің күні жоқ, біреуінсіз,  
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Абайдың кейбір қарас өздері қазақтың мақал-мәтелдерін талдауға, мәні ашуға арналады. Мысалы: «бесінші сөзі», «Жиырма тоғызыншы сөзі». Бұл сөздерінде ақын қазақтың мақал-мәтелдерінің ішіндегі ең теріс дегендерінің жақсылыққа емес, жамандыққа тәрбиелейтіндерінің атарлы сырын ашады.

«Мал-адамның бауыр еті», «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Малдының беті жарық, малсыздың бері шарық», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Өзіңде жоқ болса, әкенде жат» т.б. мақалдарды келтіреді де, оларға төмендегіше талдау береді.

Абайдың өлеңдері де қара сөздері де нақыл сөздерге (афоризмге) мейлінше бай келеді. Олардың кейбіреулері халық мақалына айналып кетті. Мысалы: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарын тіленбей», «Жетім қозы тас бауыр түңілер де отығар» деген сияқты сөздері ауыздан ауызға тарап, халық мұрасына айналды. Бұл оның нақыл сөздерінің ел тілегімен қабысқандығын, түрі жағынан көркем, жатық, мазмұны жағынан терең мағыналы екенін дәлелдейді.

Абайдың нақыл сөздерінің қайсысы болсын, үлкен ой терең мазмұнды, халықтың нақыл сөздерінен де шет елдің ақыл иесі, ұлы адамдарының ақыл сөздерімен де тең түседі. Басқаларын былай қойғанда Абайдың «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады» дейтін сөзі - асқан құнды пікірі де, қорытылған өмір шындығы, Абайдың нақыл сөздерінің ішінде бүгінгі жастарды тәрбиелеу үшін де пайдалы жақтары көп. Оның қара сөздеріндегі

еңбек, ғылым, адамгершілік. әділдік т.б. жөніндегі пікірлері бүгінгі тәрбие жұмыстарына нақтылы құрал болуға жарайды.

## **Олжас Сүлейманов**

**1936 жылы туған**



Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Олжас Сүлейменов 1936 жылы 18 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Оның әкесі әскери қызметкер болған. Орта білімін орыс мектебінде алған Олжас Сүлейменов Қазақ мемлекеттік университетінің геология факультетіне оқуға түсті. Көркем шығармашылыққа деген қызығушылық оны 1961 жылы Мәскеуге, Максим Горький атындағы әдебиет институтына алып келді. 1962 жылдан 1971 жылға дейін «Қазағым» студиясының бас редакторы, «Простор» журналының бөлім меңгерушісі, 1972 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, ал Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның Италиядағы елшісі болды. Олжас Сүлейменов қазақ халқына тән ұлттық ерекшеліктерді, дәстүрлерді, даңқты және азапты сәттерді жақсы біледі. Сондықтан оның шығармаларында қазақ халқының ұлттық рухы айқын көрінеді. 1961 жылы ақынның алғашқы шығармасы – «Арғымақтар» жарық көрді. Осыдан кейін «Нұрлы түндер», «Қылықты түн», «Ақ дария аспанында», «Мешін жылы», «Көңіл көкжиегі», «Қыш кітап», «Атамекен», «Жұмыр жұлдыз», сияқты ондаған поэзия, проза, ғылым кітаптары жарық көрді.

Олжас Сүлейменовтың көркем туындылары қазақтардың ерекше өмір салтын, ойларын, сезімдерін бейнелесе, олардың ғылыми еңбектері түркі халықтарының әлемдік мәдениеттің дамуындағы орнын тарихи дәлелдермен дәлелдеді. Оның «Азия» атты еңбегісіндей жұмыстар сериясының бір бөлігі болып табылады.

Олжас Сүлейменовтың орыс тілінде жазған «Земля, поклонись человеку» деп аталатын эпопеясы жаңа өмір адамның қабілеті мен еркі туралы әнұран болды. Онда ғаламды жаулап алған және әлем тағдырындағы жаңа кезеңді бастаған адамзат туралы бақылаулар әсерлі түрде көрсетілген.

## Арғымақ

Қыпшақтардың ой-хой құба жондары-ай,  
Жер тарпыған тұлпарын айт, тұлпарын!  
Шарайнадай сауырына қомдап ай,  
Арғымақ жүр  
Көк шалғынға-көк кілемге  
Сүртіп мүйіз ұлтанын.  
Берші менің тақымыма біреуін,  
Жеті қиян жер түбіне асайын.  
Арғымақтай аласұрған жүрегім  
Оны қалай басамын.  
Атылайын арғымақтың жалына,  
Соңымда тек сақ-сақ күліп дос қалсын.  
Балғын шалғын айналып көк жалынға  
Нөкер болып артымда ақ шаң топтансын.  
Шаппай тұлпар кісінеме атпын деп,  
Шабайықшы шаң қондырмай егіне.  
Шабайықшы көп жыл тыныш жаттың деп.  
Момын қырдың былш-былш ұрып бетіне.

## Тірек сөздер

**Аударма** - әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге көшіріп қайта жасалуы, басқа тілдегі түпнұсқа негізінде жазылған көркем туынды.

**Қара сөз** - көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден поэзиядан айырмасы - шығармада онда сөз ырғағы еркін, әдебиеттегі сөз саптау қалпына сәйкес келеді, өлеңдегідей қандай да белгілі өлшемді сақталмайды. қара сөзбен жазылған көркем шығармада өмір құбылыстарын әр түрлі уақиғаларды баяндау тәсілі айрықша тән болады. әдебиетте өлең мен қара сөздің бір-біріне қарағанда жасалу жолдары да, мәні де, әсері де өзгеше болып келеді.

**Метафора** - Ауыстыру-грекше көшіру. Суретеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, солай суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу.

**Өлең** - бұл сөз термин ретінде бірнеше мағынада айтылады. Біріншісі-ән өлең, ән салып, ән шырқап айтатын өлең, яғни музыкалық өнермен сөз өнеріне ортақ туынды. Ән өлеңде көбінесе әннің мәні сөзінен гөрі маңыздырақ келеді. Екіншісі-көбінесе жеңіл, ықшамды ғана әуенмен, мақам мен термелеп айтылатын өлеңдер жырлар яғни ауызша поэзияның туындысы. Үшіншісі-оқылатын, сөйлеп айтылатын өлең, яғни жазба поэзияның туындысы. Әр алуан лирикалық шығармалар. Өлең деген сөзді кең мағынада алып, көлемі қысқалау, келетін поэзиялық шығармалардың бәріне ортақ жалпылама атау ретінде қолдану да жиі кездеседі.

**Поэма** - (грекше *poіeta* – шығарма деген мағынада) – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Шоқан қай жерде, қай жылы дүниеге келді?
2. Шоқанның білім алған орындарын айт.
3. Ол қандай саяхаттарға қатысты?
4. Шоқанның ғылыми еңбектеріне сипаттама бер.
5. Шоқанның ағартушылық, демократтық қызметін айт.
6. Ы. Алтынсариннің қазақ қоғамында және әдебиет тарихына қандай орны бар?
7. Ыбырайдың туып өскен жерін, жастық шағын әңгімелеп бер.
8. Ыбырай қай жерде оқыды және өз бетінше қалай ізденді?
9. Ыбырайдың мектеп ашу жолындағы қызметін айтып бер.
10. Ыбырай қандай оқулық жазды?
11. Жазушының прозалық шығармалары қандай тақырыптарды қамтиды?
12. Абайдың өмірі мен шығармашылығы деген тақырыпқа презентация жаса.
13. Абайдың қара сөздерін жаттап ал.
14. Абайдың аудармалары мен поэмаларынан үзінділер келтір.
15. Олжас Сүлейменов шығармаларының ең басты тақырыбы не?



## 2-Модуль

### Кавказ және Кавказ арты халықтары әдебиеті

Бұл топтың қатарына Кавказда және Кавказартында өмір сүретін көптеген халықтардың әдебиеті кіреді. Олардың ішінде әзірбайжан, армян және грузин әдебиті көп ғасырлық тарихқа ие болса, абхаздар, лезгиндер, кабардиндер, осетиндер, құмықтар, аварлар сияқты халықтардың жазба әдебиеті біршама кейін қалыптасты. Солай бола тұра бұлардың әдебиетін байданыстырып тұратын көне дәстүр болған. Әжірбайжан және құмық әдебиеттері өзбек әдебиетімен біршама ұқсастық жақтары өіндік әдебм ерекшеліктерімен байланыстырып тұрады. Себебі олар бір тізімдегі туысқан ұлттық тілдерде сөйлесіп, Шығыстың классикалық әдебиетінің бай қазынасынан нәр алған.

Кавказарты халықтарының ауыз әдебиетінде көрініс тапқан отансүйгіштік жіне халықтар достығы жайлы идеялары орта ғасырларда қалыптасқан грузин, армян және әзірбайжан классикалқ әдебиетінің ең дара үлгілерінде өз көрінісін тапқан.

Бұл мағынада Низами Ганжауидің «Хамса» сына кірген дастандар, Шота Руставелидің “Жолбарыс тонды жиһанкез” эпосы, Мхитар Гай, Вардан Гайкеци мысалдары идеялық-көркемдік тұрғыдан құнды туындылар сипатында сол дәуірдің өзінде ерекше құрметке ие болған.

Түрлі кезеңдерде Кавказ және Кавказарты халықтарының әдебиетнде Воқиф, Видодий, Саят Нова, Давид Гурамишвили, С.Орбелиани, Х.Абовян, М.Охундов, Г.Арстави, Г.Сандукян, И.Чавчавадзе, Э.Нинашвили, А.Собир, Ж.Маматқулизода, А.Акопян, А.Сулукидзе, С.Шаумян, С.Спандарян, Сулаймон Стальский, Эфенди Каптев, Гамзат Цадаса, Расул Гамзатов, М.Дишеков, Ладико, Хусин Гашоков, А.Шортанов, А.Нишонов, Дмитрий Гулик, Иван Тарба, Иван Папаскирилар шығармашылықпен шұғылданды.

## Армян әдебиеті

Армян жазба әдебиеті негізінен біздің дәуіріміздің V ғасырынан қалыптаса бастады да дами түсті. Мұның басты себептерінің бірі армян ұлттық әліпбиінің құрылуы болды. Армян жазуын армян монахы Месроп Мештос құрды. Ұзақ жылдар бойы түрік және парсы билеушілерінен қорлық көріп өмір сүрген армян халқы, бейбітшілік пен тыныштық үшін өз жерлерін тастап кетуге мәжбүр болды. бұл жағдай әлемнің әр түкпірінде армяндар қоныстанған шағын–үлкен елді мекендердің пайда болуына себеп болды. Кавказ республикалары, Түркия, Иран, Үндістан және Таяу Шығыс, сондай-ақ Батыс Еуропа елдері ұзақ уақыт бойы Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінде өмір сүрген армян халқының мәдениеті мен әдебиетінің бай үлгілерін жасады. Бұл бізге жеткен фольклорлық шығармалардың алуан түрлілігіне байланысты және құнды ақпаратты Матндарон армян жазба әдебиеті кітапханасында (ежелгі сирек қолжазбалар институты) сақталған.

Армян халқының ауыз әдебиеті шығармаларының ішінде көптеген ертегілерді, әндер мен терминдерді, эпикалық эпостар мен аңыздарды, мақал-мәтелдер мен ғибратты сөздерді табуға болады. Ғасырлар тереңінен бізге көне Арменияның тайпаларының өмірі мен күресі жайлы мағлұмат сақталған халық шығармашылығының ескерткіштері жетті. Армян халық шығармашылығының шыңы араб халифаты басқыншылығына қарсы халықтың қаһармандық күресіне көркем түйіндеме беретін «Давид Сасунский» эпосы болып табылады. Ән шығармашылығында сонау V ғасырдың өзінде армянның әдеби мұраларында аталатын халықтық әншілердің –гусандардың поэзиясы ерекше орын алады. Армянның жазба өнері урарттардан бізге дейін жеткен сына жазуларынан бастау алады. V ғасырда түпнұсқа және аударма әдебиеті көп тарала бастады. Көркем әдебиеттің дамуы үшін тарихнамашылар: Агатангехос, Павстос Бузанд, Егише, Лазарь Парбеци, Мовсес Хоренаци еңбектерінің маңызы үлкен болды.

Әдебиеттегі қайта даму заманы өзінің «Трагедиялар кітабы» мен «Жырлар» лирикалық поэмаларында адамгершілік мұраттарын білдірген орта ғасырлық кемеңгер ақын Григора Нарекаци есімімен байланысты. Нарекаци поэзияны шіркеу табынушыларынан бөліп, шынайы әлемді, табиғатты, адамның сұлулығын жырлады.

Армян халықтық қаһармандық эпостарының ішіндегі ең танымалы - «Дэвид Сосунский» эпосы. Бұл эпоста халықтың VIII-X ғасырлардағы араб басқыншыларына қарсы бостандық үшін күресі керемет көркемдік шеберлікпен сипатталған. Бұл көптеген ғасырлар бойы шындық пен әділеттілік үшін қан төккен армян халқының бостандығына деген ұмтылысты айқын көрсетеді. Армян халық ауыз әдебиетінің шығармашылығында ертегілер мен эпостардан басқа, салттық әндер де үлкен орын алады. Шынайы махаббатты насихаттайтын, еңбекті дәріштейтін, қажылық отымен қоғамның жамандықтарын өртейтін осы лирикалық әндердің ішінде дәріуштер сияқты ел кезіп өмір сүретін бейшаралардың өлеңдері өздерінің әлеуметтік мазмұнымен ерекшеленеді. Бұл өлеңдер өз Отанын тастап, бақыт пен тыныштық іздеген армяндардың өмірінің қайғылы бөлігін бейнелейді. V ғасырдың басында Христиан дінінің қабылдануымен сол кезге дейін болған барлық ескі әдеби шығармалар, ескерткіштер жойылды. V ғасырға қарай армяндардың тәуелсіз мемлекетке бірігуге деген ұмтылысы күшейген кезде, әдеби өмірдің біржақты жандануы армян тілінде жазбаша әдебиеттің пайда болу қажеттілігін тудырды. Жоғарыда айтылғандай, V ғасырда әйгілі ағартушы епископ Месроп Маштоцтың армян жазуын ойлап табуы түпнұсқа және аударма әдебиетінің қарқынды дамуына түрткі болды.

Армяндық қайта дамудың саяси идеяларын жақтаушылар X ғасырда тарихшы –жазушылары Ованес Драсханакерци, Товма Арцруни болды. XI ғ. ірі ақындар– Ованес Имастасер, Нерсес Шнорали пайда болды; көрнекті мысалшылар Мхитар Гош және XIII ғ. басында Вардан Айгекци болды.

XII ғасырға дейін армян әдебиетінде «грабар»деп аталатын ескі армян шіркеу тілі басым болды. XII ғасырдан бастап «грабар» өміріне біртіндеп жалпыавомдық тіл “ашхарабар” сіңе бастады. Кейінірек, XIX ғасырда “ашхарабар” армян әдеби тіліне айналды. XIII ғасырдағы армян әдебиетінің тарихында реакциялық-феодалдық бағыт пен еңбекқор халықтың мүдделерінің пайдасына прогрессивті бағыттың көріністері арасындағы күрес шиеленісе түсті. Шіркеуге қарсы гуманистік әдебиеттің идеологтары Фрик пен Константин Ерзнкацилар романтикалық лирикалық өлеңдерді пантеистік рухта ойлап тапты. Осы уақытта әйгілі аллегориялық кейіпкер Вардан Айгекци өмір сүрді. Оның халықтық анекдоттарды кеңінен қолдана отырып жасалған астарлы әңгімелерінде феодалдар мен шіркеуге қарсы бағытталған халықтық реализм рухы сезілді.

XIII ғасырдан бастап ойшыл ақындар халықтың сөйлеу тілі орта армян тілінде жаза бастады. Фрик элеуметтік наразылықтың поэзиясына негіз салды, К. Ерзнкаци махаббат лирикасының бастаушысы болды.

Поэзияда туған жерге деген сағынышын білдіретін кезу тақырыбы үлкен мағынаға ие. О. Ерзнкаци (XIII ғ.), Мкртыч Нагаш (XIV – XV ғасырларда), Наапет Кучак (XVI ғ.) шіркеулік әлемдіұғынуға қарсы тұратын өмірді сүйетін көңіл-күй енгізді.

XIII- XVI ғасырлар аралығында. поэма жанры қарқынды дамыды.

XVIII ғасыр әдебиетке Багдасар Дпир және ұлы ашуг-ақын Саят-Нова кірді. Армяндық қоғамдық ой мен әдебиеттің дамуында маңызды рөл атқарған революционер-демократ М. Налбандян болып табылады. Шыншыл драматургияның негізін салушы Габриэл Сундукян болды.

XIX ғасырда жаңа армян әдебиеті қалыптасты. Оның негізін қалаушылардың бірі және негізгі өкілдері Ұлы ағартушы-демократиялық ақын Хачатур Абовян болды. А. С. Пушкин дәуірі орыс әдебиетінің ықпалымен тәрбиеленді. Х. Абовяның қызметі шіркеуді жақтаушылардың өлі Грабар тілін жандандыру әрекеттеріне қатты соққы беру болды. Ол өзінің әр түрлі жанрдағы керемет туындыларын “ашхарабар” деп аталатын жаңа армян тілінде жазды. Оның ең жақсы прозалық шығармаларының бірі - «Арменияның жаралары» деп аталатын алғашқы армян романы болды.

50-60 жылдары прогрессивті бағытталған армян баспасөзінің қызметі күшейе түсті. Осындай журналдардың бірі Мәскеуде шыққан «Юсисапайл» (“Шимол ёғдуси”) болды, оның айналасында көптеген талантты жазушылар ұйымдастырылды. олардың ішінде дарынды ақын және ғалым Микаэль Налбандян ерекше көзге түседі. Налбандяның баталы әдеби және ғылыми қызметі революциялық демократиялық рухқа толы болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында армян әдебиетіндегі драматургия өркендеді. Армян драматургиясының ең ірі өкілі - Г. Сундукян еді. Оның «Пепо», «Қираған үй», «Тағы бір құрбан», «Хатбала» пьесалары сол дәуірдегі ауыр қақтығыстардың драмалық бейнесін жасады.

. XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың басында Арменияда капитализмнің дамуына байланысты патриархалдық қатынастар біртіндеп бұзыла бастады. Шаруа өмірі қиын болды. Армян жазушыларына А. Аганян, А. Адеян, А.Шахназаряның шығармашылығы осы тарихи кезеңмен сәйкес келді. Шамамен бір уақытта айына бір рет шығатын «Мурч» («Балға»)

журналының айналасында Ованес Туманян, Аветик Исаакян, Акоп Акопян, Деренин Демирчян ұйымдастырған армян демократиялық әдебиетінің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Олардың ішінде О.Туманяның шығармашылығы ерекше көзге түседі. Ол өзінің төрттік шумақтарында, дастан-эпостарында, астарлы әңгімелерінде және ертегілерінде классикалық әдебиет дәстүрін жалғастырды; халық өмірінің шынайы суреттерін салды; оптимистік идеяларды жырлады. Оның ең жақсы шығармаларының мысалдары - «Ануш», «Ескі күрес» және «Дэвид Сосунский» сюжеттеріне жазылған эпостар.

Жаңа армян әдебиетінің тағы бір ірі өкілі Сол кезде Батыс Арменияда (қазіргі Түркия мемлекеті) болған армян қырғынына куә болған А.Исаакян болды. Сондықтан адамдардың қайғылы жағдайына қайғы сезімі оның шығармалар жинағында («әндер мен жаралар») терең із қалдырды.

XX ғасыр әдебиетінің негізгі бөлігін романшылық құрайды. II-дүниежүзілік соғысымен байланысты тақырыбы кеңінен тараған ауқымды өнер туындылары пайда болды. Р. Кочардың “Үлкен үйдің балалары”, М. Арменнің “Ясва”, А. Сирастың «Арарат», В. Алазанның «Солтүстік жұлдызы», атты романдармен қатар шет елдердің өмірі мен күресіне арналған “Тегеран” (Г.Севунц) “Сахарада”, “Жеңіліс” (С.Алажанян) атты романдар солар қатарынан.

Поэзия армян тілінде де айтарлықтай дамыды. Әдебиет сахнасында Э.Чаренц, Г. Сарян, Н. Зарян, О. Шероз сияқты қабілетті ағартушы ақындар болды. Олардың қаламына тиесілі болған “Чаненцтен сәлем”, “Рушан шыңы”, “Көктем мезгілі” сияқты поэтикалық шығармаларының жинақтары өздерінің көркемдік ерекшеліктерімен ажыралып тұрады.

80-90 жылдары сыншыл реализм жетекші бағыт алды. Нар-Дос, Мурацан, сондай-ақ романшы және драматург А. Ширванзаде прозашылар плеядасы алға шықты. XIX және XX ғасырдың бірінші жартысының ірі ақыны Аветик Исаакян болды. XX ғасырда жаңа буын ақындары ішінен Сиаманто, М. Мецаренц, Р. Севак суырылып алға шықты.

Арменияда кеңес билігі орнағаннан кейін армян халықтарының тарихында алғаш рет өнер мен әдебиеттің шынайы өрлеуі үшін жағдай туды. Жаңа дәуір кезеңі тарихында армян халқының өмірінің терең бейнесі революционер ақын Егиш Чаренцтің шығармашылығынан орын тапты.

20-30 жылдары армян прозасының ірі өкілдерінің бірі С. Зорьян болды. Ол социализм ойларымен шабыттанған адамдардың ерлік мінездерін көрсетті. Сондай-ақ 20-30 жлдары армян әдебиеті тұтастай жаңа кейіпкердің – социалистік әлем құрылысшысы бейнесін құруда айқын жетістіктерге жетті.

1941-45жылдары Ұлы Отан соғысы жылдары армян әдебиеті халықты патриоттық тәрбиелеуге, жаулаған дұшпанды жеңуге қызмет етті.

Соғыстан кейінгі кезеңде поэзия жанры жетекші орынға шықты. Г. Г. Эминның «Жаңа жол» және С. Б. Капутикянның «Менің туыстарым» өлеңдер жинағы ерекшеленеді.

Қазіргі заманғы армян әдебиеті социалистік құрылыстың бұдан бұрынғы онжылдықтағы көркемдік дәстүрін дамытады. Капутикянның «Раздумья на полпути», П. Севактың «Человек на ладони», Эминның «Две дороги» өлеңдер жинағы – армян поэзиясының жарқын кезеңдері.

Армян сыншылары мен әдебиеттанушылары социалистік реализм мәселелерінің теориялық талдауы мен бауырлас халықтар әдебиеттері арасындағы өзара байланыстарын зерттеп, кеңестік армян әдебиетінің шығармашылық дамуына ат салысты.

XX ғасырдың 50-80 жылдарында өзбек және армян ұлттық әдебиеттері арасындағы ынтымақтастық күшейіп, мәдени байланыстар кеңейді. Арменияда, Науаи, Хамза Хакимзаде, А. Каххор, Ғ.Ғұлам, Ұйғын, К. Яшин, Ш.Рашидов, Зульфия сияқты өзбек жазушыларының шығармалары («Өзбек әңгімелері», «Өзбек пьесалары» жинақтары, Ш.Рашидовтың «Дауылдан күшті» романы, А.Каххардың «Синчалак» повесі, Ғ. Ғұламның “Өлеңдері”, Зульфияның “Лирика” кітаптары, «Кішкентай достар» атты кешендері) армян тілінде жарық көрді. Армян жазушыларының арасында О.Туманянның “Ануш” эпосы, Э.Чаренцтің «Чаренцтен Сәлем» эпосы, Н. Зарянның «Асаван» романы, Г. Севунцтің «Тегеран» екі томдық эпосы, С. Капутикянның «Өлеңдер» атты жинақтары өзбек тілінде басылды.

## Ованес Туманян (1869-1923)



Ованес Туманян, армян реалистік әдебиетінің ірі өкілі, сөз маржанын терген ақын, прозашы және драматург, Арменияның Лори ауданының Дсех ауылында діни қызметкердің отбасында дүниеге келген. Алғашқыда Джалологли ауылындағы Тегран Давтян мектебінде, содан кейін Тифлистегі Армян діни семинариясында оқыды. ХІХ ғасырдың 90-жылдарында ол «Мурч» («Балға») және «Ахтамар» («Бұлақ») әдеби журналдарымен ынтымақтастықта қызмет алып барды.

Шығармашылығын өлең мен мысал жанрынан бастаған Туманяанның «Мысық пен ит» (1886), «Маро» (1887), «Күн мен ай» (1890) және «Лорилік Сако» (1889) атты эпос, поэзиясы мен мысал өлеңдері халықтың ауызша шығармашылығына тән мотивтерге толы.

Тифлистегі әдеби орта Ованес Туманяанның шығармашылық қызметіне қатты әсер етті. Мұнда ол атақты армян жазушылары Раффи, Шервонзода, Сундукяндармен жақыннан танысып, тығыз байланыста болды. Осы кездесудің нәтижесінде ол орыс және әлем әдебиеті классиктерінің шығармашылығына қызығушылық таныта бастады. Осы кезеңде О. Туманян, А. Пушкин, Д. Байрон, В. Шекспир шығармаларын армян тіліне аудармаларын жасады. Оларға еріп өзі де «Артаваед II», «Ованес патша» сияқты өзінің тарихи драмаларын жазуды жалғастырды. 1901-1902 жылдары ол «Тмук қамалын жаулап алу», «Парвона», «Давид Сосунский» атты дастандарын жазды, ал «Ануш» атты шығармасын қайта өңдеді.

О. Туманян армян әдебиетінде Х.Абовян, мен М. Налбандяның дәстүрін дәйекті түрде жалғастыратын - халық ауызша шығармашылығының мотивтерін орынды қолдана отырып, шығармашылық жасайтын жазушы. Оның көптеген әңгімелері, әсіресе «Кукор» хикаясы көптеген тілдерге аударылды.

### Тірек сөздер

**Әңгіме** - термин ретінде әдебиеттануда әдеби түр мен әдеби жанр ретінде екі мағынада қолданылады. Әңгімені осы екі мағынада қарастырып көрелік.

Біріншіден, әңгіме - біртұтас көркем оқиғаны баяндай бейнелеуге арналған, мәтін көлемі шағын әдеби түр.

**Драма** - сахнаға арналған, уақиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл-күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар.

**Жанр** - «Жанр» сөзі француз тілінен аударғанда «тек» деген мағынаны береді. Қазіргі күнде тек бұрынғы кезеңдерде жанр деп атаған. Бұдан біз байқаймыз «жанр» ұғымының «түр» ұғымымен біршама мәндес екендігін байқалады.

**Лирика** - көркем әдебиеттің негізгі саласын, жанрының бірі, басты ерекшелігі - адамның көңіл-күйін сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Армян халқының ауыз әдебиеті қай ғасырдан зерттеле бастаған?
2. Армян жазба әдебиетінің ірі өкілдері жайлы презентация жаса.
3. Армян реалистік әдебиетінің ірі өкілі кім?
4. Қай жылдары армян сыншыл реализм әдебиеті қарқынды дамыды?
5. Өзбек және армян ұлттық әдебиеттері арасындағы ынтымақтастық күшейіп, мәдени байланыстар кеңейген кезең жайлы не білесің?
6. Армян әдебиетінде II-дүниежүзілік соғысымен байланысты қандай шығармаларды білесің?
7. Ованес Туманян шығармаларының басты тақырыбы не?
8. Армян әдебиетінің ірі өкілдерінің қай еңбектері өзбек және басқа тілдерге аударылған?



## Грузин әдебиеті

Грузин әдебиеті біздің дәуіріміздің ғасырынан бастап мыңдаған жылдарға созылған өте ежелгі тарихқа ие. Бірақ ежелгі жазбаша әдебиет пен ауызша шығармашылықтың үлгілері бізге жеткен жоқ. Оларды IV ғасырдың басында Христиан шіркеуі мен көптеген ғасырлар бойы елді қанап, тонап келген шетелдік басқыншылар қиратты.

Грузин тілінде жазу да ежелден бері бар. XI ғасырға дейін олар хусури (шіркеу хаты) деп аталатын және XI ғасырдан бастап мхедрули (азаматтық хат) бүркеншік атымен жұмыс істеді. Қазіргі Грузин жазуы - бұл мхедрули жазуының біршама тығыздалған нұсқасы.

Грузин халық ауызша шығармашылығы негізінде қалыптасқан және көптеген ғасырлар бойы грузин халқының тарихымен тығыз байланысты дамыған грузин жазба әдебиетінің тарихы әдетте төмендегідей кезеңдерге бөлінеді:

1. Ежелгі грузин әдебиеті-V-XVIII ғасырлар.:

- А) ерте феодализм кезеңіндегі грузин әдебиеті (V-XI ғғ.),
- Б) феодализм кезіндегі грузин әдебиетінің гүлдену кезеңі (XI-XIII ғғ.),
- В) соңғы феодализм кезеңіндегі грузин әдебиеті (XIII-XVIII ғасырлар).

2. XIX ғасырдағы грузин әдебиеті:

- А) XIX ғасырдың бірінші жартысындағы грузин әдебиеті,
- Б) XIX ғасырдың 60-70 жылдардағы грузин әдебиеті,
- В) XIX ғасырдың 80-жылдарындағы грузин әдебиеті,
- Ж) XIX ғасырдың 90-жылдарындағы грузин әдебиеті.

3. XX ғасырдағы грузин әдебиеті.

Грузин жазба әдебиеті өзінің дамуының алғашқы кезеңдерінде (XI ғасырға дейін) грузин тайпаларының әлеуметтік мәнімен байланысты діни және шіркеулік сипатта болды. Грузин тайпаларының Шығыс пен Батыстан шабуылдаған басқыншыларға қарсы күресін ұйымдастырған жалғыз күш бұл - (IV-VII ғасырлардағы Византия мен Иран Сасанид патшалары, VII-XI ғасырлардағы араб-мұсылман халифалары және XI ғасырдағы Селжұқ билеушілері) грузин шіркеуі болды. Осылайша, феодалдық қатынастар негізінде пайда болған және елдегі жетекші мәдени күшке айналған христиан шіркеуі Тарихи өмірдің белгілі бір кезеңінде грузин жазба әдебиетіне қатты әсер етті.

Біздің заманымыздың VII ғасырында грузин князьдерінің бірі Ашот Багратиони шашыраңқы грузин князьдіктерін біртұтас тәуелсіз мемлекетке біріктіруге тырысып, күресе бастады. Бұл процесс XII ғасырға дейін жалғасты. Бұрын Еуропаға басып кірген рицарлар әртүрлі себептермен бірнеше жорықтарын жасағаны тарихтан белгілі. Бүкіл мұсылман әлемі өзінің барлық әскери әлеуетін еуропалық көтерілісшілермен күресу үшін Жерорта теңізінің жағалауына бағыттады. Мұндай әскери-саяси жағдайды грузин князі Давид тиімді пайдаланды. Ол өзінің кішкентай мемлекетіне көршілес Эрети, Имирети, Месхети, Митеулеті, Гурия және Шервон хандығының бір бөлігі сияқты шағын феодалдық мемлекеттерді қосып алды да алғашқы Грузин мемлекетін құрды. XI-XII ғасырларда Давид Бунедкордың (XI ғасыр), Георги (XII ғасыр) және Тамараның (XII ғасыр) билігі кезінде Грузия мемлекеті халықаралық деңгейде үлкен рөл атқара бастады. Осы кезеңде грузин халқының экономикалық және рухани өмірі дами бастады: Ауыл шаруашылығы жанданды, сауда өркендеді; түрлі құрылымдар салынды, жаңа қалалар, ауылдар салынды; әдебиет пен өнер өркендей бастады. Діни және шіркеу әдебиеті дүние әдебиеттермен алмастырыла бастады. Жаңа әдебиеттің шығармаларында ақырет туралы ойдан шығарылған мистикалық мифтер емес, жоғары моральдық ұмтылыстар, адамдардың шынайы өмірі көрініс тапты. Кейінірек грузин халқының данышпан ақыны Шота Руставелидің шығармашылығында айтылған гуманистік идеялар күшейе бастады.

XII ғасыр-грузин әдебиетінің тарихына классикалық грузин әдебиетін құру уақыты ретінде кірді. Алайда, осы кезеңдегі жоғары мәдени мұра жер бетінен жойылған моңғол шапқыншылығының нәтижесі болып табылады және олардың бірнешеуі ғана бізге жеке фрагменттер ретінде жетті. Олардың арасында Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиханкез» эпопеясы бар. Эпостың ғасырлар бойғы ортағасырлық әдебиеттен айырмашылығы - ол догматизмнен, схоластикадан және діни фанатизмнен бос. Эпос қарапайым, халыққа түсінікті тілде жазылған. Шота Руставели осы шығармасы арқылы Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінде өзі жасаған ақын-ойшылдардан асып түсіп, шынайы адам махаббатының, гуманизмнің, жомарттық пен батырлық сезімдердің әншісі ретінде танымал болды. Дастандағы Тариэль, Автандил, Тинатин, Нестон-Даражан сияқты эпостың кейіпкерлері Отан алдындағы борышын, бақыттарын бәрінен ұстын қояды. Сонымен бірге халықтар

достығы идеялары олардың образдарында көрініс тапты. «Жолбарыс тонды жиханкез» дастаны - әлем әдебиетінің бірегей шедеврлерінің бірі. Ол XII ғасырдан кейін грузин әдебиетінің дамуына пайдалы әсер етті.

XVI және XVIII ғасырлар грузин әдебиетінің айқын жандануымен ерекшеленді. Осы кезеңде грузин әдебиеті Шығыс әдебиетінің ықпалында болды және дамыды. Патша Таймураз I парсы әдебиетіне әсерін көрсете отырып, «Жүсіп пен Зулайхо», «Ләйлі мен Мажнун», «Бұлбұл мен гүл», «Шам және Парвона» сияқты эпостарды грузин тіліне аударды. Ақын Арчил грузин әдебиетінде ұлттық-патриоттық идеяларды насихаттады.

Сондай-ақ, кейінгі уақытта грузин әдебиетінің ірі өкілдері арасында Вахтанг VI, Сулхан Саба Орбелиани, Давид Гурамишвили, Мамука Бараташвили, Таймураз II, Бесиқини сияқты жасаушылар өздерінің өлмес шығармаларымен грузин әдебиетінің дамуына баға жетпес үлес қосты.

XIX ғасырға қарай грузин әдебиетін А. Чавчавадзе, Г. Аристави, С. Дадашвили сияқты зиялылардың ұрпағы пайда болды. Олар Отанға қызмет ету, оның өркендеуі үшін күресу өздерінің қасиетті міндеті деп санады. Көптеген орыс және Батыс ақындары мен жазушыларының шығармаларын грузин тіліне аударды. Грузин мәдениетіне дербес, ілгері идеяларды сіңіруге тырысты. Илья Чавчавадзенің басшылығымен грузин зиялыларының еңбегі Мәскеу, Санкт-Петербург сияқты қалалардың университеттерінде оқып білім алып, Грузияның әлеуметтік-мәдени өмірінің талаптарына жауап беретін ілгерішіл дүниетанымға ие болды және осыған сүйене отырып олар ғасырлар бойы үстемдік етіп келген құл иеленушілік ұғымдарына шек қоюға бел буды. Олар Грузин зиялыларының «Дискари» («Таң») журналының айналасында жиналған аға буын өкілдерімен грузин тілін тазарту, одан ескірген жазу ережелерін алып тастау сияқты көптеген мәселелер бойынша пікірталас бастады. (И. Чавчавадзенің сол газет беттерінде басылған: «бірнеше сөз...», «жауаптар» атты мақалалары және т. б. Тіл мен әдебиет мәселелері бойынша «жастар» мен «қарттар» арасында басталған бұл пікірталас біртіндеп саяси және әлеуметтік мәселелерге ауысып, одан да маңызды бола бастады.

Илья Чавчавадзе де талантты ақын және прозашы болған. Оның «Гадо хикаясы», «Жолаушының хаттары», «Отардың жесірі» сияқты прозалық шығармалары, «Ақын», «Жұмысшы», «Жер жыртушы шаруа» сияқты өлеңдері ең жақсы үлгілері болып – дворяндар арасында рухани кедейлікті

бейнелейтін реализмнің, сондай-ақ жұмыс істейтін шаруа бұқарасының асыл қасиеттері көрініс тапқан.

XX ғасырға қарай грузин әдебиетіне К. Гамсахурдия, А. Абашели, И. Гришашвили, Д. Шенгелия, Г. Табидзе, Ш. Дадияни, К. Лордкипанидзе, Г. Леонидзе, И. Абашидзе сияқты ақындар мен жазушылар кіріп келді. Олар өз шығармаларында қоғамда, адамдардың санасында, әртүрлі әдеби бағыттарда, әртүрлі көркем түсте болған өзгерістерді сипаттады.

XX ғасырдағы грузин әдебиетінің жарқын өкілдерінің бірі Н. Дамбадзе болды. Ол өзінің шығармашылығымен грузин әдебиетін одан әрі дамытып, әмбебап идеялармен байытты. Оның «Эллада», «Кукарача», «Мәңгілік заңы» деп аталатын шығармаларында адамға деген сүйіспеншілік тақырыбы ерекше туындыға ұқсайды.

Грузин жазушылары И. Чавчавадзе, Г. Мдивани, П. Чиковани, И. Абашидзе, Н. Дамбадзенің поэтикалық, прозалық және драмалық шығармалары М. Шайхзада, Ұйғын, Миртемир, Р. Бабажон. Н. Комил аудармалардың арқасында ол оқырмандардың жүрегіне жол тапты.

Грузияда Хамза Хакимзада Ниязи және К. Яшин пьесалары, Ойбек, А. Каххор, Ш. Рашидовтың повестері мен романдары аударылып, Ғ. Ғұлам, Ұйғын, Зулфия, Миртемир, А. Мұхтар, Мирмухсиндардың поэтикалық шығармалары жарық көрді.

## **Шота Руставели**

**1172 — 1216**



Шота Руставели — XII ғасыр грузин мемлекеттік қайраткері және ақыны, «Жолбарыс тонды жиһанкез» жырының авторы. Бұл шығарманы қазақшаға аударған - ақын Хамза Абдуллин. Ақынның өмірбаяны туралы ақпарат өте тапшы. Оның тегі ол туған жер Рустави ауылынан шыққан деген болжам кең таралған, ал кейбіреулер Рустави ауылының Ахалцихтегі жақын жерде орналасқанын, ал басқалары Қараяхта деп пайымдайды.

Сол арада Шота өзінің тегін «Руставели» емес, «Руствели» деп жазады; бұл Шота белгілі бір Рустави ауылынан шықпайтынын көрсетуі мүмкін. Сол дәуірде Рустави деген географиялық нүктелер бірнешеу болған.

Сондай-ақ, Руставели бұл лақап ат, оның әкесі Рустави майоратын иеленгенде қабылдаған және ықпалды бай отбасынан шыққан деген болжам бар; ақынның шын тегі басқа.

Осы уақытқа дейін ақынның туған және қайтыс болған күндері, шығу тегі, өмірбаяны туралы көптеген нақты мәліметтер жоқ. Руставелидің әкесі туралы ештеңе белгісіз; Шотаның аға-бауырлары немесе апай-қарындастары бар-жоғы туралы сенімді ақпарат жоқ; анасы туралы да ақпарат жоқ. Ақын «Жолбарыс тонды жиһанкез» шығармасының соңғы тармақтарында өзін месх деп жарияласа да, бұл оның месхеттік шыққан тегі туралы сенімді айтуға мүмкіндік бермейді. Ол мұндай мәлімдемені қоршаған ортаның әсерінен, кейбір танымал адамдар сияқты, жасауы мүмкін.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы сәсәндер белгілі – Фаррах Давлетшин, Саит Ысмағилов, Мұхаметша Боранғұлов. Оларға «Башкирияның халық сәсән» құрметті атағы берілді. Олардың тек қана Мұхаметша Боранғұлов XVI–XIX ғасырлардағы бос шеберлердің қасиеттерін: импровизаторлық, орындаушылық, жинаушы. Башқұрт драматургиясы ең басынан бастап башқұрт фольклорының көп ғасырлық дәстүрлеріне және өткен жүзжылдықтардың башқұрт халқының жазбаша мұрасына сүйенеді. Театрдың алдын-ала тарихы салттық фольклордан басталды, оның айқын драмалық құрылымы бар. Эпостардың ертегілері-сәсәндер-орындаудың жоғары шеберлігімен ерекшеленді. Сәсәндер бірнеше функцияларды атқарды: көрермендерге эпостың мазмұнын айтып, сахналық әсер жасай отырып, тірі кейіпкерлер, актерлер мен музыкант рөлінде өнер көрсетті. Жазушы-ағартушылардың шығармашылығы, олардың білім туралы, Әлеуметтік мәселелер туралы пікірталастары, зиялы қауымның қоғамдық-саяси және философиялық көзқарастары мерзімді баспасөзде драмалық этюд түрінде көрініс тапты. XX ғасырдың басында тарихи-батырлық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-философиялық драманың жанрлары пайда болды. Олар: Фазыл Туйкин, Авзал Тагировтың «Янгура», Фатхелкадир Сүлейменовтың «Салават батыр» атты тарихи драмалар. Драмалар Д.Юлтыя, С.Мифтахов, Б.Бикбай, И.Абдуллин, А.Абдуллин, М.Кәрім, Н.Асанбаева, А.Атнабаева және т.б. башқұрт театрының репертуарының негізін құрды. Ұлттық драматургияны дамыту драмалық өнер жанрлары саласындағы ізденістермен сүйемелденді.

Сатирикалық комедиялар қоғамдық ақауларды, тұрмыстағы және жекелеген адамдардың санасындағы сарқыншақтарды бейнеледі және ұжымшыл бастаулардың нығаюы, жоғары адамгершілік қағидаттарды бекіту үшін күресті. Башқұрт мақал-мәтелдері. Башқұрт мақал-мәтелдері халық даналығының элементтерін бірнеше сөзге шоғырландырды.

Башқұрт мақал-мәтелдерін, ертегілерін, аңыздар мен аңыздар жинаумен белгілі фольклор-ғалымдар А.Г.Бессонов, А.И.Харисов, Д. Шұңқаров және басқалар. Башқұртстанда «Башқұрт фольклоры: зерттеулер мен материалдар», башқұрт ертегілерінің жинақтары шығарылады.

**Әдебиеттің басқа жанрлары.** Мемуарлар, өмірбаяндық әдебиет Башқұртстанда жазбаша және ауызша түрде құрылды. Қазіргі ауызша



формалар авторлар мемуарларының магнитофондарға, компьютерлерге жазбаларын қамтиды. Партия және мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Зия Нұриевтың белгілі мемуарлары – «Ауылдан Кремльге дейін». мемлекет қайраткері Ахмет-Заки Валиди, Салават қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Якимов Владимир Николаевич ауызша мемуарлары, академик Р.И.Нигматулиннің естеліктері, Күнделік жазбаларды Мұстай Кәрім жүргізді. Мемуарлар ел тарихына қызығушылық танытатын тарихшылар, өлкетанушылар үшін ерекше қызықты, өйткені адамдар мен республиканың өмірінен алынған нақты фактілерді қамтиды, олар тарихи дерек көзі ретінде авторлар тұрған орта мен уақыттың іздері бар. Өмірбаян жанры С.Ағиша, З.А.Биышева, М.Гафури, А.Генатулин, И.Насыри, Д.Юлтыя және т. б. жазушылардың шығармаларында ұсынылған.

XIX ғасырдың соңында башқұрт фольклорын жинаумен және жүйелеумен башқұрт зиялыларының өкілдері – П.Назаров, Б.Юлиев, М.Баишев, М.Куватов, М.Уметбаев, Г.Еникеев айналысты.

**«Башқұрт халық шығармашылығы» жинағын шығару жалғасуда.** XXI ғасырдың басынан бастап «Тарихи эпос», «Эпос: коссалар мен дастандар», «Жазбаша коссалар мен дастандар», «Эпос: иртәктер және эпикалық кубаирлер», «Мақал-мәтелдер», «Жұмбақтар», «Жануарлар туралы ертегілер», «Ойын фольклоры және халық спорты», «Тарихи баиттер», «Сиқырлы ертегілер» томдары жарық көрді. Еділ бойында тұратын халықтар ішінде башқұрт (өздерінше айтқанда – башқорт) ауыз әдебиеті формасы жағынан да, мазмұны тұрғысынан да мейлінше бай болып келді. Башқұрт халық ауыз әдебиетінде ерекше жетілген жанр –қобайыр деп аталады. Қобайыр жанры – қазақтың толғауына немесе өзбектің дастанына жақын болып келеді; сондай-ақ тарихи жырлар, бәйіттер, ертегілер, аңыздар, т.б. жиі ұшырайды. Башқұрт фольклорының ірі этикалық шығармаларында халықтың азаттық жолындағы ерлік күресі жырланады. Башқұрт халқының «Ақбозат», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Күсәкбей», т.б. дастандары – башқұрт тарихының қилы-қилы кезеңдерін зор шеберлікпен бейнеленген көлемді туындылар болып табылады.

Башқұрт елінің тарихында XVIII-XIX ғасырлар сан түрлі қоғамдық, әлеуметтік, саяси оқиғаларға бай болды. Осыған орай, бұл кезде түрлі

тақырыптардағы тарихи өлең-жырлар да көптеп жазылды. Мәселен, «Салауат», «Азамат» және «Орал» сияқты көлемді тарихи жырлар осы кезеңде өмірге келді. Сонымен бірге, халық арманын бейнелейтін «Зұлқида», «Шаура» секілді аңыздар туды. Башқұрт әдебиетінде ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында оқушысын имандылыққа, ізгілікке, мейірімділікке, жалпы адамгершілікке үндейтін сопылық бағыттағы көркем туындылар көптеп пайда бола бастады. Бұлар Т.Ялсыгүл (1787-1838), Ә.Қарғалы (1784-1825), Г.Салихов (1794-1867), Ш.Заки (1825-1865), Ғ.Сокрый (1826-1889) сияқты ақындардың шығармалары еді. ХІХ ғасырдың екінші жартысында башқұрт әдебиетінде оқу, білімді насихаттау, ағартушылық бағыт кең қанат жая бастады. Бұл кезде ағартушылық бағыттағы көптеген шығармалар өмірге келді. Солардың бірі – башқұрт халқының аса талантты ақыны, фольклорист, қоғам қайраткері М.Үмбетбаев (1841-1907) болды. Башқұрттың өз тарихының ерте кезеңімен байланысты халық ауыз әдебиеті бай. Халық ауыз әдебиетінің туындыларында ежелгі башқұрттардың табиғатқа, олардың өмірлік даналығы, психологиясы, қылықтары мен шығармашылық қиялдарына деген көзқарасы көрсетілген.

**Башқұрт халқының шығармашылық жанры әр алуан болып келеді:** жырлар мен ертегілер, аңыз-әңгімелер, жұмбақтар, өлеңдер (салттық пен лирикалық), байттар мен мунажаттар және т.б. Башқұрт эпосы, басқа халықтың шығармашылығы сияқты алғашқы қауымдық дәуірінің ыдыраған уақытында пайда болып, феодал кезеңінде өркендеуін алады.

**XX ғасырдың басында башқұрттардың арасында:** «Орал-батыр», «Акбузат», «Заятуляк пен Хыухылу», үй малы туралы аңыздар «Кара-юрга» («Қара жорға»), «Акхак-кола», «Конгур-буга» («Қоңыр бұқа») және т.б. ірі шығармалар таралған. Сол кезде башқұрттарда басқа түркі халқының фольклорындағы басты кейіпкерлер де кеңінен жайылған («Алпамыш пен Барсынхылу», «Кузыкурпяс пен Маянхылу» және т.б.). Башқұрттардың ұлттық өлең (йыр) жанрларының арасында - Узун-кюй маңызды орын алады. Бұл күйде башқұрт халқының ұлттық мінезі терең және де жан-жақты болып айтылған. Ауыз әдебиетінде форма жағынан ерекше жетілген жанр – қобайыр. Ол қазақ поэзиясындағы толғауға жақын. Қобайырдың өзегі әлеуметтік сарын, яғни Орал тауын, Ақ Еділді,

туған жерді, халқын мадақтау. Ал «Ақбозат», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Күсәк бей» секілді эпикалық поэмалар – башқұрт тарихының түрлі кезеңдерін бейнелеген кесек туындылар. XVI I-XIX ғасырда әуезді, сырлы, шерлі, әнмен айтылатын «Салауат», «Азамат», «Орал» сияқты тарихи жырлар, «Зұлхиза», «Шаура» секілді аңыздар туды. Төңкеріске дейін Башқұрт поэзиясының кейбір нұсқалары қолжазба түрінде тараған. Башқұрт әдебиетінің тарихында Салауат Юлаевтың есімі әйгілі. Жауынгер ақынның ел аузында қалған, кезінде орыс тіліне аударылған жырларына тән сипат – ереуіл рухы, әлеуметтік идея, азаматтық пафос. Башқұрт жазба әдебиеті Қазан төңкерісінен кейін қалыптасты. Діни уағызға арнап шығарма жазған. Т.Ялсыгул (1787-1838), Ә.Қарғалы (1784-1825), Г. Салихов (1794-1867), Ш. Заки (1825-1865), Ғ.Сокрый (1826-1889) секілді ақындар мистика, софизм шырмауында қалып қойды. XIX ғасырдың 2-жартысында башқұрт әдебиетінде ағартушылық бағыт өрлей бастады. Бұл кездің көрнекті өкілі көп қырлы талантты ақын, тілші, фольклорист, этнограф, тарихшы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері М.Үмітбаев (1841-1907) болды. Оның 1897 ж. шыққан «Жәдігер» жинағында ғылыми еңбектері, өлеңдері топталған. Қазақ, татар поэзиясында елеулі із қалдырған Ақмолла ақын – башқұрт әдебиетіндегі ірі тұлға. Башқұрт кеңес әдебиетінің іргетасын қалауда Мәжит Ғафуридің «Қызыл ту», «Ант», «Еңбекші», «Татар жігітіне», Д. Юлтыйдың «Октябрь», «Аттан, жігіт», «Майсара», Ш. Бабичтің «Халыққа арнау», С.Құдаштың «Қызыл әскер», «Айтшы» секілді революция жырлары аса зор рөл атқарды. 30-жылдарда халық өмірінің әр түрлі кезеңін бейнелейтін реалистік проза туды. Олар – С.Құдаштың «Қос қайың», С.Агиштің «Жағдайға орай» повестері, Д. Юлтыйдың «Қан», А.Тагировтың «Солдаттар», «Қызыл гвардияшылар», «Қызыл әскерлер», И.Насыридың «Кедей» романдары, Х.Ибрагимовтың «Башмақшы», К.Даянның «Таңшолпан», Н.Кариптің «Алма» пьесалары, С.Құрыштың «Бақыт заңы» (1935), «Республика жырлайды» (1938), Б.Ишемғұлдың «Отан» (1936), Х.Каримнің «Салтанат», Р.Нигматидің «Ақ Еділдің әсем айдыны» (1940) өлең-жырлары. Отан соғысының қаһарлы шындығы әдебиетте жан-жақты бейнеленеді. А.Бекчентаевтің «Аққулар Оралда қаладысы» (1956), «Үлкен оркестрі», Х.Дәулетшинаның «Ырғызы» – прозадағы; Р.Нигматидің «Большевигі», Х.Каримнің «Алтын масағы», С.Құдаштың «Отаным менің» – поэзиядағы елеулі шығармалар.

Ежелден іргесі бір, тілінде, тұрмысында, салт-санасында ұқсастық көп, қазақ пен башқұрт – туысқан халықтар. Башқұрт жазуларының шығармалары қазақ тілінде көп аударылады. Үлкен ақын әрі драматург Мұстай Кәрімнің «Ай тұтылған түн» пьесасы қазақ сахнасынан көп жыл бойы түскен жоқ. М.Әуезовтің «Абай» эпопеясы, т.б. көптеген қазақ шығармалары башқұрт тілінде жарық көрді. С.Құдаш пен Б.Майлиннің, С.Мұқановтың творчестволық достығы үзілген емес.

**Башқұрт мақал-мәтелдерінен.** *Тұздан ащы болма, Балдан тәтті болма. Байдың құлы болғанша, Байғұстың ұлы бол. Білген білгенін істер, Білмеген білегін тістер. Атылмаған қоян – Асылмаған қазан. Алтыныңмен мақтанба Ақылыңмен мақтан. Асап тоймаған, жалап тоймайды. Ақ иттің бәлесі қара итке тиеді. Біреудің үйрегін жесең, қазыңды аяма. Байға борышыңды өтемей тұрып, Қылышыңды көрсет.* Ақын Салауат Юлаевтың өлеңдері өзінің башқұрт тілінде сақталмаған Салауаттың башқұрт тіліндегі өлең-жырларын ХІХ ғасырда өлкетанушы орыс әдебиетшілері ел аузынан жазып алып, орыс тіліне тәржіма жасаған. Рәшит Нығымати сол орысша нұсқасынан қайтадан башқұрт тіліне аударған. Салауат Юлаев өлеңдерін алғаш рет башқұрт тілінен қазақшаға аударған ақын Берқайыр Аманшин башқұрт ақынының шығармаларын үш кезеңге бөліп қарастырады. Алғашқы кезеңінде – табиғат сұлулығын қызықтаған, махаббатты, бейбіт өмірді мадақтаған «Туған елім», «Оралым», «Бұл заман нені көрмеген...» деп басталатын т.с. өлеңдері туған. Екінші кезеңі – көтеріліс айлары. Бұл Салауат Юлаевтың «жиырма екі жасында, жасыл кәмшат бөркі басында», ақ семсері қолында – ата жауына ақырып тиісіп, ойран салған кезі. Ер азаматтың намысын қозғап, жалаң қылыш, жайдақ атпен жауға батыл шабуға үндеген жырлары осы кезде, ат жалында: жорық қосының астында туды. Бұл өлеңдер қас жауына деген өшпенділікке, терең тебіренген халық күшінің құдіреттілігіне сенген жарқын оптимизмге толы. Бір қызығы – Салауат Юлаевтың өз тағдыры да, жорық кезінде, ат жалында туған отты жырлары да кезінде Исатай Таймановтың жан досы болған Махамбет ақынның тағдыры мен жалынды жырларын еске салады. Салауат Юлаев поэмасының Махамбет жырларымен үндестігі, екі ақынның да өмірдің оғындай өткір, лепті, қанатты жырларындағы сөз қолданыстары тіпті кейбір өлең шумақтары бір-біріне өте ұқсастығы көп жәйтті аңғартқандай болады. Мұның өзі, ең алдымен, түркі тілдес халықтардың

сан ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығынан туындап жатса керек. Үшінші кезеңі – шаруалар көтерілісі жеңілгеннен кейінгі, қол-аяғы бұғауда, ақынның жан азабы мен тән азабын қатар тартқан ширек ғасырлық ғұмыры, Салауат Юлаевтың бұл кездегі жырлары сағынышқа, мұңға толы. Алайда өршіл ақын болашақтан бір сәтке де үмітін үзбеді.

### **Тірек сөздер:**

**Тамсил-жанр** қысқа әңгіме өлең түрінде. Әңгімелерде жұмыс істейтін адамдар алаңдатқан ұғымдар (жақсылық, жамандық), Жануарлар, жансыз заттар болуы мүмкін. Моральдың болуы қарастырылмаған.

**Тарихнаме-башқұрт** тайпасының тарихи сипаттамасы берілген башқұрт әдебиетінің жанры. Исламды шежіре мен таварих жанрларының тоғысында таратқаннан кейін қалыптасты.

**Фольклористика.** Башқұрт фольклоры туралы материалдар ерте ортағасырлық шығыс және Батыс миссионерлер мен саяхатшылардың (Ибн-Фадлан, Плато Карпини, Гильом де Рубрук және т.б.) күнделік жазбаларында және жазбаларында бар. Башқұрт халық предания и легенды пайдаланды сипаттау үшін өлкенің орыстар саяхатшылар және зерттеушілер (И.К.Кирилов, П.И.Рычков, И.Лепехин, П.С.Паллас, И.Г.Георги, В.Н.Татищев). 1833 жылы Орынбор губерниясына саяхат кезінде А.С.Пушкин сәсэн-ертегілерден эпостың «Кузыйкурпяс и Маянхылу» нұсқасын жазып алды, ал оны сапарда алып жүрген жазушы, тілші-лексикограф далада башқұрт тарихының, тұрмысының және ауызша поэзиясының мәліметтерін жинап, башқұрт эпосының «Заятуляк и Хыухылу» сюжетін «Башкирская русалка» атты прозаға аударғанда жариялады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Башқұрт фольклорының жиналуы мен зерттелуі жайлы пікірлер.
2. Башқұрт жазба әдебиетінің қалыптасу кезеңі туралы не білесіңдер?
3. Салаут Юлаевтың шығармаларының ерекшеліктері неде?
4. Башқұрт әдебиетінде қандай тарихи шығармаларды білесіңдер?
5. М. Кәрім шығармаларының негізгі тақырыптары.
6. С. Құдаш шығармаларның көркемдік ерекшеліктері неде?

7. Діни уағызға арнап шығарма жазған ақын-жазкшылар туралы.
8. Салаут Юлаевтың жаңа башқұрт прозасына қосқан үлесі
9. Г. Юнусова творчествасында балалар тақырыбының орны?
10. Аты аталған ақындардың біреуінің өмірі мен шығармашлығына арнап презентация жаса.
11. Башқұрт әдебиетінің әлем әдебиетіндегі орны жайлы не білесіңдер?
12. Башқұрт балалар әдебиетіндегі мектепке дейінгі балалар мен кіші оқушыларға арналған шығармалар негізінен қай тақырыптарда кездеседі?

## Модуль 3

### Шығыс славян және Молдова халықтарының әдебиеті

Шығыс славяндар Еуропа мен Азия аймақтарында тұратын славян халықтарының төрттен бірін құрайды. Осы топқа жататын орыс, украин және беларусь халықтарының әрқайсысының өзіндік, бірақ сонымен бірге тарихи даму жолы, сондай-ақ әдебиет пен мәдениет тарихы бар. Бұл халықтардың ата-бабалары кезінде IX ғасырда феодалдық мемлекетке құрылған Киев Русінде өмір сүрді. Сондықтан Киев Русіндегі жазбаша әдебиет пен халықтың ауызша шығармашылығы орыстардың да, украиндардың да, белорустардың да әдеби мұрасы болып саналады.

XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында орталықтандырылған орыс мемлекеті пайда болды. Елдегі феодалдық қатынастар күннен-күнге нығая бастағандықтан, орыс, украин және беларусь халықтары қалыптасты. Осы уақытта Шығыс славян халықтарының бауырластығы да пайда болды.

XVI ғасырда шығыс славян халықтарында кітап бастырып шығарудың қалыптасуы, сондай-ақ Украина мен Беларуссияда пікірталас әдебиеті деп аталатын ілгерішіл әдебиеттің қалыптаса бастауы XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс, украин, беларусь әдеби байланыстарының кең дамуына негіз болды.

Кезінде көрші Литва халқының тілі мен жазуының дамуына оң әсер еткен Беларуссия әдебиетінде XVI - XVII ғасырларға қарай Беларуссияның Ресейге қосылуын қолдайтын прогрессивті-католикке қарсы ағым күшейе бастады. Бұл үрдіс украин әдебиетінде де болды. Степан Разин, Кондратий Булавин, орыс шаруаларымен бірге украин және беларусь шаруаларының негізгі халықтық қозғалыстарына белсенді қатысқаны кездейсоқ емес. Себебі дәл осы туысқан халықтар өмір сүрген жалпы тарихи контекстті ұсынды.

XVII ғасырдың екінші жартысында Украина мен Беларусь жерлерінің Ресейге қосылуына байланысты XVIII ғасырда орыс және украин, орыс және Беларусь әдебиеттері арасындағы өзара әрекеттесу мен байланыс үшін қолайлы мүмкіндіктер пайда болды.

XIX ғасырда Орыс классиктері А.Пушкин, М. Лермонтов, Л. Толстой, Т. Шевченко, Л. Украинка және Я. Франколар шығармашылық жетілуінің шеберлері болып қала берді.

Шығыс славян жазушылары арасындағы өзара шығармашылық ынтымақтастықты нығайтуда орыс тілінен украин және беларусь тілдеріне, сондай-ақ беларусь және украин тілдерінен орыс тілдеріне аудармалар үлкен маңызға ие болды.

XIX ғасырдағы Ресейдің азаттық қозғалысы Украина мен Беларуссиядағы қоғамдық сананың дамуына қатты әсер етті.

Орыс және украин халықының көрнекті ең озық өкілдері В. Г. Белинский, А. И. Герцен, Н. Г. Чернышевский, Т. Г. Шевченко, Н.А.Добролюбов, Н. А. Некрасов, М. Е. Салтыков-Щедрин мен Иван Франконың шығармашылығы шығыс славян халықтарының әдебиетіндегі демократия мен реализмнің дамуында маңызды рөл атқарды.

Осылайша, орыс, украин және Беларусь халықтарының тарихы мен мәдениетінің дамуында өзіндік ерекшелігі бар екеніне қарамастан, Шығыс славян халықтарының әдебиетіндегі ұқсастықтар тарихи, географиялық қауымдастық және әсіресе тіл тұрғысынан да оларға тиесілі белгілі бір белгі мен заңды анықтауға мүмкіндік береді.



## Орыс әдебиеті

Орыс әдебиетінің тарихы X ғасырға жуық кезеңді қамтиды. Славяндар Ежелгі уақытта Дунай өзенінің жағалауында өмір сүрген. Жылдар өте олар әр түрлі бағытта таралды және қай жерде өмір сүргеніне байланысты олар әр түрлі топтарға, тайпаларға, ұлттарға бөлінді.

Осылайша славяндар үш топқа бөлінді:

1. Батыс славяндар: поляк, чех, словак және т. б.
2. Оңтүстік: болгарлар, хорваттар, сербтер, македондықтар, босниялықтар және т. б.
3. Шығыс славяндар: орыстар, белорустар, украиндар.

Бірінші орыс мемлекеті «Киев Русі» біздің заманымыздың X ғасырында пайда болды. Князь Олегтің христиан дінін ресми қабылдауымен орыстар да жазбаша әдебиеттерді қалыптастыра бастады. Ескі орыс әдебиеті VII ғасырды қамтиды:

1. Киев Русінің әдебиеті (X-XIII ғасырлар).
2. Ресейдің солтүстік-шығыс кезеңі (Новгород) (XIII-XV ғасырлар).
3. Мәскеу Ресей кезеңі (XVI-XVII ғасырлар).

Тек XVII ғасырда әртүрлі тілдерді үйренетін мектептер құрылды. Оқу үшін әр түрлі әріптер, көрнекі құралдар мен оқу бағдарламалары жасалды. 1687 жылы Мәскеуде Славян-грек-латын академиясы ашылды.

Петр I таққа отырғаннан кейін орыс халқының рухани, әлеуметтік, саяси, әскери өмірінде үлкен өзгерістер орын алады. Бұл мәдениет пен әдебиеттің дамуына үлкен серпін берді. Мәскеуде, Санкт-Петербургте баспаханалар салынды. Газеттер шығарылады. Театр ашылып, әр түрлі пьесалар қойыла бастады. Мұның салдары Батыс Еуропа әдебиетінен орыс әдебиетіне классицизмнің ағымы кіріп келді. Локк, Монтаск, Лабрейер, Аудисон, Лессаги, Молер сияқты ақын-жазушылардың еңбектері орыс тіліне аударылған.

Дәл осы кезеңдерде Антиох Кантемир, Василий Тредиаковский, Михаил Ломоносов, А.П. Сумороков сияқты танымал ақындар мен жазушылар жетіліп шықты.

## **Михаил Васильевич Ломоносов** **(1711-1805)**



Михаил Мәскеудегі Славян-грек-латын академиясын бітіріп, Санкт-Петербург университетіне оқуға түседі. 1736 жылы оны бірнеше жақсы оқитын, білімді студенттермен бірге Германияға жібереді. Онда Ломоносов жаратылыстану, инженерлік, философия, филология сияқты ғылымдарды мұқият үйренеді. Сонымен бірге ол бірнеше еуропалық тілдерді үйренеді. 1741 жылы ол Ресейге оралып, Ғылым Академиясында жұмыс істеді. 1745 жылы академик деген атаққа лайықты деп табылды. Оның жоғары еңбегі соншалық, ол қазіргі орыс әдеби тілінің ескі словян тілінен қай жағынан ерекшеленетінін көрсетті және осы тіл туралы өзінің теориясын жасады. Ломоносов кешен және оқулық теориясының дамуына өзінің үлесін қосып, силлабо-тоникалық жүйенің дұрыстығын дәлелдеді.

Ломоносов өз жұмысында негізінен ода жазды. Ол туралы Пушкин: «Тарихшы, диктор, механик, химик, минералог, суретші және ақын өмірдегі барлық нәрсені бастан өткерді, оның дәмін татып көрді және мазмұнын түсіндіре алды.», - деген пікір айтқан болатын.

## **Александр Сергеевич Пушкин** **(1799-1837)**



Александр Сергеевич Пушкиннің өмірі мен шығармашылық жолы азаттық, адамгершілік идеялары үшін аянбай күресу жолы болды. Сөз өнерін дәуірінің озат тілек-мақсаттарымен ұштастыра білуі оған әдебиетте тың жол табуға, бүкіл елдің, орыс халқының әдебиетін жаңа арнаға бұрып, әдебиетті жаңаша тұрғыда дамытып, өркендетуіне мүмкіндік берді. Александр Сергеевич Пушкиннің шығармашылығы бір жарым ғасырға созылған орыстың ұлттық әдебиетінің қалыптасу кезеңін аяқтады.

Александр Сергеевич Пушкин 1799 жылы 6 маусымда Мәскеуде дүниеге келген. Ол дворян отбасында туылып, балалық шағын Мәскеуде өткізген.

Пушкин 12 жасқа дейін үйде оқып соң 1811 жылы жаңадан ашылған Царское Село қалашығында (қазіргі Пушкин қаласы) лицейге оқуға береді, ақындық шеберлігін шыңдай түсті. Лицейді аяқтаған соң Петербургке қоныс аударып, әдеби-қоғамдық өмірге белсене араласты.

Жас Пушкин әдебиеттегі өз орнын табуға, өзінің шығармашылық бетін айқындап алуға үлкен мән берді. Оның әдебиетке алғаш келген жылдары жазған өлең-жырларының қай-қайсысын алсақ та, олардан біз азаттықты аңсауды, отаншылдықты, халық мұңын, тілек-мүддесін жақтауды шығармаларының негізгі арқауы еткен күрескер ақынның асқақ бейнесін көреміз. Жаңа ұрпақтың арман-мұраты, үміт-сенімі, ескіден безінуі, ізгілікті, бостандық пен бақытты армандауы - осының бәрі оның поэзиясынан бірдей-ақ жарқын көрініс берді. Ақынның ой-сезімінің қалыптасуына күшті әсер еткен зор тарихи оқиға 1812 жылғы Отан соғысы болатын. Ол Пушкиннің санасында мәңгі өшпес із қалдырды.

Ресейде отаншылдық, азаттық идеялары кең қанат жайды. Халықтың еркіндігін, бостандығын темір құрсаумен шырмаған патшалық құрылысқа наразылық үдей түсті. Патшаға қарсы күреске шығып, батыл қимылдаған революцияшыл декабристер ескі дүниені дүр сілкіндірді. Ол болашаққа, азаттық идеясының жеңетіндігіне кәміл сенді. Декабристер көтерілісінен кейінгі жылдарда Пушкин Ресейдің әр аймағында күн санап қанат жайып, күш алып келе жатқан шаруалардың революциялық қозғалысына үнемі көз тігіп, көңіл аударды, оған үлкен үміт артты. Жаңашыл, алғыр ойлы, күрескер ақын халықтың тарихын, әдебиетін, аңыз-ертегілерді, ескі жыр-дастандарды жақсы білді, қалыптасқан бай әдеби дәстүрлерден де іргесін аулақ салған жоқ. М. В. Ломоносовтың ірі қоғамдық мәселелерді толғай білгені, Карамзиннің адамның жан сезімін әсерлі суреттеуі, В. А. Жуковский өлеңдеріндегі ерекше әуездік, сыршылдық, И. А. Крыловтың қарапайым адамның мінез-әрекетін дәл бейнелеуі, А.С. Грибоедовқа тән қоғамдық өмірді суреттеудегі шынайылық, сыншылдық, К.Ф. Рылеев поэзиясындағы отаншылдық, адамзаттық әуен, революциялық сарын - бұлардың бірі де Пушкинге жат емес екенін ап-айқын аңғарамыз. Бірақ ақынның өз тұлғасы осы аталған ақын, жазушылардың біріне де ұқсамайды. Өйткені ол орыс

әдебиетіне дәуір талабына сай тың ақындық ой-сөзім әкелді, орыстық ұлттық көркем ой жүйесін керемет шығармашылдық күш жұмсап, мүлдем басқаша қалыптастырды. Сондықтан Пушкиннің терең толғайтын ойшылдығы да, лирикадағы сезімталдығы да, шебер суретшілігі де, оның шығармаларындағы отаншылдық, азаттық аңсау идеялары да, революциялық жалын-леп те бәрі-бәрі де бұрынғыдан өзгеше, жаңаша сипатта танылады.

Осы жылдары «Свобода», «Чаадаеву», «Деревня» секілді өлеңдерін, «Руслан мен Людмила» атты тұңғыш поэмасын жазды. Кишинев, Одессадан кейін патшалық Ресей үкіметі Пушкинді әдеби-мәдени ортадан алыс жатқан Михайловское селосына жер аударды. Бұл тұста қаламгер өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романы мен «Граф Нулин», тағы басқа көптеген өлеңдер мен сыни мақалаларын (1824), «Борис Годунов» (1825) атты тарихи трагедиясын жазды. Орыс халқының тұрмыс-тіршілігіне, халықтық сөз қорына дендей енген А. С. Пушкин шығармалары енді көркемдік-реалистік арнаға бет бұрды. Халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, адамдардың әр алуан мінез-құлқын терең бейнелеген «Евгений Онегин» романы «орыс өмірінің энциклопедиясы» (В. Белинский) атанды. А.С. Пушкин шығармаларының бір қыры — тарихи таным, «Борис Годунов», «Полтава», «Медный всадник» және тағы басқа да туындысы арқылы ол әрі ақын, әрі тарихшы ретінде танылды.

А. С. Пушкин Орынбор, Орал қалаларында болған кезінде (1833) қазақтың лиро-эпостық жыры «Қозы-Көрпеш — Баян сұлуды» жаздырып алып, осы тақырыпта шығарма жазуды жоспарлады. Құран сүрелерін өлеңмен жырлады.

Пушкин сан алуан жанрлық түрлерді еркін меңгерді. Әр қилы лирика өлең, поэма, әңгіме, повесть, тарихи роман, өлеңмен жазылған роман, ұсақ та, кесек те драмалық шығарма - міне, осылардың қайсысын қолға алса да, ол үлкен көркемдік шеберлік танытты. Сол дәуірдегі орыс әдебиетінің Пушкин араласпаған, ол қол тигізбеген, үлкен ықпал жасамаған, елеулі із қалдырмаған бірде-бір саласы болған жоқ. Осынша қыруар еңбегін ол небәрі 20 жылдай уақыт ішінде атқарып шықты.

Пушкин поэзиясының бұрынғы әдебиеттен ерекшелігін айқын танытатын қасиет - ондағы азаматтық, революция идеялардың қуаттылығы. Ақын Отанды сүю сезімін, «қасиетті бостандықты» аңсаушылықты айрықша қастерлеп, тебіреніп айтады. Айдауда жүрген декабрист-ақындармен өзінің

пікірлестігін, ниеттестігін жасырмай, үнемі жария етіп отырады. Ол күрес жолынан еш ауытқып, айнамайды. Тек ол азаттыққа жету жолындағы күрестің жаңа мүмкіндіктерін іздейді. Қоғамдық мүддені, әр азаматтың қоғам алдындағы, халық алдындағы міндетін Пушкин енді дәл өз кезеңінің, өз дәуірінің тілек-талаптары тұрғысынан қарап, терең түсінуге ұмтылады.

Ол өзінің тұңғыш поэмасы «Руслан мен Людмилаға» ежелгі аңыз-оқиғаны арқау етіп жазғанда, немесе «Кавказ тұтқыны», «Цыгандар» дастандарында орыс адамын әр елде, әр түрлі ортада алып суреттегенде өз заманының ең күрделі қоғамдық мәселелерін қозғай білді. Соңғы дастаннан адам өмірдегі күрес-тартыстан шет қала алмайды деген тұжырымды өте-мөте аңғарамыз. Пушкин халықтың тарихи тағдыры жайлы толғанғанда оны өз дәуіріндегі қоғамдық өмірдің түйіндерін шешу міндетімен ұштастырады. «Борис Годунов» драмасындағы тарихи дамудың бетін, үлкен-үлкен кезеңдерін белгілейтін ең басты күш - халық, халықтың мүддесі, ниет-тілегі деген тұжырым - жазушының өз заманына жалғастырыла айтылған шындық.

Оның аса кесек көркем туындыларының бірі «Евгений Онегин» - шын мағынасында халықтық шығарма. Мұндағы басты кейіпкерлер төменгі таптан шыққан адамдар емес екені рас. Бірақ ең маңызды нәрсе Онегин мен Татьяна, Ленский мен Ольга - осылардың қай-қайсысы болсын қарапайым халыққа қаншалықты жақындығы тұрғысынан бағаланады, олардың халық мүддесін түсіне білуі - артықшылығы болса, халықтың ой-түсінігінен алшақтығы - осалдығы болып шығады. Мұны кезінде В.Г. Белинский ете қисынды дәлелдеп көрсеткен болатын. Ол өз романында халықтың өмірін мейлінше толық, жан-жақты суреттейді, дворяндар мен шаруалардың өзара қарым-қатынасын да айқын көрсетеді. Халықтың күнделікті тұрмыс тіршілігін, әдет-ғұрпын, әр алуан адамдардың мінез, іс-әрекетін, табиғат көрінісін, бәрін де терең және көркем бейнелегендіктен бұл шығарма шын мәнінде «орыс өмірінің энциклопедиясы» (В. Г. Белинский) болды.

Ақын біраз шығармаларында халықтың ертек-аңыздарын өзінше өрнектеп, халықтық поэзиядағы көркемдік ой-сөзімінің нәрін теңдесі жоқ ақындық шеберлікпін жеткізіп береді. Қарапайым халықтың, орыс шаруаларының тағдырын Пушкин «Дубровский», «Капитан қызы» сияқты шығармаларында шебер бейнелеген. Сонымен қатар ол «Пугачев тарихы» атты еңбек жазды. «Капитан қызы» және «Пугачев тарихы» романын жазар алдында ол қыруар тарихи деректер жинады, архив материалдарын зерттеді,

көтеріліс болған жерлерді аралап, Қазан, Симбирск, Орынбор, Орал қалаларында болды. Көтерілісті көзімен көрген адамдардың естеліктерін, ел арасында сақталған жыр, әңгіме-аңызды жазып алды. Мұның бәрі Пушкинге шаруалардың патшаға қарсы көтерілісін, оның басшысы Пугачевтің бейнесін суреттегенде - тарихи шындықты айнытпай дәл көрсетуге мүмкіндік берді. Ол Пугачевті халықтың тап ортасынан шыққан нағыз қарапайым адамға тән қасиеттерін - ерлігін, батылдығын, ақылдылығын, қайырымдылығын сүйсіне сипаттайды. Жазушының Пугачев бастаған көтеріліске орыс шаруаларымен бірге басқа халықтар өкілдерінің - башқұрт, қазақ кедейлерінің де қатысқанын суреттеуі сүйсінерлік. Пушкин өзі айтқандай, патшалық қатал заманда азаттықты, бостандықты қасиеттеп, жырлады. Ол шығармаларында халық өмірін мейлінше кең қамтып, бұқара халық пен үстем тап өкілдерін, әртүрлі топтардың адамдарын, олар өскен, өмір сүрген ортаны, табиғат құбылыстарын - бәрін де молынан бейнелейді. Оның шығармаларында лирика сезім қандай нәзік, әсерлі болса, не нәрсенің де көрініс-кейпін, бояу-түсін сөзбен мүсіндейтін суреткерлік те сондай кемеліне келген. Мұнда ірі әлеуметтік, тарихи мәселелердің тереңдігі түйінін табуға жүйріктік, қоғамдық-саяси ой-пікірлердің өткірлігі, отты лебі оқушысын баурап алады.

Пушкин әдебиетті жаңа мазмұн, тақырып идеяларымен байытып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол әдебиеттегі өмірді суреттеу әдісін де, бейнелеу тәсілін де өзгертіп, түрлендірді. Кемеңгер ақын орыстың нағыз халықтық, ұлттық әдеби тілін қалыптастырып, жүйеге келтіру міндетін де ойдағыдай іске асырды. Пушкиннің бұл еңбегі күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Пушкин орыс тілінің бірнеше саладағы, яғни дәстүрлі болған кітаби тіліндегі, күнделікті сөйлеу тіліндегі, бай ауыз әдебиетіндегі сөздік қорын екшеп, саралап, көркем әдебиетте мейлінше мол қолдануға жол ашты. Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің нәрі мен сөлін бойына әбден сіңіргенде ғана көркемдік қуаты артып, мөлдір таза, керемет бай тіл бола алатынын ұлы жазушы жақсы түсінді. Ол халық тілінің байлығын қалай пайдаланудың, тілді қалай өңдеп, ұстаудың тамаша үлгісін көрсетті. Оның шығармаларынан орыс тіліндегі сөздің терең мағыналылығы, бейнелілігі мен суреттілігі, тартымды әсемділігі мен қарапайымдылығы айқын сезіледі.

Өз Отанының жалынды патриоты болған Пушкин орыс халқымен жақын, тағдыры бір, туыстас барлық халықтардың өміріне үніле қарады, олардың тілек-мүддесін, арманын терең түсінді. Кавказ халықтарының,

сондай-ақ Ресейдің басқа да халықтарының өмірін, тұрмыс-салтын кемеңгер ақынның жақсы білгені және бірталай шығармаларында суреттеп отырғаны белгілі. Пушкин қазақ жерінде, Орынбор, Орал қалаларында болған кезінде қазақ халқына сүйіспеншілік сезіммен қарап, оның өміріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне зер салды. Ол қазақ жігіттерінің Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне бел шеше қатысқанын білумен ғана тынған жоқ, сонымен қоса қазақ халқының бай сөз өнеріне құмарта қызығып, ауыз әдебиетінің, асыл нұсқаларының бірі - «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» дастанын жаздырып алды. Өмірінің соңғы көзінде жазылған белгілі «Ескерткіш» атты өлеңінде өз шығармаларын Ресейдің барлық халықтары оқитын болады дей келіп, осы өлеңнің қолжазба түрінде сақталған бір нұсқасында қазақ халқын да атап кетеді. Қазақ тарихында Пушкин мұрасына алғаш айрықша зер салып, өнеге еткендер Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаев болғаны белгілі. Олар Пушкинді тек ақын ретінде қызықтаумен тынған жоқ, терең зерттеп ізденуіне тірек етті. Абай Пушкиннің ең таңдаулы туындысы «Евгений Онегинді» аса жоғары бағалады, оның жеке үзінділерін бұдан бір ғасырға таяу уақыт бұрын асқан көркемдік шеберлікпен қазақшалап берді. Абай қазақ тіліне аударып, арнайы ән шығарған «Татьяна хаты» халық арасында өткен ғасырдың аяқ көзінде ете кең тарап, ең сүйікті өлеңдердің біріне айналуы орыс ақынының ерте кезден-ақ қазақ халқына етене жақын болып кеткенінің айқын дәлелі. Татьянаның тағдырын қыр елі қазақ қызының, әйелінің тағдырына орайлас сезінді. Татьянаның еркіндік сүйгіштігі мен парасаттылығы, сабырлылығы қазақ жастарын да тебіrentті. Пушкиннің ұлылығын сол заманда, сол ортада отырып тани, бағалай білгендігі - Абайдың ұлылығының бір жарқын көрінісі. Абайдың Пушкинмен үндестігі, оны жақын тартуы тегін емес еді. Ол қазақ әдебиетінде өз дәуірінде бір кезде Пушкин орыс әдебиетінде атқарған қызметті атқаруды, сондай жүкті көтеруді мақсат етті. Қазақ қоғамы алдына қойған зор міндетті - жаңа реалистік әдебиетті қалыптастыру ісін Абай тиянақты атқарған болса, оған орыс әдебиетінің асқар алыбы Пушкиннің әдеби мұрасының демеуі тимей қалған жоқ. Тек осының өзі ғана Пушкин мұрасы, есімі қазақ әдебиетімен қаншалықты жақын болып кеткендігін айқын көрсетсе керек. Бұған қоса қазақ халқының Пушкинге деген ықыласының көрінісі ретінде «Евгений Онегинді» халық ақындары революциядан бұрын-ақ дастан етіп айтып жүргенін және «Капитан қызының» қазақ тіліне аударылып, 1903 жылы

басылып шыққанын атап кеткен жөн. 20 ғ-дың бас көзіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Шәкерім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Мұхамеджан Сералин, Бекет Өтетілеуов сынды ақын-жазушылар Пушкин шығармаларынан көп нәр алды. Қазіргі қазақ жазушыларының ішінде Пушкинді оқымайтыны, онан үйренбейтіні жоқ. Жыр алыбы қарт Жамбыл Пушкинге арнап өлең шығарып, ұлы ақынға құрметпен ишарат етіп, қазақ халқының сүйіспеншілік сезімін әсем жырмен жеткізген болатын. Қазақ әдебиетінің туындысы «Абай жолы» роман-эпопеясында Пушкиннің шығармашылығы, Абай арқылы бүкіл қазақ мәдениетіне тигізген игілікті ықпалы көркем бейнеленген. Мұның өзі Пушкин шығармалары, ұлы ақынның бейнесі Мұхтар Әуезовке де шабыт беріп, оны рухтандырғанын аңғартады. Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аударуда Абай, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, І. Жансүгіров, Қ. Аманжолов, Т. Жароков, Ө. Тұрманжанов, Ә. Тәжібаев, Қ. Тоғызақов, Ғ. Орманов, Ә. Сәрсенбаев, Х. Бекхожин, Қ. Шаңғытбаев, Ж. Молдағалиев сияқты көрнекті ақындарымыз елеулі еңбек сіңірді.

### Михаил Юрьевич Лермонтов (1814-1841)



Орыс әдебиетінің ең үлкен және көрнекті өкілдерінің бірі - Михаил Юрьевич Лермонтов.

**Лермонтов Михаил Юрьевич** (15.10.1814, Мәскеу - 27.7.1841, Пятигорск) — орыс ақыны. 1828-30 жылдар аралығында Мәскеу ақсүйектер пансионында тәрбиеленіп, 1830-32 жылдары Мәскеу университетінде білім алған. 1834-37 жылдары Гусар полкінде әскери қызметте болды. Тұңғыш өлеңдері мен поэмаларын пансионда оқып жүргенде жазған (“Черкестер”, “Кавказ тұтқыны”). 1837 жылдың 1 ақпанында А.С. Пушкин қаза болғанда жазған “Ақын қазасы” атты өлеңі үшін қамауға алынып, Кавказға жер аударылды. 1841 жылы Пятигорск қаласында офицер Мартыновпен дуэльде мерт болды. Лермонтов орыс әдебиетінде Пушкиннің ізбасары ретінде танылды. Лермонтовтың “Періште”, “Желкен”, “Русалка”, “Бородино”, “Тұтқын”, “Дұға”, “Теректің сыйы”, “Пайғамбар”, т.б. лирик. өлеңдері; “Мцыри”,



“Демон”, т.б. поэмалары, “Бір түрлі адам”, “Екі ағайынды”, “Маскарад”(өлеңмен жазылған) драмалары; “Біздің заманның қаһарманы” романы, т.б. повестері мен очерктері орыс әдебиетінің озық үлгілері болып саналады. Лермонтов өз шығармаларында XIX ғасырдағы орыс өмірін, қала мен дала адамдарын, әскерлер, зиялылар, шаруалар өмірін, өзге халықтар тағдырын көрсетті. Орыс, кавказ, түркі халықтары тарихы мен фольклорының сюжеттерін шығармаларында ұтымды пайдаланды. Лермонтов шығармаларын І.Жансүгіров, Қ.Аманжолов, Т.Жароков сынды көптеген ақындар қазақ тіліне аударды.

Абай ұлы ақынның, тіпті сол кездегі орыс қауымының тілек-талабын, мұңын ұға алды. Ол мұңын ұққан халықтың жырын да ұқты. Лермонтовтың ыза-кегі, наразылығы орыс халқының, езілген қауымның кегін, наразылығын танытатынын, оның қайғы-мұңы, налуынан ел мұңы, халық мұңы көрінетінін сөзінді. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен», «Мыңмен жалғыз алысқан» ақын өзі де ашу-кекті, ызаны «жалын мен оттан жаралған» жырларына нәр еткен-ді. Оның «қаны қара бір жанмын, жаныжара» деп ашулы мұң шерткені де белгілі. Лермонтовты ол «ерекше ызаның ақыны, махаббаты ашумен уланған ақын» деп, өте-мөте іш тартып, жақын көрді. Абайдың ұлылығы алдымен лирикалық поэзиядан анық көрінетіні айрықша дәлелдеуді қажет етпейді. Абай қазақ әдебиетіне, поэзиясына лирикалық шығармалардың бұрын орын теппеген, таралмаған жаңа турлерін енгізді десек, соның ішінен адамның жан дүниесін суреттейтін өлең-жырлар, ақындық өнерді, оның қоғамдық мәнін айқындайтын, табиғатты суреттейтін өлеңдер тобын еске алуымызға болар еді. Осы шығармалардың мүлде әдеби дәстүр орнықтырғандығы айқын-ақ. Әрине, қанша тың, соны керінгенімен, бұлар қазақ топырағында туған жаңалық. Халықтың өлең-жыр теңізіне терең бойлап қана өскен жеміс. Сонымен бірге олардың ішінде сурет-теуәдісі, тәсілі жағынан орыс классик. әдебиетінің үздік туындыларымен, Пушкин, Лермонтов шығармаларымен жақын, үйлес шығатындары аз емес екеніне де талас жоқ. Абайдың Лермонтовтан дәлме-дәл, өте жақын аударған өлеңдерінен де («Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Альбомға» т. б.) орыс ақынының ой-пікірлері оған да бөтен еместігі айқын сезіледі. Сонымен қатар ол Л. шығармаларын қазақ өміріне жанастыра қабылдауды шет көрмеген. Абай Лермонтовтың «Ой» атты өлеңін аударғанда, бұл жұрт көңілде сенім жоқтықтан білген білімді іске жарата

алмай отыр деген пікірді өзгертіп, сол кездегі қазақ жағдайына ыңғайлап: «Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ, Өнерсіз қартайар деп біл баланды...», - деп кетеді.

Мұндайда Абайдың Лермонтов өлеңінің мазмұнын бастан-аяқ бұлжытпай дәл жеткізуді мақсат етпей, кейде толғанып, тебіреніп жарыса отыратыны көзге түседі. Сондықтан оның кейбір аудармасы өзінің қолтума өлеңіндей болып шыққан. Абай аударып қазақ арасына кең таратқан Лермонтов шығармалары қатарында сондай-ақ **«Қанжар», «Жартас», «Жалау», «Теректің сыйы», «Күнді уақыт итеріп», «Өзіне сенбе, жас ойшыл», «Асау той, тентек жиын опыр-топыр», «Тұтқындағы батыр»** сияқты бірнеше өлең бар. Абай **«Бородиноны»** да аударған (тұтас келіп жетпеген). Көңіл аударарлық біржай - Лермонтов осы өлеңін 1837 жылы 1812 жылғы Отан соғысының 25 жылдық мерекесі тұсында жазса, Абай оны 1882 жылы, яғни Ресей осы ұлы шайқастың 70 жылдығын атап өтер кезеңде аударды. Осыдан-ақ бұл өлеңге Абайдың көздейсоқ кеңіл бұрмағаны, сол зор оқиғаның тарихи мәнін терең түсініп, жете тексеріп біліп барып үн қосқаны айқын болады. Абай орыс ақынының өлең-жырларын ғана аударып қойған жоқ, сонымен бірге дастандарын («Демон», «Исповедь»), прозалық шығармаларын («Вадим») аударуға да баса көңіл бөлді. Лермонтов шығармаларын игеру нәтижесінде Абай поэзиясының тынысы кеңейіп, жаңа дәстүр тауып, өркендеді. Абайдың Лермонтовтан аударғандары – негізінде әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын, еріншек, белсенділігі жоқ адамды сынайтын шығармалар, азамат ақынның образын беретін өлең-жыр жайындағы шығармалар, жалғыздығын, бірақ оған мойымайтын беріктігін айтатын шығармалар. Абай Лермонтов шығармасының ішкі әлемін, оның толқын-лебізін, жаңа сапасын қазақ тілінің суреттеу мүмкіншіліктерін пайдаланып мол жеткізді. Абай Лермонтов оригиналын барлық жарастық сәнімен, бар ерекшелігімен қазақ тілінде қайтадан туғызды. **«Альбомға», «Жолға шықтым қараңғы түнде жалғыз», «Көңілдің күйі тағы да», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Махаббат, достық қылуға», «Менің сырым, жігіттер, емес оңай», «Ғашықтық іздеп тантыма»** тағы басқа аудармалары әдебиет тарихында өте көркемдік шеберлікпен, ақындық қуатпен аударылған деп бағаланып келеді. Абайдың Лермонтовтан тәржімелеген шығармаларының тең жартысы дерлік – осындай дәл, жақын аудармалар.

## Николай Васильевич Гоголь



Николай Васильевич Гоголь 1809 жылы Полтава губерниясының Миргород уезінің Сорочинцы ауылында дүниеге келген. Ол алдымен Полтава білім мектебінде, содан кейін жоғары білім гимназиясында (Нежинде) оқиды. Мектеп жылдарында ол театрға қызығушылық танытып, лицей театрында көптеген рөлдерді ойнады. Гоголь 1829 жылы өзінің алғашқы туындысы «Ганс Кюхельgarten» атты шығармасын жазады. Бірақ ол көп ұзамай бұл туындысын жағып жібереді, өйткені ол оны ұнатпайды. 1829 жылы шілдеде ол шетелге сапар шекті. Шетелден ол Санкт-Петербургке оралады да достарының көмегімен Санкт-Петербург университетінде Тарих пәнінен сабақ бере бастайды. Оның көптеген мақалалары сол кездегі ең танымал әдеби және қоғамдық журналдардың бірі «Современник» журналында басыла бастайды: олардың ішінде «жалпыға ортақ тарихты оқыту әдістемесі», «Кіші Ресейдің ауыр жағдайына көзқарас». 1831 жылы ол А. С. Пушкинмен өз заманының ең прогрессивті өкілдерінің бірі Плетневтің пәтерінде кездесті. Мұнда Пушкинмен сөйлескенде Гоголь қазіргі орыс әдебиетінің жағдайы, оның негізгі тенденциялары туралы өзінің сыни ойларын сипаттайды. Пушкин Гогольдің көркемдік талантын, оның сыни көзқарасын жоғары бағалайды.

Пушкин Гогольді өзі редакторлық жасайтын «Современник» журналына шақырады. Көп ұзамай Гоголь сол журналда «1834-1835 жылдардағы әдебиеттегі қозғалыс туралы» мақаласын басып шығарады. Пушкин оған орыс әдебиетінің тарихымен жұмыс істеуге кеңес береді және әңгімелерінің бірінде “Ревизор” комедиясының сюжетін баяндайды. Көп ұзамай Гоголь әлемге әйгілі “Ревизор” комедиясын жаратады. 1836 жылы 19 сәуірде Санкт-Петербургтегі Александр театрында комедияның премьерасы өтті.

Гоголь спектакльдің соңына дейін жетпей премьерадан кетеді. Кетудің себебі оның комедиясында Николай империясының барлық бұрыштарындағы ауыр жағдайын өткір сатирамен әшкерелеуі барлық Санкт-Петербург, әдебиет әуесқойлары үшін үлкен әдеби жаңалық болды.

Көп ұзамай ол шетелге (Италияға) кетеді. Ол Пушкиннің өліміне қатты қайғырады.

Гоголь 1840-1842 жылдары Римде «Өлі жандар» поэмасын жазып бітіреді де бір нұсқасын В.Белинскийге жібереді. Белинский, өз кезегінде, шығарманы оқығаннан кейін басып шығаруға рұқсат алды (цензурадан) және оны журналының редакциясына тапсырды.

1847 жылы оның «Достарымен негізгі хат алмасу орындары» атты еңбегі басылды. Осы шығарманы оқығаннан кейін Белинский оған өзінің «хатын» жазды. Белинский өзінің хатында Гогольдің шығармасын бұрмалап, оны қатты сынға алды.

Сол жылы Гоголь Иерусалимге діни қажылыққа барды. 1852 жылы ол Ресейге оралады: Мәскеу, Санкт-Петербург, Одесса қалаларында тұрады. Өмірінің кейінгі жылдарында оның психикасы қандай да бір қалыптан тыс аурудың белгілерін сезіне бастайды. Осындай психикалық дағдары салдарынан өртеп жібереді.

Гоголь 1852 жылы 21 ақпанда қайтыс болды.

Гоголь әдебиетке өзінің бірқанша әңгімелері мен әңгімелерінің жинағымен кірді. Оның «Сорочин жәрмеңкесі», «Мамыр түні немесе батып бара жатқан әйел», «Қорқынышты кек», «Диканька ауылының жанында өткізілген кештер» атты шығармалары әдебиет сүйер қауым арасында танымал.

### **«Диканька ауылының жанында өткізілген кештер» жинағы**

Жинаққа сегіз өлең кірді. Мұны украин тіліне, украин фольклорына қатысты әңгімедегі әділеттілік пен әділетсіздік арасындағы қайшылықтарды бейнелейтін мультфильм ретінде бағалауға болады. Гоголь бұл жұмыстарға XVIII ғасырдағы еркін украин казактарының өміріне назар аударады. Бұл оқиғаларды Руди Панко есімді кейіпкер айтады. Әңгімелерде ол өзінің арманын, адам сезімдерінің сұлулығын адам мінезінде көрсетуге тырысады. Дәл осы фантастикалық жаратылыс адам табиғатының қасиеттерін көрсету үшін әртүрлі жыныстардың бейнелерінен пайдаланады. Осыған орай Гоголь өзінің әңгімелерінде ұлттық батырлар галереяларының сериясын жасай алды.

Көркем әдебиеттің, фольклордың, сатираның және басқа жанрлардың үйлесімділігі оның басқа шығармаларында да байқалады.

1835 жылы Гоголь өзінің «Невский даңғылы», «Портрет», «Миргород» атты жинақтарын жариялады.

Гоголь өзінің «Тарас Бульба» деп аталатын тарихи әңгімесінде кейіпкерлерді, олардың кейіпкерлерін өз уақытымен салыстырады.

«Тарас Бульбада» ол алғаш рет халықтың күші, жігері, рухани байлығы, жоғары адамгершілік принциптері туралы жазады.

Гоголь орыс әдебиетінде халықтың, қоғамның қайғылы жақтарын реалистік, сыни бейнелерде бірінші болып көрсете алды.

1835 жылы ол «Санкт-Петербург өлеңдері» циклі аясында бес өлең шығарды. Бұлар: «Шинель», «Мұрын», «Психикалық ауру адамның хаттары», «Невский даңғылы» және «Портрет». Бұл әңгімелердің мазмұны, кейіпкерлері мен стилі әртүрлі болғанымен, оларды ішкі бірлік байланыстырады. Бұл әңгімелер Санкт-Петербург қаласының керемет бейнесін көрсетеді. Гоголь осы шығармаларда Пушкин трагедияларын жалғастыра отырып, астананың ішкі және сыртқы жағдайын салыстырады. Ол Санкт-Петербург қаласының әлеуметтік портретін, яғни қарапайым адамдардың қиын өмірін бейнелейді.

### **«Өлі жандар»**

Гоголь бұл шығарманы шығармада кездесетін лирикалық және эпикалық типтердің ерекшеліктеріне байланысты поэма деп атайды. Әр бетте автор оқырманмен байланысады және онымен өз ойларымен, болып жатқан оқиғаларға көзқарасымен бөліседі.

Шығарманың басты кейіпкері Чичиков болды - орыс әдебиетінде әлі болмаған кейіпкерлердің жаңа түрі. Бұл образ Ресейде пайда болған буржуазияның жаңа өкілі. Оның мақсаты-қоғамның күшімен, ақылдылығымен және тапқырлығымен көп ақша табу. Чичиков-жыртқыш, ол ешқандай моральдық кодексті немесе принциптерді ұстанбайды, кез-келген сатқындыққа дайын адам. Шығарманың басқа кейіпкерлерінің сипатына тән белгілер оның психологиясында да бар: Сондықтан Гоголь Чичиковтың бейнесіне бүкіл XI тарауды арнайды. Гоголь бұл жұмыста кішігірім дворяндардың қарапайым өмірін емес, крепостнойдың құқықтары бұлыңғыр болған кездегі орыс қоғамдық өмірінің күрделі жағдайын көрсетті.

Ол дворяндардың орнына буржуазия келетінін алдын-ала болжай алды. Шығармада бірінші кезекте мән беру керек болған жай - капитан Копейкиннің тарихы туралы хикаялар орын алады.

Шығармада автор орыс халқының әлеуетті мүмкіндіктеріне оптимистік рухта қарайды және адамдар өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланатын кездер болатынын түсінеді.

Н. Гоголь жас кезінен-ақ әдебиет пен кескіндеме өнеріне ынта қойып, актёрлікпен де айналысқан. 1829 жылы В. Алов деген бүркеншік атпен «Ганц Кюхельгартен» идиллиясын (ауылдың табиғатпен жарасқан тіршілігін бейнелейтін жыр) жариялады. Гогольді көпшілікке кеңінен танымал қылған «Диканька маңындағы хутор кештері» (1-бөлімі - 1831 жылы; 2-бөлімі - 1832 жылы), «Миргород» (1835; жаңа редакциясы), «Арабески» (1835), «Тарас Бульба» (1841) кітаптары болды. Қоғамдағы «кішкентай адамның» қорлыққа толы өмірі «Шинель» повесінде (1842) психологиялық тұрғыдан кеңінен ашылған. Кейін осы тақырыпқа қалам тартқан орыс жазушылары арасында «Бәріміз Гогольдің «Шинелінен» шықтық» деген пікір қанатты сөзге айналды. Ал Гогольдің «Ревизор» комедиясы қоғам өміріндегі елеулі оқиға болды. Ол, сондай-ақ, «Үйлену», «Ойыншылар» (екеуі де 1842 ж.) комедияларын және басқа да драмалық шығармалар жазған. Гогольдің шығармаларының түйіні - 1835 жылдан жазыла басталған «Өлі жандар» (бұл шығарманың 1-томы 1842 ж. жарияланып, 2-томын 1852 ж. автордың өзі жойып жіберген) поэмасы. Романтизм мен нәзік лиризмді, жеңіл әзілді алғаш шығармаларында сәтті қолданған жазушы соңғы шығармаларында сол кезеңдегі орыс қоғамының шенеунікті-бюрократтық өмірін өткір сынға алды, орыс әдебиетінде гуманистік және демократиялық сарынның қалыптастыруына зор үлес қосты. Жазушының діни-адамгершілік ұстанымын баяндайтын «Достармен жазысқан хаттардан таңдалған үзінділер» деп аталатын кітабы (1847) В. Г. Белинскийдің сынына ұшырады. Гогольдің драмалық шығармалары («Ревизор», «Үйлену» және т.б.) ХХ ғасырдың басында қазақ тіліне аударылып, ұлттық театрымыздың сахнасында сан мәрте қойылды. Сондай-ақ жазушының қазақ тілінде «Шығармаларының» 6 томдығы (1952-55), «Таңдамаларының» 2 томдығы (1981) жарық көрді.

### **Гогольдің негізгі шығармалары**

Петербор кезеңін жазушы Гоголь өміріндегі ең белсенді кезең деп санауға болады. Оның шығармаларының көбі осы жерден шыққан. «Диканька маңындағы фермадағы кештер» отыз бірінші және отыз екінші жылдары екі бөліммен шықты. Біріншісіне «Жоғалған хат», «Мамыр түні», «Сорочинский


жәрменкесі», сондай-ақ «Кештер...» өздері болса, екіншісіне «Сұмдық кек», «Рождество алдындағы түн», «Сиқырланғандар» кірді. Орын» және «Иван Федорович Шпонка» . Қазірдің өзінде 1835 жылға қарай, тағы екі топтама мистицизм мен ертегіге азырақ әсер ететін, әлдеқайда жетілген және байсалды жарық көрді. Бұлар «арабескілер», сондай-ақ «Миргородтар» болды.

- 1832 жылы Николай Гоголь Нижин гимназиясында оқуын аяқтағаннан кейін алғаш рет әкесінің үйіне баруды, апалары мен анасын көруге шешім қабылдады. Ол Мәскеу арқылы жүріп, әдеби ортада Сергей Аксаков, Михаил Погодин, Михаил Щепкин және т.б. Бірақ үйдегі жайлылық оған тыныштық әкелмеді, оның үстіне ақынның осал жанын азапқа салды. Жабайы табиғатпен қоршалған ол кенет өзінің «Кештері» мен «Миргородының» түкке тұрғысыз екенін сезініп, оқырманды осынау айбынды атмосфераға батыра алмады.
- 1833 жылы Гоголь барлық қиындықтарға қарамастан Петербургке оралып, ғылыми салада өзін ашуға шешім қабылдады. Алғашында ол Киевте, жаңадан ашылған Киев университетінде тарих кафедрасын меңгеру идеясына таң қалды, бірақ оны ол жаққа апармайды. Сондықтан ол қайтадан Петербургке көшіп, сол жерде мінберге отырады.
- 1834 жылға қарай көптеген зерттеушілер мен тарихшылар бомбаның әсері болған «Үкімет инспекторы» пьесасы түріндегі жымқыру, қор жинау және сыбайлас жемқорлыққа соққы жазу уақытын көрсетеді.
- 1835 жылы жаңа хикаялар жарық көрді: «Ескі дүние иелері», әлі күнге дейін өз оқырмандарын қорқытатын өте қорқынышты және шынымен жанжалды «Вий», әйгілі «Тарас Бульба» және күлкілі, тағылымды «Иван Ивановичтің қалай ұрысқаны туралы ертегі». Иван Никифорович».
- Арада көп уақыт өтпей, бар-жоғы екі жыл өткен соң, 1836 жылы Пушкиннің «Современник» журналы да «Портрет», «Күйме» және «Сентиментальды шинель» атты шығармаларын басып шығарды. Дәл осы уақытта «Неке» шықты, сонымен қатар Гогольдің көптеген шығармалары сияқты бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылатын біршама оғаш «Ойыншылар» әңгімесі шықты.
- 1836 жылы Николай шетелге кетті, ол жерде замандастары жартылай түсінбеген өзінің өлмейтін «Өлі жандарын» жаза бастады. Әйтсе де, оны

алғашында тыныштандырған Батыс тағы да дүбірлі ойлар мен сезімдерге жетелейді. 1941 жылдың жазында ол бірінші томын шығаруға туған жеріне барады.

1844 жылға қарай Гоголь Николай Васильевичті күтпеген қуаныш басып, орыс әдебиетіне сіңірген орасан зор еңбегі үшін Мәскеу университетінің құрметті өмірлік мүшесі болып танылды. Әйтсе де, ол енді ештеңеге риза емес, жұмысы оңға баспайды, құдай ұсынған талантының жоғары мақсаты туралы ой оның ісін бағаламаудың ізін қалдырады. Рухани дағдарыс пен азапта Гоголь өсиет жазып, ешқашан қалпына келтірмейтін «өлі жандардың» екінші томын өртеп жібереді.

### **Лев Николаевич Толстой (1828-1910)**



Л. Н. Толстой шығу тегі бойынша жоғарғы таптар асыл текті болды. Егер шығу тегіне тереңірек мән берілсе, онда Толстой Пушкинмен және Князь Трубецкиймен туыстық қатынаста болды. Ол 1828 жылы Тула губерниясының Ясная Поляна ауылында дүниеге келген. 2 жасында анасы, 9 жасында әкесі апатқа ұшырайды. Алдымен оны үлкен әпшесінің, кейінірек Қазанда тұратын кіші әпшесінің қолында тәрбиеленеді. 16 жасында ол Қазан университетінің философия факультетінің түрік-араб тілі бөліміне оқуға түсті, бірақ оқу жылының соңында сабаққа нашар қатысқаны үшін емтиханға қатыспады. Толстой оқуын сол университеттің заң факультетіне ауыстырады, бірақ екі жылдан кейін оқуын тастап кетеді. (1850 жылдан қайтыс болғанға дейін күнделік жүргізеді) 1847 жылы олар ата-анасынан қалған мүлікті ағасымен бөліседі. 330 шаруасы бар 1200 десятина жер және Ясная Поляна ауылы Л. Н. Толстойдың меншігінде қалады. 1852 жылы ол жұмысқа қабылданды және сол жылдың шілдесінде оның «Балалық шақ» әңгімесі «Современник» журналында басылды. 1854-55 жылдары Толстой Қырым түбегінің әскери бекіністерінің бірі Севастополь қаласын қорғауға қатысты. Ресей Қырым соғысында жеңілгеннен кейін ол резервке алынды.



1855 жылы ол Некрасов, Тургенев, Чернышевский, Гончаров сияқты ақын-жазушылармен кездесті. Олармен танысқаннан кейін Толстой алдымен либералдардың пікірін мақұлдады, бірақ көп ұзамай өзінің позитивтілігін нығайтты. Ол халықтың рухани қайта тәрбиесі Ресейдің одан әрі дамуы үшін қажет болады деп санайды. 1862 жылы Л.Н. Толстой өзінен 16 жас кіші Соня Андреевна Бернске үйленеді. 1863 жылдан бастап ол «Соғыс және бейбітшілік» романын жаза бастайды да 1869 жылы Толстой өзінің эпикалық романын жазуды аяқтады.

70-80 жылдар аралығында ол әлдеқайда көп әдебиеттерден біршама алынып тасталды да, 80-90 жылдардың басында ол қайта әдебиетке, көркем прозаға оралып, «Иван Ильичтің өлімі», «Круиздік соната», «Қайта тірілу» сияқты шығармаларын жазады.

1910 жылы 28 қазанда Майорлардың ұзақ отбасылық өмірінен шаршаған Толстой үйінен кетеді. Жолда ол пневмониямен ауырады (өкпе суығы) және Астахова теміржол станциясында қайтыс болады.

### **«Соғыс және бейбітшілік»**

Л. Толстой осы шығарманы жазғанға дейін декабристер мен декабризм туралы жазғысы келді. Ол тарихи тұлғаның түріне қызығушылық танытты. Оның екі жағы болды.

- а) декабристердің 1812 жылғы Отан соғысына тікелей қатысуы;
- б) 60-жылдардағы революциялық қозғалыстардың тиімсіздігінің себептері.

Л. Толстой Ф.Л. Глинканың «Бородино шайқасы туралы очерктер», Д. Давыдовтың «1812 жылғы партизандық қозғалыс туралы естеліктер», тарихи және публицистикалық шығармаларды жасау барысында таныс болған Бородино майданына да барады. Мұнда ол француздардың қай жағынан келгенін, «Багратионның жарқылы» қай жерде болғанын, Раевскийдің батареясы қай жерде екендігі мен қай жерлерде қанды шайқастар жүріп жатқанын көз алдана елестетеді.

Эпикалық романда 550 - ден астам көркем образ бар, оның 200-ге жуығы тарихи тұлғалар. Сондай-ақ 20-дан астам үлкен шайқас бейнефильмдері салынды.

Жұмыстың басында қоғамда өмір сүретін адамдар Еуропада болып жатқан оқиғаларды, сонымен қатар Наполеон армиясының әскери

әрекеттерін өз сыныптарынан бағалайды. Бірақ сонымен бірге түпнұсқалардың көпшілігі Наполеонның Ресейге қалай қауіп төндіретіні туралы ойланбайды. Кейбіреулер мұны түсінбейді. Мұны тек Андрей Болконский жақсы түсінеді.

### **Романның басты кейіпкерлері:**

а) А. Болконский-сангвиник, ізденімпаз, өзімшіл мінезге ие

б) Пьер Безухов – жүрегінің қалауымен сурет салған флегматикалық, сезімге негізделген түпнұсқа.

Екеуі де өмірде өз орнын іздейтін, махаббатқа адал, парасатты адамдар. Екеуін де ол бірінші Князь Андрейге үйленген, бірақ тағдырдың өтірігі үшін Пьерге некеленген Наташа Ростова байланыстырады,.

Шығарманың ең сүйкімді бейнелерінің бірі - Наташа Ростова. Оның сыртқы келбеті ғана емес, сонымен қатар оның ішкі әлемінің сұлулығы, айналасындағыларға деген көзқарасы, балалардың шынайылығы, тазалығы оқырманның да оған деген сүйіспеншілігін тікелей тудырады.

Лев Толстой танымалдылықты және өзінің көрнекті шығармаларына арқау болуды ұнатпаған. Ол 1871 жылы Фетке жазған хатында былай деген: «Соғыс» секілді түкке тұрғысыз көп сөзді дүниелерді енді жазбайтындығыма бақыттымын...».

Кавказ соғысына қатысып, Севастополь қорғанысында болған. Ерлігі үшін бірнеше ордендермен, медальдармен марапатталады.

Толстойдың «Царство Божие внутри вас» сынды еңбектерінде көрсетілген басқыншылыққа қарсы идеялары Үндістандағы ұлттық қозғалысты басқарып, 1947 жылдары Англиядан бейбіт бөлінуге қол жеткізген жас Махатма Гандиге өте қатты еліктеген.

Халыққа жақын болу үшін (басқа деректерде денсаулықты нығайту үшін делінеді) қартайған шағында Лев Толстой жалаң аяқ жүрген екен.

Толстойдың жанұясында 13 бала туылған. Оның бесеуі бала кезінде қайтыс болады. Әйелі өзінен 16 жас кіші болған. Яғни, олар шаңырақ көтергенде Софья 18-де, граф 34-те еді. Толстой өзінің болашақ әйелі София Андреевна Берстің анасымен достық қатынаста болады да, Берстің үш қызының қайсысына үйленетіндігін білмей, біраз уақыт таңдап жүрген. Әйелі жазушының наным-сенімдерімен келіспеген, сондықтан, олардың аралары суып кетеді.

Ең танымал үш шығармасы – «Соғыс және Бейбітшілік» («Война и Мир»), «Анна Каренина», «Жексенбі» («Воскресение»).

Лев Николаевич Толстой ет жемейтін адам болды. Ол өмірінің соңғы жылында, яғни 1910 жылы «сексен жылдан кейін барлық адамдар вегетариан болады, олар ет жеуге адам жеген секілді жиіркенішпен қарайды» дегенді айтып, сөзінің ақиқатқа айналатынына үміттенген.

Жазушы тек қана «салмақты» шығармаларды емес, «Әліппе», «Жаңа әліппе» сынды бірнеше буын оқып келе жатқан балаларға арналған еңбектер жазды.

Лев Толстой Тургеневпен таныс болған. Алайда, олар достық қатынаста бола алмады. Арадағы кикілжіңнен кейін бірнеше жылдардан бері сөйлеспейді, тіпті, дуэльге дейін баруға шақ қалған.

1857 жылдары Толстой шетелге аттанады. Ол Германия, Франция, Швейцария, Италия сынды көптеген еуропалық елдерді саяхаттайды да, күзде Мәскеуге оралады. 1859 жылдары өзінің туған жерінде балаларға арналған мектептер ашады. Ол жаңа мектептерге Еуропалық білім жүйесін енгізуді жөн деп табады.

Толстой қартайған шағында әйелімен айырылысып саяхатқа шығады да, сапарда қайтыс болады. Жер ауыстырып жүргенде Толстой қабынумен ауырып қалады. 1910 жылдың 7 қарашасында Астапово станциясында (станция бастығының үйінде) көз жұмады.

«Барлық бақытты отбасылар бір-біріне ұқсайды, әрбір бақытсыз отбасы өзінше бақытсыз», -деп басталатын Лев Толстойдың «Анна Каренина» романы әлемдегі ең танымал көркем туындылардың бірі. Адамдар осынау романды күнге дейін әлі де құмартып оқиды, оқығаннан кейін нәзік сезімдер адал болмаса махаббат бақытсыздыққа ұшырайтынына, махаббатсыз – дүниенің бос екеніне көздерін жеткізеді.

Лев Толстойдың осыдан жүз елу жыл бұрын мәңгілік адами құндылық, адам өмірін қуаттандыратын, бақытқа жетелейтін махаббат туралы, отбасылық неке, отбасылық өмір, еркек пен әйел арасындағы қатынастар психологиясына жазылған «Анна Каренина» романы оның алдындағы «Соғыс және бейбітшілік» романынан да асып түсті.

Толстойтанушылар ең қызығы Лев Николаевич осынау туындысын махаббат туралы кино сценарийлер үшін жазғандай дейді, роман негізінде бақытсыз әйел махаббатына құрылған кинофильмдер санында шек жоқ,

әлемде 30-дан астам кино түсірілді, бұл да роман көтерген мәселенің өміршеңдігін көрсетеді, дегенмен барлық фильмдердің нұсқалары өзінше жақсы болғанымен, бірақ олар, әрине, Толстойдың романда жеткізейін деген ойынан өте алшақ жатыр.

Романның негізгі тақырыбы – махаббат және отбасы мәселесі. Жанр-элеуметтік-философиялық роман. Лев Толстой осы туындысында адам өмірі туралы дүниетанымдық пайымдарын және XIX ғасырдағы орыс қоғамының маңызды мәселелеріне көзқарастарын қамтыды.

Толстой өмірінде отбасын, оның маңызын жоғары қойды, бұрында өзінің көркем шығармаларында басты назар аударды, ал «Анна Каренина» романында өмірге қажетті негізгі элеуметтік-қоғамдық мәселені тұтастай бір шығарма бойында көтерді. Лев Толстой «Анна Каренина» романында махаббатсыз адам өмір сүре алмайтынын, махаббатсыз отбасы өмірі де мүмкін еместігін мәлімдеді.

Романның идеялық, сюжеттік-көркемдік және композициялық желісі: махаббат, ғашықтық сезім, күрделі некелік қарым- қатынастар мен адам тағдырының шиеліністерінде өрбейді. Романда ғашық жандар сезімнің барлық тылсым сырлары шынайы және нәзік суреттеледі, аяғында махаббат құрбандыққа шалынады, сонымен бірге Толстой әр түрлі отбасындағы некелік қарым-қатынастарды, отбасылық өмірдің әр жақтарын өзек етеді.

XIX ғасырдың 60-шы жылдары Ресейдегі реформалар мен қиын саяси-экономикалық және элеуметтік дағдарыс кезінде Толстойды «халық туралы» ой толғандырады, сол кезде «Соғыс және бейбітшілік» романын жазды, ал 70-ші жылдары Толстойды адам өміріндегі басты мәселе «отбасы туралы» ойландырды. Лев Николаевич өзін мазалаған осынау ойлары туралы әйелі Софья Андреевнаға «Анна Каренина» романын аяқтағаннан кейін жазған хатында: «Менің ойым енді маған өте түсінікті болды. Шығарма жақсы жазу үшін ондағы негізгі ойды жақсы көру керек. «Анна Каренинада» мен отбасы мәселесін жақсы көрдім, ал «Соғыс және бейбітшілікте» 1812-ші жылғы соғыстан кейінгі халық тағдырын жақсы көрдім...», - дейді. Толстойдың бұл сөзі оның романын түсінудің кілті десе болады.

«Анна Каренина» романы жарық көргеннен кейін Ресейде элеуметтік-философиялық романдар көптеп жазылды, оларда махаббатқа маңызды философиялық мазмұн берілді, адамдар қоғамында отбасы және некелік

қатынастардың адалдық пен сенімге құрылуына, шынайы түсініктер мен отбасылық қағидалардың қалыптасуына ықпал ете бастады.

### **«Аяқ астынан келген ой – «амалсыздан» жазылған роман»**

Лев Толстой «Анна Каренина» романын 1873 жылы 29 наурызда жазуды бастайды. Алайда толстойтанушылар Толстойдың күнделіктеріне сүйене отырып, 1870 жылдың басында Толстой замандастарының жеке өмірі мен қарым-қатынастары және «ақсүйек ортасынан шыққан, бірақ өзін жоғалтып алған әйел» туралы сюжет шығармашылық ойында болғаны және оның кейіпкері «аянышты және кінәсіз» көрінуі керек» - дегені туралы жазады, сондай-ақ мұны Толстойдың ұлы Сергей Львович күнделіктері жазбаларында да растайды.

Осы ғасырдың басынан Лев Толстойға арналған бірнеше циклдық кітаптар жазған жазушы, толстойтанушы Павел Басинский «Анна Каренинаның» шынайы тарихы» деген кезекті кітабы шығар алдында берген сұхбатында: «1873 жылы Лев Толстойдың «Анна Каренинаны» жазу туралы ешбір ойы болған емес. «Соғыс және бейбітшілік» эпикалық романы жарық көрді, оның танымал болған кезі. Келесі ойы Петр Бірінші туралы тарихи дүние жазу, сондай-ақ, Ресейде барлық сыныптарда, патша балаларынан бастап шаруа балаларын оқытатын «Азбука» хрестоматиясын жазу туралы болатын. Осы маңызды және басты істердің құшағында жүріп, ол кенеттен терезе алдында жатқан Пушкиннің «Белкин әңгімелері» кітабын оқи бастайды, онда аяқталмаған «Қонақтар саяжайға жинала бастады» деген сөз тіркесіне көңілі ауады, кітапты қайта оқып, жазу үстеліне отырады, үзіндіні жалғастыра түседі. Бұдан бұрын «Анна Каренина» романының сюжетіне ұқсас атақты Флобердің бұрын жазылған шығармасы да болған еді», - дейді.

Толстой құлышыныспен романды жазуға кіріседі, жылдам жазып шығамын деп ойлайды, бірақ романды жазу төрт жылға созылады, роман түзетіліп 1878 жылы жеке кітап болып шыққанын ескерсек, Лев Толстой «Анна Каренина» романын 1873 жылдың 29 наурызынан бастап 1878 жылғы 17 сәуірге дейін бес жыл жазған. Романды жазу барысында Лев Николаевич қалжырап шаршағанда: «Не үшін осыны жазып отырмын?» - деп өзіне абшыратын көрінеді, «Сюжеті де сондай керемет емес, қарапайым, шенеуніктің әйелі күйеуін алдап, офицермен қашып кеткен, өзіне қол жұмсайды», - деп ашуланушы еді» - деп жақындары күнделіктерінде еске алады.

Толстой қолжазбаларының соңғы зерттеулеріне сәйкес романның бастапқы жобасы «Екі неке» деген атаумен бастайды, артынан романды жазу барысында Толстой іс жүзінде жаңа кейіпкерлер, жаңа эпизодтар мен оқиғалар, өзге де жанама тақырыптар мен мотивтер енгізе отырып, негізгі кейіпкерлерінің бейнелерін қайта қарайды, басты кейіпкердің қандай болу керегін қайта нақтылайды, басты кейіпкерлердің бейнелерін тереңдетеді, кейбір кейіпкерлердің образдарын қайта қарап, олардың кейбір қырларын жағымды жақтарынан көрсетуге екіпін түсіреді. Бұл романның сюжеті мен композициясын едәуір қиындатады, ақырында Толстой романның жанрлық және композициялық табиғатын түгелдей өзгертеді.

Бастапқыда Толстой Аннаны Татьяна Ставрович (Анна Каренина деместен бұрын) деп атайды, алайда барлық жағынан сүйкімсіз әйелдің образы жасалады: әйел өзімшіл, қалай солай киінетін, қоғамда өзін ұстай білмейтін образ болып шығады, кейін Толстой басты кейіпкерінің ішінде, сыртында өзгертеді, нәтижесінде Аннаны сүйкімді әйел бейнесіне келтіреді. Сондай-ақ Аннаның шенеунік күйеуі де байғұс, момын, басқалардың күлкісін туғызатын адам ретінде жазылды; Аннаның сүйіктісі Балашов (Вронскийге дейін) әйелдердің қиялындағы, әйелдерге үнемі көз қырын салатын образ ретінде қарастырылады.

Романды жазу кезінде Толстойға өте қиын түседі, өйткені бірнеше еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынастарды, олардың сезімдерін, жан дүниесі мен олардың толғаныстарын, көзғарастары мен мінез-құлықтарының жиынтығын жасау, олардың көркемдік бейнелерін тудыру көркемдік ізденістерді, сондай-ақ композициялық-сюжеттік желісін құру, бір отбасынан екінші отбасы қатынастарына көшу, оларды шынайы үйлестіру үлкен шеберлікті қажет етті. Романды шиеленіске және драмалық сюжетке құруды көздеген Толстой жазу барысында роман кейіпкерлерін бірінен соң бірін енгізеді: бірінші Аннаны, содан соң Левинді, одан соң Каренинді және кейіпкерлеріне сипаттама береді.

Содан кейін Толстой мынадай әрекетке барады: ол «Русский вестник» журналын шығарушысы, баспагер Михаил Катковпен келісімшарт жасап, одан әлі жазылмаған және аяқталмаған роман үшін «алдын ала» 10 000 рубль қаламақы алады. 1874 жылдың аяғында Толстой романның жазылып біткен бірнеше тарауларын «Русский вестник» журналында жариялай бастайды, осы сәттен бастап Лев Николаевич ай сайын журнал бетінде оқырмандардың

оқуына үлгеру үшін «амалсыздан» жазуына тура келеді, кейде ол романға қуана-қуана отырады, ал кейде: «Менің Аннам әбден менің зығырымды қашырды, мені жалықтырды», - деп айқайлайды екен. Лев Толстой жазғандарын журналда біртіндеп жариялайды, оқырмандардың назарына ұсынады, журнал оқырмандары әрбір номерін асыға күтеді, жаңа тарауды оқыған сайын бірімен бірі пікір таластырады, дауласып талқылайды, олардың көзғарастары да әр түрлі болатын, бірақ роман оқырмандарға ұнайды, бірден үлкен жетістікке жетеді.

Толстойтанушы ғалымдар романды жазу кезінде алғашқы нұсқада Толстой Аннаны Нева өзенінде суға кетеді деп жазады, артынан поезд астына түсіру арқылы романға өзгеріс енгізеді. Бұл да ойдан туған дүние емес еді, романда поездың композициялық тұрғыда образ ретінде алынуы, поезбен келген Анна мен Алексейдің алғашқы кездесуі, сол жерде поезд астына түскен күзетшінің өлім, Аннаның күмән романды жазу барысында шешілгендігін жоғарыда айтқан жазушы, толстойтанушы Павел Басинский: «Толстой пойызды ойлап тапқан жоқ. Бұған өмірде болған Кочаков зиратында жерленген, бақытсыз әйел Анна Степановна Пирогованың қайғылы оқиғасы негіз болды, ол Ясная Полянадан шамамен 7 шақырым жерде болған оқиға еді. Толстойдың Бибиков есімді помещик көршісі және Анна Пирогова Бибиковтің көңілдесі болған. Анна Пирогова көңілдесі Бибиковтен кек алу үшін өзіне-өзі қол жұмсаған, Ясенки станциясында (қазіргі Тула облысындағы Щекино станциясы) жүк пойызының астына түскен», - десе, Толстойдың ұлы Сергей Львович естелігінде: «Мұның бәрі 1872 жылы Ясная Поляна маңында болды. Лев Толстой осынау бақытсыздықты көру үшін теміржол казармасына барды», - деп жазады.

Толстойтанушылар Толстой күнделіктеріне сүйене отырып, ондағы жазбаларды мұқият қарап, Толстойдың осындай шығарманы жазуға «Күдіретті Пушкин» итермелегенін және махаббатты суреттеуде Пушкин ықпалы туралы бір ғасыр бойы айтып келеді.

Пушкин лирикалық өлеңдерінде, прозалық шығармаларында болмасын идеялық- көркемдік тұрғыды махаббатты адам өміріндегі, оның тіршілігіндегі ең күдіретті қуат ретінде көркемдік биікке көтерді, шығармаларында махаббаттық сезімдерді, ғашықтық сырларды көркем суреттеуде Пушкин алдына жан салмады, Пушкин лирикасы махаббат сезімдерінің сұлулығымен ерекшеленеді, оның әрбір өлеңі оқырмандар

жанына махаббат нәрін сыйлап, адам жанында, көзінде ашатын көркем құбылыс, ол махаббатқа жан-тәнімен берілген әсем және сұлу көркем бейнелерді жасап, олардың сезімдерін тудыра білді, Пушкин махаббатты асқақтатты да және жырлай да білді.

Осы кезде Лев Николаевич Пушкиннің «Евгений Онегинін» қайта оқиды, «күйеуі бар, ақсүйектер қоғамнан шыққан, бірақ өзін жоғалтқан әйелді» көз алдына елестетеді. Яғни, Толстой өзінің шығармасында сүйген адамына қосыла алмаған Татьяна Ларина тағдырын ойлады ма, кемеңгер жазушы «Анна Каренина» туындысында мүмкін ойын жалғастырған шығар» (Б.М. Эйхенбаум) дегенді де айтады.

«Толстой романды жазу барысында Пушкиннің махаббатты суреттеу дәстүрлерін қатаң ұстанды және оны керемет жалғастырды, өзінше дамытты, байытты, көптеген жаңа көркемдік құралдар мен әдістер енгізді» – дейді әдебиеттанушы ғалым Б.М. Эйхенбаум.

Лев Николаевич 1877 жылғы 17 сәуірде «Анна Каренина» романның соңғы нүктесін қояды.

### **Романдағы махаббат пен отбасылық некелік қатынастар**

Романда туыс, жақын, бірімен бірі таныс адамдардың өмірі, үш бірдей отбасы және олардың махаббаты, тағдырлары романның сюжеттік желісін құрайды, олардың қайсысын болмасын екінші деңгейде қарауға болмайды.

Романдағы Дарья мен Степан Облонскийдің отбасылық қатынастары, Анна Каренина мен Алексей Вронскийдің махаббаты, Левин мен Китидің отбасылық қалыптасуы романда бір жолға қойылады. Романда барлық отбасы оқиғалары романның идеялық ауыр жүгін көтереді, романда өткінші кейіпкерлер жоқ.

Дарья (Долли) өзін отбасы мен балаларға арнаған әйел, өйткені оның күйеуі – князь Степан (Стив) Аркадьевич Облонский әйелін сүймегендіктен алдаумен өмір сүріп келе жатқан еркек. Степанға өтірік айту, әйелін алдау әдетті нәрсе, солай бола тұра, Степан Облонский отбасылық қарым-қатынастарды өтірікке құру мүмкін емес екенін, өтірік жүрген жерде отбасы бақытты болмайтынын түсінбейді. Долли күйеуі оның намысын таптай берсе де отбасын сақтауға тырысады. Автор Степан – Стивті одан әрі өзгере ме, жоқ па, оның маңызды емес екенін айтады, өйткені бұл отбасындағы жұбайлар арасында ішкі рухани түсіністік пен бірлік бұзылған, олардың әрқайсысы өз өмірімен сүреді, өздері жүрегі қалауымен емес, не христиандық



мораль қағидаларымен емес, адамшылыққа қайшы келетін заңдармен өмір сүреді.

Романда Толстой ең нәзік ғашықтық сезімдердің азапты оқиғасын суреттейді, оны жоғары лауазымды шенеуніктің әйелі Анна Каренинаның тағдырынан көрсетеді. Анна сүймейтін, қоғамда орны бар, жасы үлкен адамға күйеуге шыққан әйел. Анна жас офицер Алексей Вронскийдің ғашықтық сезімдеріне қарсы тұра алмайды, олардың махаббаты қоғамдық ортаның моралдық-этикалық әдептеріне, сол кездегі түсініктерге қайшы, Алексей Каренин әйелімен ажыраспақшы болады, алайда Аннаның босану кезіндегі азабын көріп, біржағынан «абыройын» сақтау үшін кешіруге дайын. Уақыт өте келе Анна мен Алексейдің арасы суып, бұрынғы сезімдері жоғалады, Каренин қоғам тарапынан күлкіге қалады, алты ай Каренин Аннаға ұлын көрсетпейді, Алексейдің еркі мен сүйіспеншілігіне тәуелді, оған қызғанышқа толы Анна өзінің махаббатынан жапа шегеді, үмітсіздікке душар болады, пойыз астына түседі.

Лев Толстой «Анна Каренина» трагедиясында өмірдегі рухани және әлеуметтік қайшылықтардың табиғи көрінісін көрсетеді.

Сондай-ақ сырт қарағанда үйлесімді көрінетін Левин мен Киттидің (Щербацкая) отбасында да бақыт жоқ, дегенмен олардың өзара қарым - қатынастарында терең ішкі сезімдер және сүйіспеншілік сақталған. Некелік қатынастардың қатаң жабық әлемі Левинге де мынау өмірді толық сезінуге мүмкіндік бермейді, бірақ олар отбасы жауапкершілігін, махаббат сезімдерін жоғары санайды, әрменқарай өмір сүреді.

Романда басқа да отбасылық оқиғаларға қатысты кейіпкерлер: Вронскийдің шешесі, Бетси ханшайым және тағы басқалар, олардың біреуінде «қарапайымдылық пен шынайылық» жоқ. Толстой ақсүйектердің жалған өмірін көрсетумен қатар Левин арқылы қара халықтың да рухани бұзылуын, олардың жан дүниесіне де арсыздық бойлағанын көрсетеді, шаруалар арасында өтірік айту, екіжүзділік өршігенін суреттейді. Лев Толстой бүкіл орыс қоғамының іштей азуына, адамшылық қасиеттерінің бұзылуына налиды, бұның бәрі шығарманың драмалық шешіміне алып келеді.

Романның композициялық ерекшелігі – оның ортасында қоса жүре дамитын екі әлеуметтік оқиға және тұлға: Анна Каренина махаббаты мен шаруалар өмірін жақсартуға ұмтылған, дворян Константин Левиннің

тағдыры. Олардың жолдары шығарма соңында қиылысады, алайда бұл романның дамуына мүлдем әсер етпейді, Анна мен Левин бейнелері арасындағы ішкі байланыс қана. Осы бейнелердің байланысы романда әртүрлі қайшылықтар не ұқсастықтармен ғана бірін -бірі толықтырады. Бұл байланыс адамдар өмірінің біркелкі еместігін, өмірдің жалған екендігін тағы да көрсетеді.

Лев Николаевич Толстой барлық жағдайда оны толғандыратын сұрақтарға жауап іздейді: адам отбасында және қоғамда қалай өмір сүруі керек, адам бақытының құпиясы неде? –деген сұрақтар романда жауапсыз қалады.

### **Романдағы кейіпкерлер әлемі және олардың прототиптері**

Жазушының ұлы Сергей Львович әкесінің шығармашылығы туралы жазған кітабында: «Толстой «Анна Каренина» романына керекті материалдарды оның айналасындағы таныс адамдар өмірінен алды, оның жақындары, біздер, кейін кітаптан таныс бейнелерді, эпизодтарды, тіпті өзімізді танытынбыз, мен романда сипатталған көптеген бейнелерді, эпизодтарды білемін. Романдағы кейіпкерлердің эпизодтары өмірде болған адамдар шындығынан басқаша суреттелген» - деп еске алады.

Лев Толстойдың замандастары пікірінше, (Т.А.Кузминский естелігінде) Толстой басты кейіпкер Анна прототипіне, оның бейне келбетіне қажетті кейбір ерекшеліктерді А.С. Пушкиннің қызы Мария Александровна Гартунгтан алғанын айтады. Кездесулердің бірінде Толстой Мария Александровнаның кара шашының бұрымына, шаш үлгісінің құлаған бөлігіне көзі түскен, содан кейін бұл штрихтер Аннаның бойынан, оған берілген келбеттік сипаттардан табылды дейді.

Карениннің прототипіне Мәскеу Сарай Палатасының кеңесшісі, камергер, «естияр адам» Михаил Сергеевич Сухотин алынған, 1868 жылы Сухотиннің әйелі Мария Алексеевна күйеуімен ажырасып, С.А. Ладыженскийге күйеуге шыққан. Лев Толстой Мария Алексеевнаның ағасымен жақын достық қарым-қатынаста болған, осы отбасының тарихын білген.

Степан Облонскийдің прототипіне Л.Толстойдың немере қарындасына үйленген уездік басшы, артынан Мәскеу қаласының губернаторы болған Василий Степанович Перфильев алынған.

Константин Левиннің прототипіне Лев Толстой жартылай өзінің көркемдік образын жасайды, сондай-ақ, Левиннің мінез құлқына және өмір салтына қатысты туған ағасы Дмитрийдің көптеген табиғи қасиеттерін алғанын Толстой өз жазбаларында растайды.

Романды жазу барысында Лев Николаевич күнделік жазуды бір уақытқа тоқтатады, өйткені помещик Левиннің бейнесін жасауға басты назар аударады – дейді романды зерттеген толстойтанушылар. Константин Левинді шаруаларға білім қажет пе, егер оларды оқытса, білім берсе, оларға не болады деген сұрақтар мазалайды, Толстойды да осы мәселелер алаңдатқан болатын. Левиннің басынан өткерген өмірлік күйзелістер Толстойдың да өмірлік дағдарысына ұқсас.

Сонымен қатар, Левин мен Китти арасындағы оқиғалар, олардың өмірдегі қарым-қатынасы, махаббаты мен сезімдері Толстойдың өмірін жақсы білгендер «Лев Николаевич пен Софья Андреевна өмірі мен некелеріне өте ұқсас», - дейді, толстойтанушыларда зерттеулерінде романдағы көптеген эпизодтар, мысалы, Константиннің Китиге ашылуы немесе Аннаның босану кезіндегі ауыр қиналыстары, Китидің әртүрлі жеңіл мінездерден арылып, сабырлы, мейірімді, түсіністік пен кішіпейілдікті бойына жиған отбасы жарына айналуы олардың өмірінен алынғанын дәлелдейді.

Толстойдың ұлы Сергей Толстойдың айтуы бойынша романда Анна мен Вронскийдің Римде суретші Михайловтың студиясында болған кейбір сәттері, суретші И.Н.Крамскийге ұқсайды, өйткені 1873 жылдың күзінде суретші И.Н.Крамский Ясная Полянада Л.Н.Толстойдың портретін салған. Суретші дүниетанымы мен шығармашылығы, ескі көркем сурет шеберлері туралы жазушы мен суретші арасындағы әңгімелер Толстойға романға «жаңа суретшінің» қатысуымен көріністер енгізу туралы ойы туды» дейді.

Негізінде нақты оқиғалар Толстойдың шығармашылық ой қиялынан туды, сондықтанда «Анна Каренина» кейіпкерлерін олардың прототиптерімен салыстырудың қажеті жоқ. «Белгілі бір бейнені жасау үшін көптеген ұқсас адамдар бейнесі зерделеніп, жасалды», — дейді Толстойдың өзі.

Ең бастысы романда сол кездегі уақыт тынысы кейіпкерлердің санасынан гөрі олардың эмоциялары айқын көрінді. Толстой сол кездегі күрделі әлеуметтік, моральдық және отбасылық-тұрмыстық жағдайды

шынайы және көркемдік жоғары деңгейде суреттеді, автор кейіпкерлерінің бойына тікелей, жанама және жасырын түрде олардың психикалық жай-күйін, субъективті әлемін, мінез -құлқы мен ойлау жүйесін жасап, адамдардың жалпы моральдық келбетін жасады.

Ф.М.Достоевский: «Соғыс және бейбітшілікке» қарағанда «Анна Каренинада» үлкен тарихи оқиғалар жоқ [22], бірақ ол әркімге жақын тақырыптарды көтеріп, жауапсыз қалады. Толстойдың жаңа романында «адам жанының орасан зор психологиялық жылжуын көрдім» [23], - деп жазды.

Гегельдің айтуы бойынша: «Роман шын мағынасында прозамен жазылған шындықты көрсетеді» [21], бірақ Л.Н.Толстой «Анна Каренинада» «адамшылық ынтымағына айырылған» ұсақталған адамдар әлемін бейнелеген, онда жақсылық пен жамандық былығып билік құрады» деп бағалайды.

Толстойдың «Анна Каренина» романын қабылдамағандар арасында Михаил Салтыков-Щедрин мен Николай Некрасовтар болды, олар «шамадан тыс сентименталды роман және ұятсыздыққа құрылған» деп баға береді, Иван Тургенев: «Мен Толстойдың «Анна Каренинасын» оқып шықтым, күткенімдей болмады. Әрі қарай не болатынын білмеймін; бірақ әзірге - бұл сылап сипалған, ұсақ роман - тіпті (Айтуға ұят!) зеріктіріп жіберді.» (А.Ф.Онегинге 1875 жылғы 13(25) ақпанда жазған хаты, Париж).

Ал сол кездегі атақты өнер сыншысы Владимир Стасов: «Граф Лев Толстой орыс әдебиетін бұрын-соңды болмаған жоғары биікке көтерді, өйткені Пушкин мен Гогольдің өздері махаббат пен құмарлықты осынша терең және таңқалдыра шындықпен көрсетпеді, қазір Толстойдың «Анна Каренинасы» ғасырлар бойы таланттың жарқын, жарық жұлдызы болып қала береді!» -деп жазды. (В. В. Стасов, «Новое время» газеті, 1877 жыл, №433)

Толстойдың библиографиялық жинағында «Анна Каренина» романы әлем елдерінің 41 тіліне аударылып, 625 басылымы тіркелген. Романды ағылшын тіліне төрт аудармашы, ал неміс тіліне үш аудармашы аударғаны туралы да жазылған. Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясы мен «Анна Каренина» романы қазақ тіліне өткен ғасырдың ортасында аударылып ұлттық әдебиеттің қуатын, көркемдік әлеуетін көрсетті. «Анна Каренина» романының бірінші кітабы қазақ тіліне 1953 жылы, екінші кітабы 1955 жылы талантты ақын, жазушы, аудармашы Ғали Ормановтың

аударуымен тәржіміленді, өткен 2022 жылы ақын мерейтойы аясында «Анна Каренина» романы «Mazmundama» баспасынан жарық көріп, қазақ оқырманына тағы да жол тартты.

Жүз елу жылдан кейінде оқырмандар пікірі де, тартысы да қақ жарылып тиылар емес, кейбіреулер Аннаға сүйсініп, аяныш білдірсе, енді біреулер «ақымақ әйел» деп жатады, енді біреулер ғашықтық сезімдер жоғалады, махаббат жоқ десе, енді біреулер сезімдеріне адал қалып, отбасында сүйіспеншілікпен ғұмыр кешіп жатады, дегенмен «Барлық бақытты отбасылар бір-біріне ұқсайды, әрбір бақытсыз отбасы өзінше бақытсыз» деген Толстой сөзінің растығын әркім өздерінің көзімен көріп жататына ешбір күмән жоқ.

### **Федор Михайлович Достоевский**



Ф.М. Достоевский 1821 жылы Мәскеуде дәрігер отбасында дүниеге келген. Олар өте бай болмаса да, олардың үйлерінде қызметшілері болған. Анасының бауырлары Мәскеудің бай адамдарынан шыққан. Отбасында ол тек ағасы Михаилмен ғана жақын болды, ал әке-шешесі мен басқалар оны онша түсінбейтін еді. Федор ағасы Михаилмен бірге Мәскеудегі ең жақсы пансионаттардың бірінде оқиды. 1832-43 жылдары ол Санкт-Петербургтегі жоғары инженерлік-құрылыс оқу орнында оқыды. 1847 жылы Петрашевский революциялық үйірмеге қатыса бастайды. Бірақ көп ұзамай, 1849 жылы ол патшаға қастандық жасады деген айыппен қамауға алынып, Петропавл бекінісінің абақтысына қамалды.

1849 жылы 22 желтоқсанда оны патша өлім жазасына кеседі. Бірақ кейіннен үкім 4 жылға ауыр еңбекпен ауыстырылып, Сібірге Омбы түрмесіне жіберіледі.

1850-54 жылдары ауыр еңбекте, 1854-57 жылдары Семей қаласында 7-ші Сібір батальонында қатардағы жауынгер болып қызмет етеді. 1857 жылы оның барлық азаматтық және дворяндық құқықтары қайтарылады. 1859 жылы М. Д. Исаеваға үйленеді, бірақ бақытты бола алмайды.

1861 жылы оның «Қылмыскерлер» романы дүниеге келді. 1862 жылы Достоевский шетелдік сапарға аттанды: Франция, Германия, Австрия, Италия.

1866-1888 жылдар аралығында оның үлкен-кіші «Қылмыс пен жаза», «Жасөспірім», «Жынды», «Ағайынды Карамазовтар» және т.б. романдары бірінен соң бірі пайда болды. Достоевский 1872 жылдан 1881 жылға дейін «Гражданин» атты журналына редакторлық жасайды.

Достоевский 1881 жылы қайтыс болады. Оны Санкт-Петербургтегі Александр Невский лавраның Тихвин зиратына жерлеген.

Достоевский - даулы жазушы. Ол әдебиетке өмірді жақсы түсінетін, өз шығармаларында өтірік пен екіжүзділік, рухани және материалдық надандықты тудыратын бейсаналық туралы ождансыздықты ашатын данышпан ретінде кіріп келді. Ол өз жұмысында әрқашан адам және оның кемелдігі туралы сұрақтар қойып, оларды шешуге тырысқан.

Достоевскийдің туындыларының кейіпкерлері басқаларға ұқсамайды. Оның кейіпкерлері кедейлік, азап, бүлік туралы аз сөйлейді. Оларды басқа мәселелер қызықтырды. Достоевский екі түрлі тақырыпқа қарсы болған жазушы: адамның өзі бағалайтын ортаға қарау құқығы және сол адамның осы ортаға бағынуы.

Бұл екі ұғым құқықты заңсыздықтан ажырата ала ма? Достоевский кез-келген адамды толғандыратын адам жанындағы ең нәзік, терең ойларды, оның қара түстердегі сезімдерін сипаттайды, сондықтан оның шығармаларымен алғаш танысқан оқырман оларды оңай сіңіре алмайды.

Достоевскийдің тағы бір басты аспектісі-қазіргі заманғы трансформациялардың жеке тұлғаны тануға, рухани кедейленуге және осы тұлғаның отбасына, қоғамға, саясатқа, экономикаға әсерін одан әрі асыра көрсетуге деген ұмтылысы.

### **«Қылмыс және жаза»**

Романды талдау, түсіндіру оншалықты күрделі емес, өйткені оқиғалар оқырманның көз алдында дамиды және көлемі кеңейе түседі.

Романның негізі болып Радион Раскольниковтың «жұмысы» қызмет жасайды. Романда Раскольниковтың қылмысы мен жазасы туралы мағлұматтар тамаша баяндалады. Оқырман Раскольниковтың бейнесімен

танысқан кезде, ол күшті адам туралы ой оны қылмысқа итермелегенін түсінеді.

Романда кейіпкерлер арасындағы байланыс үздіксіз болады, осылайша бұл байланыстар шығарманың сюжетін қиындатады және олардың мәселелерін тереңдетеді.

Романның екі басты кейіпкері: Родион Раскольников пен Соня Мармеладова - бір-бірінің ішкі әлемін жарықтандыру үшін қажет кейіпкерлер.

Достоевский алашқыда романның басында сюжетті тар алған болатын: мұнда бір студент сүтқор кемпірді өлтіріп, оның бар байлығын иемденді, сөйтіп анасының, әпкесінің және өзінің қарыздарын төлеп, шетелге кетіп бейбіт өмір сүру туралы идеясын жарыққа шығарғысы келді, бірақ Раскольниковқа Соняны жанама образ ретінде ұсынғаннан кейін оның артынан бірқатар образдар кіріп келді. Бұлар үлкен бір қаланың кедей шаруа адамдары, яғни қоғамның ең төменгі санатының өкілдері еді. Бұл бейнелер романда кездесетін барлық қиындықтары туралы, сондай-ақ Раскольников жүзеге асыра алмаған идеялар туралы жарқын және нақты түсінік береді.

«Қылмыс пен жаза» романында әлеуметтік, психологиялық, философиялық мәселелер бір-біріне үйлесімді түрде топтастырылған.

### **«Ақымақ» (Идиот)**

«Ақымақ» романында қоғам кейіпкердің үстінен үкім шығармайды, соттамайды, керісінше шығарма қаһарманы қоғамға үкім шығарады. Романның негізінде кейіпкердің жұмысы емес, кейіпкердің басып өткен өмірі мен оның күйбелең тіршілігі жатыр. Кейіпкер өзін ешқашан биікке көтеруге тырыспайды, дегенмен ол өзінің білімімен, ішкі әлемімен, сондай-ақ парасаттылығымен басқалардан жоғары тұрады. Туындыда алдын ала анықтап қойған оқиғалардың соңы жоқ.

Мышкин өзінің мейірімділігіне байланысты өмірдің осы ағымында өз орнын таба алмай, қайтадан келген жеріне оралады (ол Швейцария ауруханасында емделді).

Мышкин – илаһи махаббаттың жиынтығы, сүйіспеншіліктің көрінісі. Мұндай махаббат қарапайым адамдарға түсініксіз, өйткені ол өте үлкен және керемет.

Автор кейіпкерді заманауи пікірталастарға тартады, бірақ князь Мышкин өз идеясна қарама-қарсы идеяларға мүлдем бей-жай қарайды. Мышкин Ресейдегі өмірді, логиканы мүлдем түсіне алмайды. Жақсылық жасауға тырысады, ал нәтиже зұлымдыққа айналады. Романның негізгі мазмұны-Реформация кезінде қоғамдағы қақтығыстардың күшеюі, адамдар арасындағы сүйіспеншіліктің арманға айналуы. Романды екінші сюжеттің мән-жайына емес, оның жалпы мазмұнына қарай бағалау қажет. Романда көтерілген басты мәселе - адам өз бетімен жұмыс істеп, дамуы керек. Бұл барлық ұрпақтардың алдында тұрған мәңгілік мәселе және тарихтың басты сынағы болып қала береді.

### **Жапа шеккендер мен қорлық көргендердің жыршысы**

Ол бір ұлы талант — күн сияқты — әлемге ортақ. Ол өзін туғызған ұлттық меншігінде қалмай, барша халықтың қазынасына айналады. Федор Михайлович Достоевский сондай талант иесі. Оның туғанына жүз елу жыл толған ұлы мерекесін бүкіл дүние жүзі халықтары асқан құрметпен атап жатқаны да соның айғағы. Әрине, күн ортақ, ай ортақ; озық ой ортақ, биік талант ортақ. Әйтсе де әр ұлы перзент өз халқына жақынырақ. Сонымен қоса, қайсыбір ірі тұлғалардың өмірлеріне өшпестей із қалдырған екінші мекені екінші жұрты болады. Ұлы Байрон үшін Греция, Лермонтов үшін Кавказ өмір сапарын түгесіп оққа ұшқан, топырақ тартқан қаралы жер ғана емес, екі алыптың өз таланттарына от берген екінші бір рухани отаны сияқты. Украин перзенті Тарас Шевченко өмірдің ең ауыр тақсиретін тартқан шер-шеменді жылдарын қазақ даласында өткізді, қазақ халқы ұлы кобзарьдың есімін қалайша ардақтағаны барша жұртқа аян. Бауырлас халықтардың бетке ұстар азаматтарын алаламай, аңдусыз құрметтейтін абзал салтымыз бар. Бірақ солардың ішінде, жоғарыда аталғандардай, тағдыр жолы әкеліп табыстырған адамдар сол елге ерекше ыстық, бір табан жақын болатыны даусыз. Қазақ халқы үшін дәл сондай ыстық, тонның ішкі бауындай адам Федор Михайлович Достоевский.

«Өлі үйі» аталған Омбының тар қапас түрмесінен шыққаннан кейін Достоевский Семейге келді. Онда патша заманындағы солдаттың қызметтің бар тақсиретін тартты. Одан кіші офицер дәрежесіне көтерілді. Бірақ Семей Достоевский үшін ауыр қызмет орны, азап мекені ғана болған жоқ. Түңілдірген жаман аурудан кейін беті бері қараған адамдай — ол өз өмірінің бірден-бір берік мақсатына — ұзақ жыл қол үзіп кеткен жазушылық еңбегіне



қайтып оралды. «Степанчиково селосы мен оның тұрғындары», «Ағайдың түсі» сияқты кейін әлемге әйгілі болған шығармаларын жазды. «Өлі үйіндегі жазылған жайттар» атты кітабының негізін де осы Семейде қағазға түсірген болатын. Бұл кітаптың ұлы жазушы творчествосындағы орны ерекше. Жазушы бұл шығармасында Омбының тар қапас түрмесіне «Өлі үй» деген ат қойып, патша түрмесінің бар шындығын, ондағы бақытсыз жандардың аянышты халін, әділетсіз, қатігез сергелдеңге салған қоғамнан, қауымнан алыстап, адам санатынан шығарып тастаған тірі өліктердің не бір қилы тағдырларын, олардың естен кетпес характерлерін қанын сорғалатып, ыстықты күйінде жеткізген.

Осы Семей қаласында жазушы жүрегінде үлкен сезім тұтанып, талай сергелдеңнен өтіп барып, тұңғыш рет жар сүйді. Он тоғызыншы ғасырдың қыркыншы жылдарында «Бейшаралар» романымен Ресейдің көзі ашық оқушы қауымының жүрегін тебіrentіп, бірден жарқырап шыққан жас жазушы, «Ұлы Гогольдің мұрагері» атанып, озық қауымды үміткер еткен жазушы Петрашевский басқарған үйірмеге қатысқаны үшін өлім жазасына бұйырылды. Одан өлім жазасы каторгаға ауыстырылып, ол кездегі қиян шет қараңғы түкпір Омбы түрмесіне келіп түсті де суға батқан тастай үні шықпай жоқ боп кетті. Жарқ етіп сөнген таланттар аз ба! Оны өз елі ұмыта бастағанды. Міне сол кезде, Семей қаласында бұрынғы сөнген шырақ қайта тұтанды. Көрмегенін көріп, өмірдің ең қатал талқысынан шынығып, қайта түлеген Достоевский біздің қазақ топырағында жүргенде жазуын бастады. Өмірінің осы бір үлкен асуын, айрықша межесін жазушы еш уақытта да ұмытпай, есінде сақтап өткен болар деп ойлаймын. Ал, бүгінгі біз болсақ өз топырағымыздың Достоевский талантының қайта тұтануына куә болғанын мақтаныш етеміз. Әрине, Достоевскийді бізге ерекше жақын етіп тұрған оның біраз жылдық өмірінің Қазақстан жерінде өтуі ғана емес. Басынан-ақ ғаріп пенен ғасірдің жапа шеккендер мен қорлық көрген, зар кешкендердің жыршысы һәм жоқшысы болған жазушы патша отаршыларының тепкісіндегі қазақ халқының мұң-мұқтажын да жүрегімен сезді. Халық бойындағы таланттың қайнар бұлағын бітеп тұрған қараңғылықты да көре білді. Және сол қайнар бұлақтың ыршып атқан жалғыз сызат көзін де аңғарды. Оған таңырқады да, шын жүрегімен сүйсінді де.

**Достоевский үшін қараңғы далада жалғыз шырақ боп жылтырап Шоқан көрінді.**

Достоевский мен Шоқанның достығы... Бұл бір жағынан тарихқа белгілі талай-талай ірі азаматтардың достығына ұқсас та, екінші жағынан оларға ұқсамайтын, оқшау, ғажайып достық. Тағдыр Шоқан мен Достоевскийді ұзақ жылдар қатар жүргізіп, бір-біріне сыралғы қылып біте қайнастырған жоқ. Әуел баста, жаңылмасам, жалғыз рет Омбыда, содан кейін Семейде бірнеше мәрте, соңында Петербургте үзіп-жұлып қысқа кездесіп жүрді. Бірақ бір көргеннен өшпестей ғашық болған жырдағы жастардай — бұлар да алғашқы танысқаннан-ақ бір-біріне ықыласы қатты құлаған жандар. Алғашқы әсер, алғашқы сезім екеуін де алдамаған. Ұшырасқан сайын екеуінің бір-біріне деген достық пейілі, жақындық сезімі арта түскен. Ал, кездесу аралықтарындағы екеуінің бір-біріне жазған хаттары қандай! Сол сарғайған хат-қағаздар екі ер-азаматтың арасындағы айнымас достықты, айрықша бір пейілдестікті паш еткен жоқ па!? Тіпті мәдениеті биік адамдардың сезімін білдіруге қымсынып әзіл-оспаққа саятын жеңіл қалжыңында қанша жылылық, іштен тепсінген ықылас-мейір жатыр.

Бірақ Достоевский кейде өз сезімін ашық айтуға ұялмайды. «Неге екенін білмеймін, мен сені туған інімнен артық көремін», — дейді Шоқанға жазған бір хатында. Адам жанының ең терең де нәзік зерттеушісі өз сезіміне түсіне алмай қалыпты. «Неге екенін білмеймін...» Құдіретті сезім шынында да «Неге екенін» білгізбейді. Ойлап-толғауға, есепке салып өлшеуге келтірмей, топан суындай өн бойынды басып кетеді. Соған қарағанда Достоевский мен Шоқан достығы — ой-пікірдің қабысуы, білім дәрежесінің теңдестігі, талғам табысуы ғана емес, әлдеқайда тереңде, рухани, адамгершілік тереңінде жатқан бір үндестік болу керек.

Кешегі кер замандағы түнек торлаған аспанында жарқ етіп сөнген жұлдызы, қыршын кеткен аяулы ғазиз жасы Шоқанның ең жақын досын қазақ халқы қалай құрмет тұтып қастерлемесін. Достоевскийдің көркем сөздегі данышпандығына барша халықтармен бірге құлдық ұра отырып, оны ерекше іні тартатын себептеріміздің тағы да бірі...

Оны басынан айталық. Он тоғызыншы ғасыр орыс әдебиеті үшін алтын ғасыр болғаны мәлім. Ескінің соңы Карамзин, Жуковский, жаңа дәуірдің басы Пушкин, Лермонтов, Гоголь. Одан әрі орыс әдебиетін алып арнаға салып кеңітіп әкеткен Тургенев, Толстой, Некрасов, Чеховтер жиырмасыншы ғасырдың басындағы Максим Горькийге ұласады. Осы суреткерлердің әрқайсысы бір дәуір, әдебиеттегі асқар белес. Міне осы алыптардың жуан

ортасында Федор Достоевский тұр. Және осы күнге дейін дүние жүзі жазушылары еліктеуден, қызықтаудан танбайтын ғажайып құбылыс күйінде тұр.

Достоевский өзінің бір сөзінде: «Біз бәріміз де Гогольдің «Шинелінен шықтық», — деп еді. Осы сөздің екі алуан мағынасы бар сияқты. Біріншіден, Пушкинді жалғаған Гогольден орыс прозасының тамаша реалистік мектебі басталады. Орыс әдебиетінің кейінгі түлектері сол мектепті жедел дамытып, сыншыл реализмді шыңына жеткізді.

Ал, екіншіден десек, — Достоевский Гогольдің өзге шығармаларын қойып, «Шинельді» бекерге атап отырған жоқ. «Шинель» — Гоголь творчествосындағы оқшау тұрған жаңашыл шығарма. Батырлық, ерлікке толы «Тарас Бульбаны» жазған Гоголь «Шинельде» көзге ілінбейтін, елеусіз қалған кішкене, жұпыны пенденің тіршілігіне көз жүгіртті. Мүсәпір адамды шығарманың басты кейіпкері етіп шығарудан қорықпады. Бұл әдебиеттің қарапайым халыққа, көптің бірі атанған бейнетқорға бет бұруы, демократиялануының басы еді.

Гогольдің «шинелін» киіп», оның осы дәстүрін суытпай жалғап әкеткен Достоевский болды. Жазушының алғаш рет атын әйгілі еткен «Бейшаралар» («Бедные люди») романындағы Макар Деушкин «Шинельдегі» Акакий Акакиевичпен сыбайлас. Тағдырлары, қоғамдық жағдайлары жақын осы екі кейіпкер арасында айырма да жоқ емес. Достоевский Гоголь бастаған «кішкентай адам» тақырыбын әрі қарай дамытып әкетті. Бірақ «Шинельдегідей» кішкентай адамдардың аянышты халін мүсіркеп қана қоймай, олардың ішінде тұнып жатқан жан қазынасын, үлкен рухани қуатын, адамгершілік бұлағын аша білді.

Достоевскийдің осы қасиеті жайлы ойлағанда Абайдың бір өлеңі еріксіз есіме келеді.

Батырды айтсам, ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап.  
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін  
Тындар ердің бір сөзін мыңға балап.

Абайдың ойы Достоевскийдің жазушылық идеясымен үндесін жатыр. Салтыков пен Толстойды оқыған Абай сөз жоқ Достоевскийді де оқыған деп ойлаймыз. Болашақ ұлы жазушы Омбыдан Семейге келгенде Абай он төрт жасар шамасында о да Семейде Ахмет Ырзаның медресесінде оқып жүрген

кезі. Со кезде-ақ жан-жағын бағдарлай бастаған болашақ ұлы ақын Достоевскиймен және қапысын тапса оған соқпай кетпейтін Шоқанмен кездесе алды ма, жоқ па?.. Ол жайлы бізде тарихи деректер жоқ.

Бірақ гәп онда емес сияқты. Жазушының бар өмірі, халыққа берері шығармасы десек — екі ұлы ойшылдың шығармаларынан тамырласып жатқан үндестік табамыз. Абай алысқан күштілер мен жуандардың әлсізге жасаған озбырлығы мен қиянатына қарсы Достоевский де алысып өтті. Қазақтың ұлы ақыны да орыстың осы ұлы жазушысы сияқты кем-кетік пен көңілдің жебеушісі болды.

Достоевскийдің жазушылық өнері жайлы дүние жүзінде талай жүз кітап жазылған. Бірақ барлық эстетикалық ләззатты, жан-жүрегінді от пен суға салып тыпыршытатын әсер мен сезім мұхитын жазушының өз шығармалары ғана береді. Жастау кезімде «Қылмыс пен жазаны» оқып шығып біраз күн қиналғаным бар. Ұйықтап кетсем Раскольников сияқты кісі өлтіріп, қалай жалтарып құтылудың амалын таппай қиналам... Әрине, кейбір қорқынышты нәрселер түске кіретіні болады. Бірақ кісі өлтірген оқиғаның бәрі жұрттың түсіне кіре бермейді. Қазіргі батыстың қып-қызыл қырғын атыс пен кісі өліміне толы романдары мен кинолары да пәлендей әсер етпей ұмыт боп кете береді. Достоевскийдің күші адамды өлтіру процесін суреттеуінде емес, Раскольниковты қинаған әр күйзелісін сұмдық терең және өткір етіп бере білуінде болса керек. Оқушының түсіне кіретін де сол күйзеліс болар.

Достоевский шығармалары, оның философиясы жайлы дүние жүзі жүз жыл бойы жазып, айтысып келеді. Ол айтыс әлі тоқтаған да жоқ. Демек Достоевский шығармаларының ыстығы әлі суымаған. Жоғарыдағы аталған «Қылмыс пен жаза» романында жазушы Раскольников образы, Раскольников тағдыры арқылы озбырлық пен өктемдікке, адамның адамға үстемдік құруына күйрете соққы береді. Раскольниковтың кемпірді өлтіруі өзін өлтірумен тең боп шығады. Сол арқылы ол өз бойындағы адамгершілікті өлтіреді. Өзгелер үшін өзін құрбан етіп, басып қорлыққа байлаған Соня Мармеладованың идеологиясы жеңіп шығады. Әрине, Достоевский геройларының жеңісі шығарманың бетінде емес, тереңінде. Өйткені ол іс-харекет жеңісі емес, адамгершіліктің, гуманизмнің жеңісі. Ұлы таланттың қолынан аталғандардан басқа да «Егілгендер мен езілгендер», «Ағайынды Қарамазовтар», «Жындар», «Жас өспірім» т. б. әйгілі шығармалар туды.

Жазушы шығармаларының бізді әлі күнге дейін тебірентіп, толқытатын негізгі бір арқауы — мейірім. Оның адам баласына деген мейірбандығында шек жоқ. Осы өлшеусіз, кейде тіпті, талғаусыз мейірбандық оны әділетсіз қоғамды революциялық жолмен өзгертуге қарсы болуға дейін апарғаны мәлім. Достоевский көзқарасындағы қайшылықтар оның өз басының меншігі болса, Достоевский шығармаларындағы тамаша қазыналар халықтікі. Ұлы гуманист дүниенің барлық ыстығы мен суығын, аязы мен ызғарын буы бұрқыраған жалаңаш жүрегімен қабылдады. Адам баласының бар қасіреті сол мейірбанды ұлы жүрекке қылқандай қадалып жатты. Осы арада тағы да: «Жүрегім менің қырық жамау, қиянатшыл дүниеден» деген Абай зары еріксіз есіңе түседі.

Кешегі қазақ халқының көңілі ашық болса да көзі қараңғы заманында Достоевский Шоқанға «өз халқыңның көзі ашық жоқшысы бол» деп мәслихат беріп еді. Ол тегін айтылған сөз емес-ті. Ұлы жазушының өзі де жапа шеккендер мен қорлыққа түскендердің, кем-кетік пен қам көңілдің айнымас жоқшысы болып өтті. Оның өлмес мұрасы әлі күнге дейін адамгершілік пен гуманизмнің жарқын туын биік көтеріп, озбырлық пен өктемдікке, қиянат пен жалғандыққа қарсы күрес сапында келеді.

### **Тірек ұғымдар:**

**Реализм** - Өнер мен әдебиет дамуына қатысты уақыт жағынан алғанда, романтизмнен кейін пайда болған көркемдік әдіс – реализм. Әдіс атауының өзі кейінгі латын тілінде «заттың, шынайы» деген мағына беретін «*realis*» сөзінен алынған.

**Стиль** - «Стиль» деген ұғым әдебиеттануда да, тіл білімінде де кездеседі. Әдебиеттануда стиль-жазу машығы, жазушының, жеке шығарманың, әдеби бағыттың образдар жүйесінің тұрақты жиынтығы.

**Символизм** - XIX ғ. Соңы мен XX ғ. Басында Еуропада кейіннен басқа елдердің әдебиеті мен өнерінде өріс алған модернистік көркем-әдеби бағыт.

**Түр** - Әдеби түрлерді алғаш рет Аристотель теориялық тұрғыдан қалыптастырды. Дәлел ретінде бір ғана «драма» сөзінің тек, түр, жанр ретінде қатар қолданыла беретінін әрбір әдеби тектің өзіне тән әдеби түрлері бар. Мысалы, эпостық негізгі түрлеріне-эпопея, роман, повесть, әңгіме, поэма, лирикаға-лирикалық өлең, лирикалық поэма, жыр драмаға-трагедия, драма, комедия жатады.

**Жанр** - «Жанр» сөзі француз тілінен аударғанда «тек» деген мағынаны береді. Қазіргі күнде тек бұрынғы кезеңдерде жанр деп атаған. Бұдан біз байқаймыз «жанр» ұғымының «түр» ұғымымен біршама мәндес екендігін байқалады. Жанрлардың өзара ұштасу үрдісі әдебиеттің жаңару кезеңінде ерекше байқалады. Мәселен, XIX ғасырда орыс реализмінің қалыптасып, гүлдену тұсында А.С.Пушкин қалыптан тыс жаңа жанр үлгісін-өлеңмен жазылған романды (Евгений Онегин) жасады. «Жанр» термині кейде әдеби түр терминімен бірдей қолданылып «түр» ретінде шығармалардың ең ірі топтары аталады; бірақ керісінше қолдану да кездеседі. Мысалы, роман-жанр, тарихи роман-түр.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Бірінші орыс мемлекеті «Киев Русі» біздің заманымыздың нешінші ғасырында пайда болды?
2. Орыс халқының ауыз әдебиеті үлгілері жайлы баяндама жаса.
3. А.С. Пушкин шығармаларының өзіндік ерекшелігі неде?
4. А.С.Пушкин қалыптан тыс жаңа жанр үлгісін-өлеңмен жазылған романын ата.
5. Л. Н. Толстой шығармаларының тақырыбы.
6. Лев Толстой «Анна Каренина» романын жазуды қашан бастайды?
7. Гоголь 1840-1842 жылдары Римде қай поэмасын жазып бітіреді?
